


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫң БІЛІМ ЖӘНЕ
ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАРАГАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

З.М. Смағұлов, И.Д. Арыстан, Т.К. Исабек

Тау-кен технологиясының негіздері



Қараганды
2003

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТЕ

З.М. Смағұлов, И.Д. Арыстан, Т.К. Исабек

Тау-кен технологиясының негіздері

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі жоғары оку

орындарының студенттеріне оқулық ретінде ұсынады

Қарағанды
2003

Смағұлов З.М., Арыстан И.Д., Исабек Т.К. Тау-кен технологиясының негіздері: Оқулық. Қарағанды: ҚарМТУ, 2003. 145 б.

Қазіргі кезде, студенттерді мамандықтары бойынша мемлекеттік тіл - казақ тілінде дайындау іске асып жатыр. Сондыктан, студенттерге ұсынылатын пәндердің бәрі қазақ тілінде оқылуға тиісті. Бірақ өкінішке орай, мұндай арнайы оқулыктар және оку құралдары әлі өте аз, тіпті жокқа тән деп айтуда болады. Оқулық «Тау-кен технологиясының негіздері» қазақ тілінде жазылып, тақталы пайдалы қазбаны алу технологиясына арналған. Авторлар, бұл оқулықты Я.Э.Некрасовский мен О.В.Колоколовтың «Основы технологии горного производства» оқулығына сүйене отырып жазған.

«Тау-кен технологиясының негіздері» оқулығы 19.03.40 «Пайдалы кен орындарын жерасты әдісімен қазып өндіру кафедрасының профессоры, техника ғылымдарының докторы», 19.04.40 «Жерасты және шақтылар құрылышы», тағы басқа тау-кен ісімен байланысты мамандықтарының студенттеріне және оқытуға дайындалып жүрген оқытушылар үшін маңызы бар.

Пікір жазғандар:

Әуезов Т.М. - О. Байқоныров атындағы Жезқазған университетінің пайдалы кен орындарын жерасты қазып өндіру кафедрасының профессоры, техника ғылымдарының докторы.

Баязитов Н. – К. И. Сатпаев атындағы Қазак ұлттық университетінің пайдалы кен орындарын жерасты қазып өндіру кафедрасының профессоры, техника ғылымдарының кандидаты.

Беркәлиев Б. Т. – Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің пайдалы кен орындарын жерасты қазып өндіру кафедрасының профессоры, техника ғылымдарының докторы.

Тутанов С.К. – Редакциялық – баспалық кеңесінің мүшесі, Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің профессоры, техника ғылымдарының докторы.

Университеттің ғылыми кеңесі оқулық ретінде бекіткен.

КІРІСПЕ

Дүние жүзінде көмірдің жалпы коры 15 триллион тонна шамасында бағаланады. ТМД мемлекеттерінің үлесі – 5600 миллиард тонна (Ресейдін ең ірі Тұңғызы, Лена, Таймыр үш көмір бассейндерінде ғана – 3700), АҚШ-та - 3600, Қытайда – 1465, Австралияда – 783, Канадада – 582, Германияда – 300, Оңтүстік Африка Республикасында – 206, Ұлыбританияда – 189. Алдын ала барланған көмір коры саны: ТМД мемлекеттерінде – 380, АҚШ-та – 429, Оңтүстік Африка Республикасында – 112, Германияда – 99, Австралияда – 91, Канадада – 50, Ұлыбританияда – 45 миллиард тонна.

Әлемдегі көмір өндірісі жағдайына қарасақ, бүгінгі күні дүние жүзінде жылына 3,5 миллиард тонна көмір өндіріледі. Ең көп көмір өндіретін мемлекет Қытай – 1,2 миллиард тонна (әлемдік үлесі 33-35%), екінші орында АҚШ – 1,0 миллиард тонна шамасында (28%). 2010 жылға қарай көмірдің үлесі одан сайын өседі деген болжам бар. Қытай көмір өндірісін 2,0-2,2 миллиард тоннаға дейін жеткізбек ойда, ал АҚШ 1990 жылмен салыстырғанда өндірісін 20 пайызға жоғарылатуға тиісті. Халықаралық энергетика агенттігінің болжамы бойынша катты энерготасушылар (көмір) үлесі көзіргі күнгі 56 пайызбен салыстырғанда, 2010 жылы 58 пайызга дейін өседі. Әлем бойынша көмір сату көлемі 1992 жылғы 403 миллион тонна болса, 2010 жылы 850 миллион тоннаға дейін өседі. Мысалы, Австралияның көмір экспортты 1992 жылы 131 миллион тонна болса, 2010 жылы 250 миллион тонна болады. АҚШ-тік 63,3 миллионнан 138 миллион тоннаға өседі. Агенттік болжамына сәйкес 2020 жылы дүние жүзінде көмір тұтыну көлемі 7,0 миллиард тоннадан асады. Корытып айтқанда көмірдің қажеттілігі келешекте әлі де басым екенін осыдан толық байқаймыз.

Қазақстан бүкіл қазба байлықтарының коры жағынан әлемде біші орын алады. Қөптеген деректерге сүйенсек вольфрам, ванадий, уран, барит қорларынан әлемде бірінші, хромит, күміс, корғасын мен мырыштан екінші, темір рудасынан жетінші, қалайы мен никелден сегізінші орындарда тұрмыз. Барит пен хромиттің үштен бірі, уранның төрттен бірі, темір рудасының тоғыздан бірі біздін өлкеде жатыр. Мысалы, Қостанай – Торғай темір рудасының жалпы коры 20 миллиард тоннадан асады, бұл бүкіл Европа сеніп отырған Эльзас пен Лотарингия корынан үш есе, ал АҚШ аумағындағы темір рудасынан 1,5 есе асып түседі. Қазақстандағы жерасты қазба байлықтарының жалпы бағасы 10 триллион доллардан асады. Жақын уақытта Қазақстан мұнай мен газдан да әлемде көрнекті орын алады деген сенім бар. 2000 жылғы Ресей газеттерінде әлемдегі мұнайға бай елдердің болжамды үлес салмағы есептелгенде Қазақстанда 31-35 миллиард, Сауд Арабиясында – 27 миллиард, Кувейт пен Иранда - 15 миллиард, Ресейде - 14 миллиард тонна деген

дерек келтірілді.

Соңғы кезде мұнай мен газ алынуына көп көңіл аударылып, өнеркәсіптің негізгі отыны, химиялық шикізат болып танылған көмір шеттен тыс болуда. Қазақстан көмірдің коры жағынан әлемде тоғызыншы орын алады. Біздегі ең ірі көмір ошактары – Қарағанды тас көмір бассейні, Екібастұз көмір орны. Бұған толыктырып айтсақ, тағы Торғай – Обаған, Майқөбе, Бершүгір, Күшокы, Шұбарқөл, Ойкарагай, Қалжат коныр көмір бассейндері бар. Қазақстан жерінде барлығы 300-ге таяу көмір кен орыны белгілі, олардың жалпы геологиялық коры 170 миллиард тоннадан асады. Қарағандының тас көмірі шойын корытуға қажет кокс береді, сондыктан ең сапалы көмір деп саналады. Оның жалпы болжамды коры әртүрлі деректер бойынша 30-40 (кейбір деректерде 52) миллиард тонна, ал накты алуға болатын өнеркәсіптік коры 10-15 миллиард тонна маңайында деп саналады [1].

Халық шаруашылығының дамуы мен өсуі көбінесе тау-кен өндірісіне байланысты, себебі одан шықкан өнімдер басқа саладағы өндірістерге – металлургия, химия, жылу электрстанцияларында, құрылыштарда және тағы басқа өндіріс кәсіп салаларына шикізат базасы болып саналады. Ал, оның ішінде жылу-энергетика комплексінде көмірдің алатын орны өте зор да, әрі ерекше. Көмірдің сала жағынан ең күнды түрлері (кокс, антрацит) жер астында орналаскан. Сондыктан жер астындағы көмір алу технологиясын жетілдіруде, пайдалы кен корларын дұрыс пайдалануда, жерастылық жұмыстардың қаруінде жүргізуіне өте зор мән берілуі керек. Тау-кен жұмыстары терендеген сайын, ашу горизонттары көбейген сайын жер астындағы пайдалы қазбаны алу киындаі береді. Газ шығымы көбейеді, тосыннан газ, көмір атылу қаруінде туды, шакты ауасының жылуы жоғарылайды. Осылан байланысты кеншілердің еңбек жағдайларын жақсарту, еңбек өнімін көтеру, қаруіндең көрсеткіштерін сақтау, шықкан өнімнің күнын азайту және т.б. талаптар туды. Бұл талаптарды шешу үшін, пайдалы қазбаны ашу, дайындау, кен қазу жүйесін таңдау жөнө өндіріс процестерін механикаландыру жағдайы бәрі бір тұтас каралуы керек.

Казіргі көмір шактылары толық механикаландырылған, автоматтандырылған. Сондыктан тау-кен инженері өте жоғары білімді, әр саладан мағлұматы бар маман болуы керек. Тау-кен инженері шактының жобасын жасау және оны салуды, керекті есептеуді ЕЭМ арқылы жүргізуі, тазалау кенжарларының тиімді параметрлерін табуды, шакты алабын дайындауды, механикаландыру жабдықтарын сөрелеуін білу қажет.

I ПАЙДАЛЫ КЕҢ ОРЫНДАРЫ МЕН ОНЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН БӨЛІКТЕРІН АШУ ЖӘНЕ ДАЯРЛАУ

1.1 Табиғи көмір құрылымы және оның қасиеттері

Көмір дегеніміз - өсімдіктерден (немесе карапайым планктонды жәндіктер мен өсімдіктер қалдықтарынан) жаратылып, минералдармен арасынан қатты жаңғыш жыныстар. Өндірісте, көмір энергетикалық отын немесе технологиялық шикізаттар ретінде пайдаланылады.

Тас көмір көбінесе жер бетіндегі және сулы жердегі өсімдіктердің солып қурап қалған қалдықтарынан, су басқан жерлерде, оттегінен оқшауландырылған жағдайда пайда болған. Көмірдің пайда болу процесі екі фазадан тұрады: бірінші (биохимиялық) фазасында - солған өсімдіктер торфка, не болмаса жер түстес коныр көмірге айналады. Процестер көбінесе көзге көрінбейтін микроорганизмдер әрекетімен тездетіледі. Қызу мен қысым деңгейі тотықтану аймағының жақындығына байланысты болады; екінші (геомеханикалық) фазасында - көмір тығыз коныр түрінен антрацитке дейін өзгереді. Осындағы өзгерістің негізгі себебі - шөгінділердің жер астына терендеген сайын ұзак үақыт күрт өсетін қысым мен жылу ықпалында болуы. Тас көмір көбінесе жылтыраған және көмескі тілімдерден тұрады. Жылтырауық тілімдер (*витринит*) - ағаш клеткаларына үқсас болады, ал көмескілері (*аурит*) – алғашқыларға үқсамайды.

Көмірдің техникалық өндеуіне көп әсер ететін факторға - петрографиялық құрылымымен катар, көмірді ауасыз қыздырығандагы, женіл заттардың газ немесе бу болып шығатындық қасиеті жатады.

Көмір, маркасына байланысты, женіл заттардың сусыз және құлсіз массасына қарай мынандай түрлерге бөлінеді:

- 1) ұзын жалынды көмірде – 40 %;
- 2) газды жалынды көмірде – 40÷35 %;
- 3) газды көмірде – 35÷28 %;
- 4) майлы көмірде – 28÷19 %;
- 5) булы көмірде – 19÷14 %;
- 6) азғын көмірде – 14÷10 %;
- 7) антрацитте – 10 %.

Көмірлену қарқыны ұлғайған сайын женіл заттардың құралымы азая бастайды. Сонымен катар көмірдің сусыз және құлсіз массасына қарай жану кезіндегі жылуы - 31,2 мДж/кг мөлшерден (газды жалынды көмірлерде), 33,6 мДж/кг дейін (антрацитта) өссе бастайды.

Көмірдің әрі қарайғы өзгеріс сатысына оның топтастыруға *біріктілігі* және *коксқа айналуы* жатады. Біріктірілмейтін көмірді коксқа айналдырығанда үнтакқа үқсас масса пайда болады. Ал жақсы біріктірілетін көмір қатты және өте мықты кокс береді.

Көмірдін химиялық құрамы көміртегі қосындысының көптігінен осы осы уақытқа дейін толық анықталған жок.

Көптеңген химия-технологиялық процестерге әсер етуші көмірдің өзгеру қасиеті. Бұған тек химиялық құрамы ғана емес сол сиякты оның физикалық қасиеттері де әсер етеді. Жылу арқылы өндөудегі көмірдің жылдыту қасиеттері қатарына - өздігінен жылынуы, жылу өткізгіштігі және жану кезіндегі жылуы жатады.


Көмірді өңдеу алдында жүргізілетін байыту процесінде бірінші көмірдің механикалық қасиеті – тығыздықка беріктілігін білу қажет. Тас көмір тығыздығының азауы оларды өңдеу қарқынының бәсендешеуіне тікелей байланысты. Тас көмір ішіндегі аса манызды орынды бас қуыс жүйелері құрайды. Олардың қатарына *кеуектілік* пен *өткізгіштік* жатады.

1.2 Тау кен жұмыстары туралы ұғым

Кен жыныстары бір, немесе, бірнеше минерал түйіршіктерінен тұратын бірtekті құрамды денелер.

Кен жыныстары *негізгі* және *үйінді* болып бөлінеді (1.1-сурет). Бастанкы жарапған жерінде жатқан жыныстарды *негізгі* деп атайды. *Үйінді* негізгі жыныстардың уатылуы, жекелеген бөлшектердің орнында қалуы нәтижесінде пайда болатын, борпылдақ заттардан күралған жыныстарды жатқызады. Уатылған жыныстар жерүсті күбылыстары (су, жел, мұз) әсерімен көшіріледі. Үйінді жыныстар қалындығы 0 ден 500 метрге дейін өзгереді.

1.1 - сурет. Көмір қазындысы геологиялық құрылымының кимасы: 1 - өсімдік кабаты; 2 - күм; 3 - лай; 4 - лайлы жанартас; 5 - известняк; 6 - күм-лайлы жанартас; 7 - көмір тактасы; 8 - күмды жанартас; 9 - көмір кабыршағы; 10 - күмтас



Жаратылышы бойынша негізгі жыныстар актарылған *магмалық*, *шөгінді* және *метаморфтық* болып бөлінеді.

Экономикалық тиімділікпен пайдалынылатын табиғи минерал заттарды (көмір, асыл тастар, ас тұзы, мұнай, газ және т.б.) - *пайдалы қазындылар (кен)* деп атайды.

Пайдалы қазындылар арасында орналасатын жыныстарды *бос жыныстар* деп атайды.

Жер койнауы қыртысының кез келген бөлігінде табиғи қалыптасқан пайдалы қазбалардың қазып алынуы экономикалық


түрғыдан тиімді болса, онда осындай құрылым пайдалы кен орны деп аталады.

Пайдалы кен орындары дұрыс орналаскан (такта, линза) және дұрыс орналаспаған (ұя, желі, шток) деп екі топқа бөлінеді.

Көмір тактасы – дегеніміз, жер астында біраз жерді алып жаткан, екі жағынан параллельді беткеймен шектелген пайдалы казба денесі.


Тактаниң жоғары жағында орналасқан жыныстарды *тәбесі* не жабын *бүйірі*, ал тактаниң астында жатқан жыныстарды *табаны* (жатын *бүйірі*), деп атайды.

Пайдалы казбалар қабаты өзінің құрылудына байланысты біртекті және күрделі болуы мүмкін (1.2- сурет).



1.2- сурет. Көмір такталарының құрылымы: а) күрделі;
б) біртекті

Қазып алуға жарамсыз (калындығы 40 см дейін) өте жұқа көмір тактасын *жанка* деп атайды. Жер қыртысы жарығын толттыратын минералды денелерді *желі* дейді (1.3-сурет). Асыл минералдардың жер астында осылай жатыс түрі өте сирек кездеседі.




1.3- сурет. Пайдалы кен денелерінің жатыс калыптары: а) желі (1- карапайым түрі; 2 - күрделі орналасқан түрі); б) шток; в) жанка
(линза); г) ұя

Желінің тармақталып бөлшектенуін *апофиз* дейді.


Қызық формалы, жерасты құystарын толтыратын, бір-бірінен өзінің күрылымы және аумағымен ерекшеленетіндерді штокты, ұялы кен орындары деп атайды. Олардың катарына көбінесе темір, мыс және тағы басқа көп күрылымды кен орындары жатады. Бос жыныстар мен пайдалы казбалар бастапқыда жатық болып қалыптасса, кейіннен құбылыстар әсерінے байланысты кен кабаттары катпарлануы ($0 - 90^0$) кез келген жағдайға үшырауы мүмкін. 1.3-суретте, кен денелерінің әртүрлі (желі - а, шток - б, линза (жанка) - в, ұя - г) жатыс түрлері көltірілген.

Антиклиналға - дөңесі жоғары бағытталған (1.4, а-сурет), ал синклиналға төмен ойысты катпарлар жатады. *Бұдырау* – жыныстар жатысында пайда болған жарыктар бойымен (1.4, б-сурет) қабаттардың тік немесе соған жақын бағытта жылжитын бұзылыстар.



1.4 - сурет. Геологиялық бұзылыштар: а) қыртыстар; б) төмен жылжу (ыдырау)

Кен жыныстарының тұтастығы, үзілмейтін бұзылыс - *пликативті* (катпарлы) делинеді. Оларға қабаттың жүқалануы, қалыңдауы және шайылуы жатады. 1:5-суретте көмір тактасының жатыс элементтері көрсетілген



1.5- сурет. Көмір тектасының жатыс элементтері

Жатыс жазыктығының көмір тақтасымен қылышу сыйығының бағыты - жазылым болса, ал сыйыктың өзі (*A-B*) жазылым сыйығы деп аталады. Тақтаның жазылым сыйығына тік жазыктықпен қылышу сыйығы - *құлама сыйығы* (*B-Г*) болады. *Құлама бүрышы* (α) бойынша тақталар жазық ($0 - 18^{\circ}$), көлбеке ($19 - 35^{\circ}$), құлама ($36 - 55^{\circ}$), тік ($56 - 90^{\circ}$).

90^0) болып бөлінеді. Такта қалындығын (m) оның қуаты деп те атайды. Көмірдің қуаты перпендикуляр бойынша алғандағы такта төбесі мен табанының ара кашыктығы. Құрделі такталарды казғанда жалпы және пайдалы қалындықты айыра білу керек. Жалпы қалындық, пайдалы қазындының барлық тектесімен бос жыныстарды қоса алғандағы қалындығы, ал пайдалы қалындық - тек пайдалы қазынды тектелерінің қосындысы ғана.

Такталар қалындығы бойынша - *өте жұқа* ($0,7$ м дейін), *жұқа* ($0,71$ - $1,2$ м), *орташа қалын* ($1,2$ - $3,5$ м), және *қалын* ($3,5$ метрден жоғары) болып бөлінеді. Технологиялық түрғыдан бірге қосуға қолайлы жекелеген такталар тобын *свита* дейміз.

Пайдалы қазбамен, бүйір жыныстарының физика-механикалық қасиеттері өзгеше болуына байланысты тау жыныстары түрлі топтарға бөлінеді. Профессор М.М.Протодьяконовтың ұсынысы бойынша тау жынысының қаттылық коэффициенті анықталған. Ол сан жүзінде уақытша қысымға қарсылық мөлшерінің 100 ден бір бөлігіне тең, яғни:

$$f = \sigma / 100.$$

Қаттылық коэффициент $0,3$ тен 20 дейін өзгереді. Мысалы, жұмсақ тас көмірдің қаттылығы $0,3$ тен болса, ал тығыз және қатты кварцит, базальттардың қаттылығы 20 -ға дейін барады. Темір рудаларының қаттылығы 6 - 12 аралығында.

Профессор Протодьяконовтың қаттылық коэффициент шкаласы дегеніміз келісімді өлшем.

Пайдалы кенді алу және алынған кен орнын тіреу процестері кен жұмысы деп аталады.

1.3 Кен қазбаларының маңызы мен топтасуы

Кен жұмыстарын атқару барысында жыныстар арасында *қазба* атты құыстар пайда болады.


Қазбалар - орны, атқаратын жұмыстары, формасы және жату терендігі бойынша әр түрлі болып келеді. Атқаратын жұмысына байланысты өткізілетін қазбалар, пайдалы кенді іздең тауып, анықтауға арналса - *барлаушы*, ал кенді қазып алуға арналса - *пайдаланушы* қазбалар деп аталады. Жер бетіндегі ойылымдар *ашық* қазба, ал одан төменгілері *жерастылық* болып саналады. Жерастылық қазбалардың жер бетіне шығатын тұсын - *ауызы* деп атайды. Қазбалардың кен жұмыстарын жүргізуге байланысты жылжып тұратын бетін *кенжар* дейді. Жерасты орналасу бағытына байланысты қазбалар - *тік, құлама, жазық* болып бөлінеді.

Тік қазбалар катарына жататындары - окпан, түйық окпан, шуроф, өрлеме, гезенк (1.6-сурет).

Окпан – тікелей, жер бетіне шығатын қазба. Атқаратын жұмысы – қазып алғынған көнді жер үстіне шығару, аяу алмастыру, қеншілерді, материалдарды түсіріп шығару т.б. *Басты окпан* – тек қазып алғынған көнді жер үстіне шығару функциясын атқарса, *косалкы окпан* арқылы қеншілерді, материалдарды, басқа да жабдықтарды, көтеріп-түсіру, шығару үшін қолданылады.

Тұйық окпан – тік бағытты, жер бетіне шықпайтын және төменгі горизонттар көнін жоғары көтеру үшін механикаландырылған көтергішпен жабдықталатын қазба.

Шурф (шынырау) – жер бетінен бастап тік (сирек құлама) өтетін, жаппай жару кезінде жарылғыш заттарды орналастыратын, шахтыларға жел жіберу, тіреу, материалдарды түсіріп-шығару үшін қолданылатын қазба.



1.6 - сурет. Тау-кен қазбалары: 1, 2 – тік окпандар, 3 - тұйық окпан, 4 - гезенк, 5 - шурф, 6 – көлбеу окпан, 7 - бремсберг, 8 - еңес, 9 – құлама қазба, 10 - жүріс жол, 11- орт, 12 – көлбеу шурф, 13 – штольня (тауашар), 14 - штректер, 15- квершлагтар, 16 - жапсырмақаз, 17- тілме қазба

Гезенк (окпак) – жер асты жыныстарын жоғарыдан төмен түсіретін, аяу алмастырып, қеншілерді, материалдарды, жабдықтарды жеткізетін құлама (тік) қазба.

Жазық қазбаларға - штольня, квершлаг, штрек, жапсырмақаз және орт жатады.

Штольня (тауашар) – тікелей жер бетіне шығатын және жерасты жұмыстарының бар мұқтажын камтамасыз етуші қазба. Оның барлаушы, пайдаланушы түрлері болады.

Квершлаг (қылует) – жерастылық көмір текталарының жазылым жатысына кесе көлденен өтетін, жүк тасып, қеншілерді қатынастыру және аяу алмастыру жұмыстарын атқаруға арналған, жер бетіне шықпайтын жазық қазба.

Штрек (куаказ) - жерастылық пайдалы қазбаның жазылым бойымен, не жанасты өтетін, ауа алмастыру, адам-жұқ тасу жұмыстарын атқаратын қазба. Штректердің екі түрі кездеседі: біріншісі - тасыма штрегі, екіншісі - желдетпе штрегі.

Жапсырмаказ (просек) - жерастылық жазық көмір тектасы бойынша өткізіліп, ауа алмастыру және жұмысшылар катынасын қамтамасыз ететін қосалқы қазба.

Орт - жерастылық қалың көмір қабаттарына көлденен өтетін, барлау, ауа алмастыру, жұқ тасу жұмыстарын атқаратын қазба.

Қөлбеу қазбаларға жататындары – қөлбеу окпан, қөлбеу шурф, бремсберг, енес, құлама, жүріс жол, тілме қазба және түйіліспе.

Қөлбеу окпан атқаратын жұмыстары тік окпан мен тік шурфтың атқаратын жұмыстары. Айырмашылығы олардың құлама орналасқандығы.

Бремсберг (өрлейказ) - пайдалы қазбаны жоғарыдан тәмен түсіретін, жер бетіне шықпайтын қазба.

Енес (уклон) – пайдалы қазбаны тәменнен жоғары шығаратын, жер бетіне шықпайтын қазба.

Құлама (скат) - пайдалы қазбаны жоғарыдан тәмен түсіретін, жер бетіне шықпайтын қазба.

Жүріс жол (ходок) - жұмысшылар катынасуына, ауа алмастыруға, түрлі жабдықтарды жеткізуге арналған құлама (кейде жазық) қазба. Жүріс жол әрқашан бремсберг, еңестерге жанаса өтетін, көбінесе жұмысшыларды тасу үшін механикаландырылған қазба.

Тілме қазба (печь) - кен қабатымен өткізілетін, жер бетіне шықпайтын қазба. Атқаратын жұмысы - жұмысшылардың катынасуы, ауа алмастыру, жұқ тасу, материалдарын жеткізу.

Түйіліспе (сбойка) - ауа алмастыру үшін арналған құлама, не жазық қазба. Жоғарыда келтірілген қазбалардың барлығында көлденендігінен ұзындығы артық, ал ұзындығы мен көлденені шамалы қазбаларды – *камералар (кенүнгір)* деп атайды.

Камераларда машина, механизмдер орналасады, әр түрлі материалдар сакталынады. Камералар көбінесе окпан маңайында орналасады. Камералар атқаратын функциясына байланысты - аялдама камерасы, электровоз гаражы, насос станциясы, диспетчер, медициналық пункті, су жинағыш т.б. түрлерге жіктеледі

Кен қазылатын орынды *тазартла кенжар* деп атайды. Жерастылық кен алатын ұзын кенжарды - лава деп те айтады. Қазба өткізу жұмыс орнын *үнғыма кенжар* дейді.

1.4 Кен орнын ашу және ашу жүйелерінің топтасуы

Пайдалы қазба орнын барлап, не болмаса, пайдалану ісін жүзеге асыратын кәсіптерді *кен кәсіпорны* деп атайды. Кенді жерасты қазыл

алып тікелей пайдаланушыларға және орталық байыту фабрикасына жіберетін кен кәсіпорны - *шакты*. Шакты деген үғымға жерүсті құрылыштарымен қатар шакты алабындағы барлық қазбалар жатады. Шакты алабына шакты үлесіне тиғен кен орны не оның бөлегі жатады.

Казба жұмысы кезінде көмір тақталарынан *метан* және *көмір қышқыл газы* шығады.

Метан газының шакты ауасына араласу деңгейіне қарай, шактылар 5 категорияға бөлінеді: егер бір тәулік ішінде өндірілген көмірдің 1 тоннасынан 5 м^3 метан шығатын болса – I категорияға, 5 тен $10 \text{ м}^3/\text{т}$ дейін – II категорияға, 10 наң $15 \text{ м}^3/\text{т}$ дейін – III категорияға, $15 \text{ м}^3/\text{т}$ наң жоғары болса, не суфлярлі, қауілті түрінде көмір тақталарынан шығып жатса – ен жоғары категорияға жатқызылады. Көмір, не жыныс арасынан газ кенеттен жарылып атылатын болса онда, шактылар - ерекше категорияға жатады.

Кен қазып өндіру жұмысы 3 кезеңге бөлінеді: бірінші - *шакты алабын ашу*, екінші - *шакты алабын даярлау*, үшінші - *кенді қазып алу*. Олар бірімен-бірі тығыз байланысты. Ашу жүйесі қазбалардың кеңістікте орын алу схемаларын анықтаса, ашу әдісі жұмыстың технологиялық сапасын сипаттайды.

Шакты алабын ашу дегеніміз жер асты пайдалы кендеріне жер бетінен өткізілген құрделі қазбалар арқылы жету және даярлауши қазбаларды өткізууді қамтамасыз ету.

Шакты алабын даярлау дегеніміз дайындық қазбаларын өткізіп, тікелей кен алуға жол ашу.

Кенді алу деп пайдалы кендерді қазып алып, сыртқа шығаруды айтады.

Шакты алабын ашатындарды құрделі деп, ал өзірлік кезінде өткізілетін қазбаларды *даярлауши* қазбалар деп атайды.

Көмір тақталары жер асты орналасу жағдайына (санына, ара кашыктығына, құлама бұрышына, геологиялық бұзылыстарына) байланысты жекелеп, не болмаса, бірге ашылуы мүмкін.

Ашу айырмашылыктары: а) жер бетінен өткізілетін негізгі қазбаларға байланысты - тік, не құлама окпандармен, штолнямен, араластырма ашу; б) қазылған кенді сыртқа шығаратын горизонт санымен - жеке горизонтты және көп горизонтты болуы.

Жер бетіне шығатын негізгі қазбалардан басқа, шакты алабын не болмаса оның бөлігін ашатын, жер бетіне шықпайтын қазбалардың бірнеше түрі болады: квершлаг, гезенк, түйык окпан, құлама т.б. Осы көрсетілген қазбалар өзінің аткаралығына жұмысына байланысты ашу жүйесінің косалқы топтасуына кіреді. Мысалы, бір горизонтты ашу әдісі, тік окпан мен құрделі квершлаг арқылы, ал көп горизонтты - тік окпанмен және горизонтты не болмаса этажды квершлагтар арқылы ашу.

1.5 Шакты алабын ашу әдістерін анықтап шешетін факторлар

Ашу жүйесін тандағандагы факторлар *геологиялық* және *техникалық* болып екі топқа бөлінеді. *Геологиялық* факторларға жататындары – көмір тақталарының саны, құлама бұрышы, аралық қашыктықтары, үйінді калындығы, не болмаса бос жыныс қабаттары, корыс, сулы жыныстар, геологиялық бұзылыстар, қазбаның терендеңдіктері, көмір тақтасының газдылығы, жер бетінің кедір бұдырылышы. *Техникалық* факторларға жататындары: шактының жылдық қуаты, жұмыс аткару мерзімі, шакты алабының мөлшері, кен өндіру техникасының жетістігі. Аталған себептерді, ашушы қазбаларды тандағанда, горизонт санын, окпан төнірегіндегі коймалар түрін, жакын жатқан көмір тақталарын ашу мен өндіру мерзімін, күрделі қазбалар қызығын, оларға тіреу тандағанда колдану керек. Мысалы, өте терен қабаттағы кен орнын құлама окпан орнына тік окпанмен ашкан орынды. Таулы жерде кен орнын штольнямен ашқан дұрыс. Құлама және тік жатқан көмір тақталарын тек қана көп горизонтты әдіспен ашқан дұрыс. Газды көмір тақталарын аштын күрделі қазбалар мол ауа өткізетіндей, қауіпсіздік ережесіне сай кен болуы тиісті. Ашу жобасын жасағанда геологиялық және техникалық себептер бірдей қаралуы керек.


1.6 Ашу жүйесін тандау мен негізгі қазбалар орнын белгілеуге байланысты қойылатын экономикалық талаптар

Ашу жүйелерін жобалау экономикалық түрғыдан ұтымды болу үшін келесідей техникалық және ұйымдастыру жолдарын ескерген жөн:

- ашушы қазбаның қуыс көлемінің аз болуын;
- алғашкы шығынның аз болуын;
- құрылыш салу мерзімінің қыскалашылуын;
- бүкіл жерасты қазбалары тасу жүйелерінің бір типті, не болмаса соған жақын болуын;
- шакты жабдықтарының мезгілімен жаңарып тұруын;
- әрбір пайдаланушы горизонттағы көмір қоры мол болып шакты окпанын сирек терендетеу жағдайын қарастыру.

Ашу жүйесін тандаған кезде келтірілген талаптарды бірден камтамасыз етуге мүмкіншілік бола бермейді. Олардын бәрі бір - біріне қайши болғандыктан, салыстырылып отырылған жүйелердің техникалық жетістіктеріне қарап тек ең тиімді түрін алу керек. Ашу жүйелерін жобалаған кезде, ашушы күрделі қазбалардың қызмет мерзімі көбінесе шактының жұмыс мерзімімен теңестіріліп (40-60 жыл) алынады. Осы мерзім ішінде ашушы қазбалар тіреулерін жаңартып тұру қымбатқа түседі. Шығындарды азайтып күрделі

казбаларды сақтау үшін, мұндай қазбаларды катты жыныстар арасымен өткізу керек.




1.7- сурет. Оқпандардың шақты алабында орналасуы:
1- таза ауа жіберетін оқпан; 2- желдетпе оқпан

Оқпандарды корысты не болмаса жарықшак жыныстар арасында салуға болмайды. Шақты оқпандарының орналасу схемалары 1.7- суретте көлтірілген. Мұнда: а - оқпандардың шақты алабының ортасында орналасуы; б - қосалқы оқпан (оқпандар) шақты алабының жоғарғы шетінде, не болмаса төмөнгі жағында орналасуы; в) негізгі оқпан шақты алабының ортасында, ал қосалқы екі оқпан шақты алабының қанатында орналасуы; г), д) оқпандардың аралас орналасуы.

1.7 Пайдалы қазбаларды қазып-алу алдында шақты алабын бөлу

Шақты алабының формасы геологиялық жағдайға байланысты әртүрлі болады. Егер шақты алабының геологиялық орналасуы жаксы болса, онда оның формасы дұрыс тік төрт бұрышты болып келеді (1.8сурет).



1.8 - сурет. Шақты алабы: АБ - өрлеме шекарасы, ВГ - құлама шекарасы, АВ және БГ - жазылым шекаралары

Көлбеу көмір текталары планда жазық беткейге, тікелей жатқан көмір текталары тік беткейге түсірледі. Әрбір шакты алабының шекарасы болады (1.8-сурет): АБ - өрлеме шекарасы, ВГ - құлама шекарасы, ал АВ мен БГ арасындағы - жазық, жазылым шекарасы деп аталады. Кейде, геологиялық бұзылыстарға байланысты, олар табиғи шекара болып есептеледі. Эрине, мұндай жағдайда шакты алабының формасы тік бұрыштан өзгеше болуы мүмкін. Кен ішінде ірі геологиялық бұзылыстар кездеспесе, шакты алабының мөлшері өндірістік мөлшерге лайыктанып алынады. Шакты өнімі деп, бір тәулік, не болмаса бір жыл ішінде қырға шығарылатын пайдалы қазбаны айтады. Шактының жылдық өнімі (Аж) көп болған сайын соған сәйкес шакты алабының мөлшері, пайдалы қазбаның өндірістік коры да көп болады. Аталған көрсеткіштер арқылы шактының қызмет мерзімін келесі формула арқылы табуға болады.

$$T = Z_{\text{енд}} / \text{Аж}, \text{ жыл},$$


мұнда Т - шактының жұмыс істеу мерзімі, жыл; $Z_{\text{енд}}$ - өндірістік коры, т; Аж - жылдық өнімі, т.

Шакты өнімділігі жақсы болса техника-экономикалық көрсеткіштері де жақсы болады. Осы күнгі көмір шактыларының жылдық өнімділігі 1,8 ден 3,6 млн,т дейін жобаланып алынып жүр. Олардың қызмет мерзімі 50-60 жылдан кем болмайды. Аталған жағдайға сәйкес шакты алабының мөлшері, жазық көмір текталарын қарастырганда, жазылым бағытымен 3 тен 10 км дейін, құлама бетімен 1,5 ден 3 км дейін; тік текталар жазылым бағытымен 2,5 ден 7,0 км дейін, ал құлама бетімен 0,8 ден 1,5 км дейін алынады.

Кен жұмыстарын ұйымдастыруға байланысты шакты алабы қанаттарға, бремсберг, енес алабтарына, этаждарға, панелдерге қазып алуға ықшам болып бөлінеді (1.9-сурет).

Шакты окпаны, шакты алабының орта тұсынан өткізіліп оны екі қанатқа бөледі. Қанат мөлшері бірдей болған жағдайда - тен қанатты, ал тен болмаса тен қанатсыз болып аталады. Жер беті рельефине байланысты, не шакты алабы су қоймасынан төменде қалып, ал шакты окпанын алаб ортасына орналастыруға мүмкіндік болмай жатса, онда сынар қанатты алаб пайда болады. Шакты алабының орта деңгейінен жоғары жағы өрлеу (бремсберг) алабы, төменгісі құлама (енес) алабы болып аталады.

Шакты алабын этаж тәсілімен даярлау. Этаж тәсілімен (1.9, а-сурет) даярлағанда жазылым бойымен өткізілетін штректер арқылы шакты алабын этаждарға бөледі, олардың жоғарғы шекарасы желдетпе штрегі, төменгі шекарасы тасыма штрегі болады, ал екі жақ қанаты шакты алабы шекарасына тіреледі. Шакты алабындағы этаждарда жұмыс істеу жоғары қарай күрделі бремсбергпен, төмен қарай күрделі енеспен камтамасыз етіледі. Этаждың штректер



1.9 - сурет. Шақты алабын даярлау тәсілдері: а - этаждарға, б - панелдерге, в - горизонттарға, г - блоктарға бөлу: 1- негізгі окпан; 2 - желдетпе окпан; 3 - негізгі тасыма штрегі; 4 - бремсберг; 5 - енес; 6 - қазба (тазартпа) алабы; 7 - алынатын бағана; 8 - жел жіберетін окпан; 9 - этажаралық штрек; I, II, III, IV- этаждармен, панелдердің бірінен кейін бірінің алынуы

арасындағы құлама қашықтығын этаждың құлама биіктігі деп те атайды. Этаждың құлама биіктігін төмендегі формуламен табуға болады:

$$h_3 = A_{\pi} / 2Lm\gamma c, \text{ м},$$

мұнда h - этаждың құлама биіктігі, м; L - тазартпа жұмыстарының жылдық жылжу мөлшері, м; γ - пайдалы қазбаның тығыздығы, т/м³; m - тақтаның орташа калындығы (куаты), м; c - этаждағы көмір алымының толықтығын көрсететін коэффициент; 2 - қос қанатты шақты жұмыс бағытының саны; $m\gamma$ - тақтаның өнімділігі, т/м². Көп тақталы казылымда этаждың құлама биіктігі төменгі формуламен есептелінеді:

$$h_3 = A_{\pi} / 2L\Sigma p c, \text{ м},$$

мұнда Σp - тақталар өнімділігі,

$$\Sigma p = p_1 + p_2 + p_3 + \dots + p_n.$$

Этаж құлама бетінің тік беткейге проекциясын, оның тіктеме биіктігі деп атайды. Ол тең $h_p = h \sin \alpha$, мұнда α - тақтаның құлама бұрышы.

Этаж қанаты бремсберг, құлама қазбалар арқылы косымша бөліктерге бөлінеді, оларда өткізілген бремсбергтер мен құламалар, *учаскелік бремсбергтер, не участекелік құламалар* деп аталады.

Бремсберг пен құлама үлесіне тиғен этаж бөлігін *казып алынатын алаб* (*казба алабы*) деп атайды. Этажды құлама бойымен кейде 2-3 аралықэтажға бөледі, әр-бір аралықэтажда бір кенжардан болады. Аралықэтаждың шекарасы этажаралық штрекпен бөлінеді.

Шақты алабын панел тәсілімен даярлау. Панел тәсілімен даярлағанда (1.9, б-сурет) шақты алабын тақтаның құлама бойымен жоғары не төмен қарай, ұзындығы 800 - 1200 м, жазық бойымен 1500 - 2000 м панелдерге бөледі. Панел ортасындағы басты штректен панел бремсбергі мен панел енесі өткізіледі. Бұлар панелді 2 қанатқа бөледі. Әр қарай панелді жоғарыдан төмен қарай тасыма және желдетпе штректермен шектелген ярустарға бөледі. Ярустың әр қанатында бір-бір кенжардан болады. Панелдің этажбен салыстырғандағы артықшылығы пайдалы қазбаны алу жұмысының шоғырландырылуы мен каркындастылуына жол ашуында.

Панел тәсілімен даярлағанда, ярустарда ынғайлы, қайталай алу әдісі қолданылады және тазартпа кенжардан негізгі тасыма штректерге дейін үздіксіз таситын үнеме конвейерлерді қолдануға мүмкіншілік туады. Панел тәсілінің кемшілігіне құлама қазбалар санының көптігі, жерасты штректермен тасу жұмыстарының 20-30% өсуі жатады. Панел көбінесе жазық және болмаса көлбеу (16-18°) жаткан көмір текталарын каркынды алу үшін қолданылады.

Горизонттап даярлау тәсілі. Горизонттап (1.9, в-сурет) даярлағанда, барлық алынатын алаб бір горизонт бол саналады. Горизонттың бүкіл құлама бойымен жоғары не төмен қарай ұзын бағаналы қазбалар өткізіледі, ал көмір не жоғары қарай, не төмен қарай алынады. Бұл тәсіл өте газды, құлама бұрышы 12° дейін баратын бүйір жыныстары өте сулы, ал геологиялық бұзылыстар бағыты құлама бағытына келетін көмір текталарында қолданылады. Тәсіл, механикаландырылған комплекстерді қолдануға өте қолайлы, өйткені бұл жағдайда комплекстер орнатылған кенжарлардың ұзындығы сакталады және кенжар жабдықтарын, комплекстерді құрастыру, жинау не болмаса оларды бөлшектеу жұмысы азайды.

Блоктап даярлау тәсілі. Шақты алабын блокка (1.9, г-сурет) бөліп алу тәсілі, оның көлемі үлкен (жазық ұзындығы 8 - 12 км дең астам), газы өте көп топты көмір текталарын ашқанда және шақтының жылдық өнімі көлемді (8-10 мың. т тәулігіне) болғанда қолданылады. Осында жағдайда шақты алабы бірнеше блокка бөлінеді, әрбір блокта тазартпа кенжарлар мен даярлаушы қазбаларды желдетету мақсатында желдеткіш окландар өткізіледі. Әр блок, панел т.б тәсілдерімен даярлануы мүмкін. Тазартпа жұмыстары барлық блоктарда бірдей өткізіледі. Пайдалы қазба блоктардан негізгі штрек бойымен басты окланға жеткізіліп, одан әрі қарай сыртқа шығарылады.

1.8 Жерасты шақты алабының бөлімдерін даярлап алу тәртібі

Шақты алабының этаждарын және панел ярустарын, үшінші және жоғарғы категориялық метанды шактыларда жоғарыдан төмен карай, ал кейде газы аз, суы мол шактыларда мемлекеттік бақылау органдары рұқсатымен төмennен жоғары қарайда алуға болады. Этаж бен ярус ішіндегі көмірді аларда тікелей, не болмаса қайталај алу әдістері қолданылады (1.10-сурет). Бірінші жағдайда кен алу жұмысы ортадан басталып шактының шекарасына қарай бағытталса (1.10, а-сурет), екіншісінде, керісінше болады (1.10, б-сурет).

Керісінше алуудың тікелейге карагандағы артықшылығы:

1. Этаж бен ярус штректерінін тіреулерін сактап тұру арзанға түспек.


2. Этаж не ярус тасыма штректеріне беріліп тұратын таза ауанын кен алынған құystарға сіңіп кетуі шектеледі және кен алынған орындарда өрт шығу мүмкіншілігі азаяды.

Егер өрт шыға калса, өрт шықкан жерді бөліп тастанап (1.10-сурет), жаңа көнжар ашып, жұмысты өрі қарай жалғастыра беруге болады.

3. Тазартпа және даярлау жұмыстары арасында сәйкесіздік болмайды. Сонымен катар дайындық барысындағы жүк тасу, жабдықтар мен механизмдерді қолдану жұмыстары жақсарады.

4. Алдын ала штректер өткізу көмір текталарын толық зерттеуге мүмкіншілік туғызады.




Кен орнын тікелей алуудың тиімді жактары: тазартпа көнжарлары даярлау мезгілінің қысқалығы және алдын ала өткізілетін штректерге жұмсалатын қаржының азауы. Кемшілігі, штректер ұзарған сайын ауа алмастыру жұмысының қындау түсүі.



1.10 - сурет. Этажбен, ярустарды тікелей не болмаса керісінше алу әдістері: 1- далда; 2 - тазартпа тілме қазба; 3 - тасыма штрек; 4 - желдетпе штрек; 5 - бремсберг; 6 - жүріс жол; 7 - кроссинг

Шакты алабын панел тәсілімен даярлағанда, ярустарды керісінше алу керек, ал этаж тәсілімен даярлағанда, керісінше алууды, ауа

алмастыру жағдайына байланысты, шакты қанатының мөлшері 2000 м. аспағанда колдану керек.



1.11 - сурет. Шакты алабын оқпандардың орналасуына байланысты желдету: а) ортада орналасқанда; б) ортада алшак орналасқанда; в) шетте орналасқанда

Шакты алабын панел тәсілімен даярлағанда, алабтың бремсберг жағын жазық бойымен оқпан түсінан шакты алабының шетіне қарай алу керек. Бұл жағдайда бірінші панелді даярлауға өткізілетін негізгі штректердің аумағы азаяды. Панелдің енес жағы біртіндеп шакты алабының шетінен оқпанға қарай алынуы керек. Негізгі штректердің кажетсіз бөліктегі құлатылып отырылады.

Даярлау тәсіліне, алу бағытына және шакты оқпандарының орналасу жағдайына байланысты, шакты алабында әртүрлі желдетпе схемалары колданылады (1.11-сурет).

Оқпандар шакты алабының ортасында орналасқанда (1.11, а-сурет) таза ауа жер бетінен оқпан (1) арқылы оқпан албарына одан әрі қарай күрделі бремсбергпен тасыма штрекке, одан екі қанатқа бөлініп тазартпа кенжарға жеткізіледі. Кенжардан ластанып шықкан ауа этаждың желдетпе штрегімен, жүрісжолмен әрі қарай желдетпе оқпанмен жер бетіне шығады. Шакты алабының енес жағыда осылай желдетіледі. Шакты алабы

бұлай желдетілгенде, ластанған (бұзылған) ауа жүрісжолмен төмен қарай бағытталады. Мұндай желдету әдісін барлық жағдайда колдануға болмайды. Газды шактыларда, сактану ережесі бойынша, құлама бұрышы 10^0 жоғары болатын болса, онда, жел ағыны өрлеме бағытта болу керек.

Оқпандар бірінен-бірі алшак ортада орналасқанда (1.11, б-сурет), ластанған ауа жоғары қарай желдетпе оқпанға қарай жылжиды. Бұл схеманың өзіне тән кемшиліктері де бар, сондықтан шактыларда сирек кездеседі.

Оқпандар шакты алабының шетінде орналасқанда (1.11, в-сурет), ауа ағынының жолы қысқа және тазартпа кенжарлар орналасуына байланысты емес. Оқпандардың осылай орналасуының да өзіне тән кемшиліктері бар, біріншіден оқпандарды косатын түйіліспелердің (сбойкалардың) ұзындығынан оларды өткізу қыншылыққа түседі, екіншіден шетте орналасқан оқпандарды косалқы жұмысқа колдану ыңғайсыз жағдайда болады. Оқпандардың шетте орналасу варианты көбінese шакты алабын құлама оқпанмен ашқанда колданады.


Тактаның құлама бұрышы 10^0 асса және жоғары газдылық

жағдайында, шакты алабтарын ашуда оқпандардың аралас орналасқан әдісін пайдаланады.

1.9 Ашу жүйелері

1.9.1 Жекелеген көмір тақтасын ашу

Жекелеген көмір тақтасын тік оқпанмен ашып, оны қазып алу тәртібі 1.12 - суретте көрсетілген. Көрсетілген жүйеде тізбектеле, алдымен тік оқпан, оның төңірегіндегі камералар, содан кейін күрделі бремсберг пен жүріс жолы өткізіледі. Шақтының бремсберг



1.12 - сурет. Көлбеу жатқан жекелеген көмір тақтасын тік оқпанмен ашу жолдары: 1 - оқпан албары; 2 - басты оқпан; 3 - қосалқы оқпан; 4 - тасыма штрек; 5 - желдетпе штрек; 6 - тазартпа кенжар; 7 - күрделі бремсберг; 8 - жүріс жолы; 9 - күрделі енес; 10 - желдетпе түйіліспе; 11- шуроф


жағындағы алабы алышып таусыла бастағанда, шактының енес жағындағы алаб даярлана басталады. Ол үшін төмен қарай күрделі енес пен жүріс жолы өткізіледі. Кен орны ашылып болғаннан кейін, этаждағы көмірлер тікелей (1.12-сурет, сол қанаты), не болмаса көрісінше (он қанаты) бағытта алышады.

Шакты алабының бремсберг жағындағы көмірі тазартпа кенжардан тасыма бойымен штрекке жеткізіліп, әр қарай бремсбергке, оқпан албарына, одан тік оқпан арқылы жер үстіне шығарылады. Желдету таза ауа оқпандардың бірімен, бремсбергке, тасыма штрекпен, тазартпа кенжарға жеткізіледі, ал ластанған ауа желдетпе

штрегі, жүріс жолы мен шурф арқылы жер бетіне шығарылады.

Шакты алабы панел тәсілімен даярланғанда, оқпан албары горизонтында бір штректің орнына екі штрек өткізіледі. Бұл штректер ашу қазбалары болып саналады және осылардан бастап дайындау қазбаларын - панел бремсбергтерін жүргізеді.

Көлбеу жатқан көмір текталарын тақта бойымен өткізілетін күлама оқпанмен ашуға болады (1.13-сурет). Оқпандар бірінші этаждың тасымал горизонты белгісіне жеткенде, оқпан албары қазбалары өткізіледі. Осыдан соң этажда дайындық жұмысы




1.13 - сурет. Көлбеу жатқан жекелеген көмір тектасын көлбеу оқпанмен ашу схемасы: 1 – оқпан албары; 2 – бас оқпан; 3 – косалқы оқпан; 4 – тасыма штрек; 5 – желдетпе штрек; 6 – тазартпа кенжар (лава)

басталады. Тазартпа кенжарынан өндірілген пайдалы кен тасыма штрекке, оқпан албарына жеткізіледі де, одан әрі қарай қүлама оқпанмен қырға шығарылады. Таза ауа оқпандардың бірімен оқпан албарына жеткізіліп, одан әрі қарай шакты алабының екі қанатына бөлінеді, тасыма штректермен тазартпа кенжарға, соナン соң желдетпе штрегі арқылы екінші оқпанмен қырға шығарылады. Осы жұмыстармен қатарлас, екінші этажды ашу мақсатында, оқпанды әрі қарай терендету жұмысы жүргізіледі. Шакты алабын қүлама оқпанмен ашу, тік оқпанмен салыстырғанда, күрделі қаражат тілемейді. Біракта бұл тәсілді пайдаланғанда оларды жөндеуге және бұл оқпандарды сақтауға кететін қаржы көбейеді. Шакты алабын қүлама оқпанмен ашқанда пайдалы кенді жер бетіне дейін тұтасынан тасыма конвейермен шығару мүмкіншілігі туады. Бұл схема көбінесе жазық және көлбеу, әрі жер бетіне жақын орналасқан текталарды

казғанда колданады.


Тік және тік-құлама жатқан көмір тақталары әдетте тік окпандармен және этаждық квершлагтармен ашылады. Этаж немесе горизонт қазылған сайын окпандар терендетіледі, жаңа окпан алған мен этаж квершлагы жүргізіледі (1.14, а-сурет). Егерде көмір тақтасы қалып болса (1.14, б-сурет), онда окпандар көмір тақтасының жатыс бүйірінде орналасады.

1.14 - сурет. Жеке дара тікелей не тік жатқан көмір тақтасын ашу схемасы: а) жұқа тақтаны ашу; б) қалың тақтаны ашу: 1 - тасымға квершлаг; 2 - желдетпе квершлаг; 3 - тасымға штрек; 4 - желдетпе штрек; 5 - тазартпа кенжар; 6 - сактауыш кентірек; 7 - даярланып жатқан тазартпа кенжар



1.9.2 Топты көмір тақталарын ашу

Құлама бұрышы 10-25⁰ және тақтааралық қалындық үлкен қуатты болса, онда көмір тақталарын әдетте тік окпандармен және құрделі квершлагтармен ашуға болады (1.15, а-сурет). Квершлагтар шакты алабын бремсберг және енес алабына бөледі, алабтар әрі қарай құрделі бремсберг, енес және оларға қосарлама өткізілетін жүріс жолдарымен ашылады. Егерде көмір тақталары біріне бірі жақын жатса (1.15, б-сурет), онда көмір тақталарын тік окпандармен, этажды немесе ярусты квершлагтар арқылы ашкан дұрыс. Осындай әдіспен даярлағанда окпандар (1 және 2) шакты алабының ортасына, белгіленген окпан албары деңгейде өткізіледі де, осы горизонтта окпан албары 1' жабдықталынады, әрі қарай, окпаннан төмөнгі көмір тақтасының бойымен құрделі бремсберг 2', құрделі енес 3' және оларға жапсарлас жүріс жолдары өткізіледі.



1.15 - сурет. Көлбеу жатқан топтама көмір тақталарын ашу жолдары: а) тік окпандармен және күрделі квершлагтармен; б) тік окпандармен, этажды квершлагтармен

Егерде бүйір жыныстары тұрақсыз болса онда, күрделі бремсбергтер мен еңестерді тұрақты жыныс араларында далалық етіп орналастырган дұрыс. Жоғарғы көмір тақтасын ашу үшін күрделі бремсбергтерден 1-ші этаждың мұғдарында тасыма квершлаг 4', желдетпе квершлаг 5' өткізіледі. Сонымен күрделі бремсберг 2', күрделі енес 3' екі көмір тақтасының жұмысын қамтамасыз етеді.

Шакты алабы панел тәсілімен даярланғанда, әр ярустың штрегіне квершлаг өткізіледі, олар ярус квершлагы деп аталады.

Осындай жүйемен ашылғанда, құлама қазбалардың жалпы ұзындығы қыскарады, тек этаж (не ярус) квершлагтарын өткізу қажеттігі туындаиды.


Келтірілген ашу жүйелер бір горизонтты түрге жатады. Көп горизонтты ашу жүйесінің мысалына тік жатқан тақталарды ашу жатады. Бұл жағдайда топты көмір тақталарын этаж квершлагтарымен және де әр этажда окпан албарын құрып ашкан дұрыс (1.16-сурет).

Бірінші этаж екі тік окпанмен және этаж (тасыма 1, желдетпе 2) квершлагтарымен ашылады. Бірінші этаждағы кор алынып жатқан кезде, окпандар 2-ші этаждың тасыма горизонтына дейін терендетіліп, 2-ші этаж ашылады.

Шакты алабының жоғарғы шекарасындағы үйінді қабаты аз болған жағдайда, бірінші этаждағы желдетпе квершлагының орнына желдетпе шурф өткізіледі. Бұлай ашу әдісінің негізгі артықшылығы, көмірді ұзындығы басым жазық қазбалармен тасуға мүмкіншілік туғызуында. Және де әр жаңа горизонт ашу сөтіне сәйкес қалыптасуын техника жетістігіне байланысты, жаңа жабдықтармен қамтамасыз етеді. Біракта, әр тектадағы көмір коры әртүрлі

болғандықтан, кейде екі горизонтта қатар жұмыс істеуге тура келеді.

Құлама бұрышы 10^0 дейінгі көмір тақталарында квершлагтардың айтусыз ұзарып кетуіне қарай, жүк тасымалдау мен адамдардың жүріп-тұруына қажетті жағдай туындаудың қарамастан көмір тақталарын (күрделі немесе этажды) гезенктермен ашқан дұрыс.



1.16 - сурет. Құлама және тікелей көмір тақталарын тік окпандармен және этажды квершлагтармен ашу жолдары

Күрделі гезенкті пайдаланғанда (1.17, а-сурет), тік окпандар (1 және 2) төменгі тақтага дейін өткізіледі. Тік окпандың төменгі көмір тақтасымен қылышында немесе одан сөл төмен окпан албары (3) ашылады. Төменгі көмір тақтасын жоғарғы көмір тақтасымен, окпан албарынан өткізілген гезенк (4) арқылы жалғастырады. Екі көмір тақталарында, гезенк маңында, уақытында вагонеткалар алмастыратын тасыма жолдар (5) ескертіледі. Осыдан соң көмір тақталарының әрқайсында күрделі бремсберг (6) пен күрделі енес (7), оларға жапсарлас жүріс жолдары өткізіледі. Төменгі тақтадағы көмір әдеттегідей жолдарымен окпан албарына жеткізіледі. Ал жоғарғы тақтадан алынған көмір күрделі бремсберг (6) немесе күрделі енес (7) арқылы осы көмір тақтасының тасыма штрекіне жеткізіліп, одан әрі қарай күрделі гезенк (4) бойымен окпан албарына түсіріледі.


Күрделі гезенкпен ашудың артықшылығына, ашушы қазбалардың қыскалығы жатады, бірақта жер астындағы жүк тасымалдау мен желдету жағдайын қынданат түседі. Күрделі гезенкпен ашу әдісі - көмір тақталарының ара кашыктығы 20 м және оданда жоғары болғанда, сол сияқты көмір тақталарын коршаған жыныстардың орныкты болған жағдайында қолданылады.

Бірін-бірі жакын орналасқан көлбеу көмір тақталарын тік окпандар мен этажды гезенктер арқылы ашу жүйесін қолданған дұрыс.

1.17, б-суретте шақты алабын этаж тәсілімен даярлаудағы ашу жүйесі көрсетілген. Тік окпандар төменгі көмір тақталарына дейін өткізіліп, сол жерде окпан албары ашылады, оклан албарынан төменгі көмір тақтасында штрек 2', күрделі бремсберг 3', енес 4', жапсарлас

жүріс жолдар өткізілген. Осылардан кейін, төменгі көмір тақтасында этажды штректер өткізіледі, осы штректерден жоғарғы көмір тақтасына этажды (көмір түсіретін 5', желдетпе 6') гезенктер өткізіледі. Күрделі бремсберг 3 және күрделі енес 4' екі көмір тақтасының жұмысын камтамасыз етеді. Суретте, бірінші этажды желдеткендегі пайдаланған ауаның жүріс жолымен ортада орналаскан, желдетпе оқпанға бағытталғаны көрсетілген.

1.17 - сурет. Көлбеу жаткан топты көмір тақталарын ашу жолдары:
а) тік оқпандармен және күрделі гезенктермен; б) тік оқпандармен және этажды гезенктермен; в) өр көмір тақталарын жеке горизонтпен; I, II, III, ...VI - этаждар



Шақты алабы панел тәсілімен даярланғанда, гезенктер панел сайын ярус штректерінің арасында өткізіледі. Олар яусты гезенктер деп аталады.

Этажды гезенктермен ашудың артықшылығы, этажды квершлагтармен ашканмен бірдей, біракта кеншілердің карым катынасына, жабдықтарды, материалдарды жеткізіп беруде, кыншылыққа әкеп соғады.

Көмір тақталарының құлама бұрышы 8° төмен, аралары әжептеуір қашық болғанда, оларды біріне-бірі байланыссыз горизонттармен ашкан дұрыс (1.17, в-сурет). Өр көмір тақтасында оқпан албары 1 ашылады, күрделі бремсберг 2' және күрделі енес 3', жүріс жолдары өткізіледі.


Бұлай ашу жүйесін, екі көмір тақтасын ашқандағанда қолдану керек, және басты оқпандан екі көтергіш жабдықтары болуы керек.

1.9.3 Құранды ашу жүйелері

Күрделі геологиялық жағдайда жатқан көмір тاكتаларын ашқанда, жоғарыда көрсетілген ашу жүйелері колданылады. 1.18-суретте, құлама бұрышы $15-18^{\circ}$ көмір тاكتаларын құранды ашу жүйесі көрсетілген. Төменгі екі көмір тектасы біріне-бірі жақын, ал жоғары текта әжептәуір қашықта орналасқан. Мұндай жағдайда, біріне-бірі жақын жатқан көмір текталарын тік окпандармен, этажды көршилгартармен, қашықтағысын күрделі көршилгапен ашқан дұрыс.

Көмір текталарының құлама бұрышы аз болған жағдайда, этажды көршилгартардың орнына гезенктер арқылы (күрделі 1 және этажды 2) ашқан дұрыс (1.18, б-сурет). 1.18, в-суретте үш көмір тектасының құлама бұрыштары өзгермелі жағдайдагы ашылуы көрсетілген.

1.18 - сурет. Құранды ашу жолдары: а) көлбеу көмір текталарын (екі жақын жатқан және бір алшактау жатқан), этажды және күрделі көршилгартармен ашу; б) үш көлбеу текталарын (екі жақын жатқан және бір алшактау жатқан), этажды және күрделі гезенктермен ашу; в) құлама бұрышы өзгермелі топты көмір текталарын ашу



1.9.4 Штольнялар арқылы ашу жүйелері

Таулы жерлерде штольнямен ашу жүйесі колданылады. Текталар жатысина байланысты штольня көмір тектасымен, не болмаса жыныстар арасымен, көмір тектасының жазық бойына қыла өткізіледі (1.19-сурет).


Жұк тасу мен шакты сұнының табиғи шығуына ынғайлы болу үшін штольня 0,003-0,006 көтерінкі бойымен өткізіледі.

Штольня өткізілгенде жыныстардың құлау жағдайын, су қауіпін, жер бетіндегі құрылыштарға байланысты қалдырылатын жер мөлшерін даярлау, каржының аз, штольняның темір жолдармен қатынасы сенімді болуын ескеру керек.

Штольня горизонтынан жоғары жатқан корлар алынғаннан кейін,

жазық көмір тақталары құлау бағытында күрделі еңестермен (3 және 4) ашылады.

Көмір тақталары тіке жатқан жағдайда, олар құлау бағытында түйік окпандармен (5, 6) және квершлагпен (7) ашылады. Желдету үшін, көмір тақталары шыккан жерінде штолня (1) немесе шурф (2) өткізіледі. Шақты алабын штолнямен ашқанда су шығару, шакты ішіндегі тасу жұмыстары жаксарады.



1.19 - сурет. Штолнямен ашу


1.9.5 Руда кеніштерін ашып даярлау ерекшеліктері

Кен орындары екі түрге бөлінеді: металды (темір, цинк, т.б.) және металсыз (аппатит, фосфорит, асбест, каолин т.б.) кендер. Олар жер астында әртүрлі болып жатады, көбінесе желі немесе тұтас түрінде.

Ұзындығы 1 - 2 км шақты алабы этаждарға бөлінеді. Тік құламалы жатқан пайдалы қазбаларды қазғанда, этаждарды блоктарға бөледі. Этаждың әдеттегі биіктігі 60 – 80 м, бірақ ол 20-300 м дейін өзгеруі мүмкін.

Блоктар созылым бағытында өрлемемен шектеледі (1.20- сурет).


Жазық кеніштер штректермен панелге бөлінеді. Блокта немесе панелде тікелей пайдалы казбаны өндіру жұмысы жүргізіледі.



1.20 - сурет. Этажды блокка бөлу

Басты окпандар әдетте жыныстардың опырылып құлау аймағы шегінен 50-100 м тыс жатыс бүйірінде орналасады (1.21-сурет).

Сонымен кентіректегі кен жоғалымы азайды және жер бетіндегі құрылыштардың жыныстардың опырыла-қулау шегінен (суретте үзілмелі сзықтармен көрсетілген) сырт салуға мүмкіншілік туады. Жазық не көлбей жаткан шағын кен сілемдерін тік оқпандармен ашканда, оларда сілем және қулау аймағы сыртында орналасады.




1.21 - сурет. Кен қазбаларын тік оқпандармен ашу жүйесі:
а) тікелей жаткан; б) жазық жаткан; 1- басты және 2 - косалқы
оқпандар

Егерде пайдалы қазбаның көлемі өте үлкен болса, онда шакты алабынан тыс орналастырылған оқлан өткізіледі.

Құлама оқпандар кен бойымен, немесе, жатыс бүйірінде орналасады (1.22-сурет).

Көлбей оқпанды деформацияланудан сактау мақсатында сілемге параллель жүргізеді, бірақта оның құлама бұрышы жыныстардың сырғу бұрышынан аз болуы қажет (1.22, а-сурет). Ал егерде,




пайдалы

1.22 - сурет. Кен қазбаларын құлама оқпандармен ашу: а) кен сілемінің құлама бұрышы жыныстардың жылжу бұрышынан аз; б) кен сілемінің құлама бұрышы жыныстардың жылжу бұрышынан көп

қазбаның құлама бұрышы жыныстардың жылжу бұрышынан көп

болса, онда құлама оқпандар жыныстардың жылжу бойына жапсарлас өткізіледі (1.22, б-сурет).

1000 м төмен жатқан кенді алу үшін, құранды ашу әдісі колданылады, ол жағдайда 1000-2000 м терендейкке дейін тік оқпандар өткізіледі (1.23-сурет), ал кен жұмыстары өрі қарай төмендеген сайын сокыр оқпандармен ашу жүйесі пайдаланылады.




1.23 - сурет. Жер бетінен тік оқпандармен және терендейкте түйік оқпандармен құранды ашу жолдары

Егерде пайдалы қазбаның қуаты 1-5 м болса (1.24, а-сурет), тасыма штректерді пайдалы қазбаның бойымен, не болмаса бос жыныстар ішінде жатыс бүйірінде өткізіледі.

Егерде пайдалы қазбаның қуаты 50 м жоғары болса, онда дала штрегіне параллел пайдалы қазба бойымен тағы бір штрек өткізіледі (1.24, в-сурет). Көрсетілген екі жағдайдада дала штрегінен 50-60 м аралық салып тасыма орттары өткізіледі (1.24, б,в-сурет).


1.24 - сурет. Кен қазбаларын алуға даярланғандағы тасыма горизонттағы қазбалардың орналасу жүйесі: а) аз қалындықта; б) орташа қалындықта; в) жоғары қалындықта



1.9.6 Оқпан албары

Шактының барлық қазбаларын шақты оқпанымен қосуға арналған қазбалар шоғырын - *оқпан албары* деп атайды. Оқпан албарынан барлық шақтыдан шығарылатын және жер бетінен түсірілетін жүктер өтеді. Сондыктан оқпан албары жүк алмастыруға ыңғайлы болуы керек. Оқпан албарындағы көп коймалар су тартуга, транспорттарды даярлауға т.б жағдайларға колданылады. Ашу жүйесін тандағанда, оқпан албарын тұрақты жыныстардың арасында орналасуын қарастыру керек. Оқпан албарының жүк тасу мүмкіншілігі, шактының жылдық өніміне сай болуы керек. Оқпан албарындағы рельс жолдары жүк жүру бағыттарына сай қылып өткізіледі. Оқпан албарындағы қазбалардың аумактары оқпандардың орналасуына, көтергіш құбырлардың түріне, ашу жүйесіне, такталардың жатыс жағдайына, жер бетіндегі темір жолдардың орналасуына байланысты жасалуы керек. 1.25-суретте, оқпан албарының, пайдалы қазбаны тік оқпанмен ашқандағы орналасуы көрсетілген. Оқпан албарындағы барлық камераларда, қауіпсіздік ережесіне сәйкес, өздерінің атқаратын жұмыстары болады. Мысалы, шактыны тосыннан су басып кетпеу үшін, насосты камераларға, электр станцияларына үш жүріс жолдары өткізіледі. Оның біреуі шакты оқпанына, камерадан жоғары 7 м биіктікте қосылады, ал басқалары, тығыз жікті есіктермен жабдықталып, оқпан албарына шығады. Орталық электр станциясының камерасы және басты су шығаратын камералар, оқпан албарындағы рельстерден 0,5 м жоғары орналасуы керек. Насос камерасынан 5,5 м төмен *су жинағыш* (шұңқыр) жасалынады, барлық шақтыдан шығатын су осында жиналады. Су жинағыш екеу болады, олар кезек-кезек жиналған, ластанған суларды тазалап тұрады. Басты су жинағыш камерасы 4 сағат бойындағы суды жинауға есептелінеді.

Қауіпсіздік ережесі бойынша, шактының өр горизонтында өрт сөндіргіш поезд және өрт сөндіруге керек материалдар сакталынатын қойма болуы керек. Поезд және қойма оқпан албарында орналасуы керек. Қосалкы оқпанға келетін қазбалар, өрт жібермес есіктермен камтамасыз етіледі. Көп шақтыларда жүк тасуда аккумуляторлы электровоздар колданылады, сондыктан аккумуляторды зарядтайтын станциялар және оларды жөндеу шеберханасы салынуы керек. Кеншілер жұмыстан кейін қырға шығу үшін аялдама камерасына жиналады. Егерде шақтыда істейтін кеншілердің саны 500 деңгасса, онда медпункт ашылады. Жүктер тасылған және шоғырланған жерінде диспетчер белімі болу керек.



1.25 – сурет. Оқпан албары: 1 – скріпті окпан; 2 – клетті окпан; 3 – ЖЗ қоймасы; 4 – ЖЗ қоймасын жеддететін түйіліспе; 5 – зарядтау камерасы; 6 – жөндеу шеберханасы; 7 – электртасымалдаушы тұратын жер; 8 – алмастыру станциясы; 9 – жыныстар түсіретін шүнкыр; 10 – көмір түсіретін шүнкыр; 11 – медпункт; 12 – туалет; 13, 14 – орталық электрстанциялары; 15 – су жүретін жүріскол; 16 – кеншілердің поезда мінетін жері; 17 – насос станциясы


2 ТАУ-КЕН ҚАЗБАЛАРЫН ӨТКІЗҮ

2.1 Жеке дара қазбаның айналасындағы тұтас жыныстардың кернеулі деформациялық күйі жөнінде деректер

Бұзылмаған тұтас ортадағы жерасты тау-кен жыныстары жоғары жатқан жыныс қалындықтары салмағынан қысым көреді. Жер бетінен (H) терендікте жатқан жыныстың әрбір бөлшегінің бетіне түсетін қысым (P) тең: $P = \gamma H$, мұнда γ - жыныстар тығыздығы, t/m^3 .

Жыныс бөлшегінің деформациялығына қоршап тұрған жыныс массиві кедергі болуына байланысты бүйір беттері (P) күшіне қарсы қысым әсерінде болғандықтан, олар жан-жакты қысым жағдайына үшінрайды.

Тұтас жыныстарының кернеулі тепе-тендік жағдайы қазбалар өткізіле бастағаннан бастап бұзылады. Қазба маңында кернеулердің кайта таралып бөлінісі басталады. 2.1-суретте дөңгелек қазба кесіндісінде серпімді фото әдісімен түсіріліп алынған басты тангенциал кернеулерінің изосызықтары көрсетілген. Күш сыйыктарының коюланған жерлері кернеу шоғырланысын көрсетеді. Қазба бөліктерінің, тәбе мен табаны жағынан қауіпті созылу кернеуі пайда болады. Егер кернеу шоғыры жыныстың беріктігінен асып кетсе, онда ол жыныстардың күйреуіне әкеп соғады. Қазбаны коршаған жыныстар күйреуі әртүрлі болуы мүмкін. Бірінші жағдайларда жыныстар шытынап жарылып барып, кесек болып бөлініп түседі. Басқа жағдайлардағы, деформациялану жыныстардың қазба ішіне пластикалық сыйылуды түрінде болады. Қазба маңайында күйреу зонасы пайда болады, оның әсері жыныс қойнауына терендеген сайын әлсірей бастайды.



2.1- сурет. Дөңгелек киыкты қазбаның маңайындағы, серпінді ортадағы кернеудің тангенциалды және негізгі сыйыктары

Жыныс формасының өзгеруі мен оның жылжуы, қазба өткізу кезінде кернеу тепе-тендігінің бұзылып, тау қысымының пайда болғанын көрсетеді. Қазбаны коршаған жыныстардағы тіреуге, кен дінгегіне, массивке әсер етіп түрған күшті *тау-кен қысымы* деп атайды.

2.2 Қазбаларды бекіту

Кернеулі тепе-тендіктің бұзылысы жыныстардың қазба ішіне жылжуына әкеп соғады. Қазбаның формасын, жобалық аудан мөлшерін сактау үшін оған тіреу қою қажет. Тіреу конструкциясы, даярлау қазбалармен тазарту кенжарларындағы және олардың түйліскең жеріндегі кен қысымының күшімен салыстырыла жасалуы керек.

Егерде қазба жынысы сілемінің катты тұсынан өткізілген болса, қүйреу зонасының мөлшері шамалы болуы, тіпті таза болмауы да мүмкін. Қысым шамалы болғандықтан бұл жағдайда тұтқыр тіреу колданылады. Егерде қазба тазарту жұмысының аймағында, оның үстіне осал жыныс арасында болса, жыныстардың жылжуы қазбалардың төңірегінде кернеу күшінің көбеюіне әкеп соғады. Мұндай жағдайда тіреудің икімді конструкциясын колданған жән. Икімді тіреулердің кен жынысы қысымына қарай қыс мөлшері азайғанмен, формасы, конструкциясы, қарсылық күші сакталады.

Тау-кен қазбаларының тіреулеріне қойылатын талаптар: қазба қуысын аз толтыра, ұстамды күшін сактай білу; ая жүрудегі кедергінің аз болуы; тіреу конструкциясының қысымға және оның күшіне сай болуы; арзан болуы; тіреуді дайындау және қою жағдайын механикаландыру т.б.

Кейде тіреулер арнаулы талапка сәйкес болуға тиісті - өрт жағынан қауіпсіздік, су өткізбеушілік, өте құрделі геологиялық жағдайдағы қазбаларды сактай білу т.б.

2.3 Тіреу материалдары


Қазбаларды бекіту үшін метал, бетон, ағаш, темір бетон, табиги және жасанды тастан қолданылады. Ағаш тіреу ретінде карағаш, шырша ағаштардың жонылмаған және жонылған (распил, шпал, брус, обаполдар) түрлери қолданылады. Тік тұратын тіреу деп, диаметрі 34 см дейін, ал ұзындығы 0,5 тен 7 м дейінгі ағаштарды атайды. Распил деп, өн бойынан қак тілінген ағаш тіреуді атайды. Брусья деп екі не төрт жағынан жонылған ағаштарды айтады. Бөренелерді тактай ғылыш тілгенде қалғандарын обапол, ал ең бет жағындағысын горбыль дейді. Ұзындығы 1 м обаполды - тартушы дейді.

Кен қазбаларының метал тіреулері шойын, құрыш (болат) материалдарынан құрылады. СТ3, СТ5 маркалы құрыш материалдары

профильды прокат, табақ және тілінген темір түрінде пайдалынады (2.2- сурет).

2.2-суретте шакты тіреуін жасауға арналған салмағы 17 ден 27 кг/м дейінгі, құрыш прокатының кесіндісі көрсетілген. Құрыштың дәнгелек түрі темір бетон құрамында арматура ретінде және штангалы тіреулерде колданылады. Ал двутаврлар, швеллерлер және рельстер оқпанды өзектеу үшін жұмысалынады. Көбінесе метал тіреулерінің кемістігі, олардың коршаған ортаға байланысты мүжіліп тозуы. Құрделі гидрогеологиялық жағдайда қазбаларды бекіту үшін шойыннан құйылған тюбинг қолданылады.

2.2 - сурет. Шакты тіреуіне арналған арнаулы құрыш прокаттары



Бетон деп катып қалған, цемент, құм, киышык тас косындыларын атайды. Бетон құрамын цементке карай, толықтыруыш заттардың салмак не аумак мөлшерімен (Ц:К:Т) анықтайады. Бетонның каттылығын маркасымен айырады. Бетонның маркасы деп 28 күн ішінде, температурасы 15-20°C, ауаның салыстырмалы ылғалдығы 90-100% болған жағдайда, қатқаннан кейінгі қысымға беріктілік шегін айтады. Бетонның беріктігіне әсер ететін, оның құрамына кіретін цементтің маркасы, оның 1m³ бетонға жұмысалатыны, су мен толтырыштардың шығыны және оларды орналастыру әдісі.

1m³ бетонға жұмысалатын цементке байланысты, бетондар қою, орташа, сүйық түрлері болып бөлінеді. Шактылардағы қазбаларды бекіту үшін (1m³ бетонға 200-250 кг цемент кететін) қою бетонмен орташа бетон қолданылады. Көбінесе қою, орташа бетондар корсаулап (шегендең) бетондағанды тілейді. Корсаулаудың мәнісі, бетон қатқанша, жыныс қысымына төтеп беруі. Егерде бетонды дайындаумен, қолданудың арасында көп уақыт өтетін болса, онда бетон қатып қалмау үшін, арнайы косындылар қосылады.

Шактыларда жай бетондармен қатар, арнайы тез катыш, торкret-бетон, шашыранды бетондар қолданылады. Тез катыш бетонның қатаю жолын тездету үшін, цемент массасынан 2-3% қылып косындылар (CaCl_2) қосылады. Мұндай бетон бір тәуліктен кейін 3000 н/см² салмақты қөтере алғатын жағдайға келеді. Торкret-бетонды цементі мол (850 кг 1m³ косындыға) құм, киышык тас косып жасайды. Қосындының 10-12% су болып яғни торкret-бетонның консистенциясы сүйық бетонға таяу болуға тиісті. Торкret-бетонды, қалындығы бірнеше сантиметр қылып, тәбеле цемент-зенбірегімен

жапсырады, мұндай бетонның мықтылығы, басқа жәй бетондардан әлде кайда артық болады. Шашыранды бетонның торкret-бетоннан айырмашылығы, оның толтырыштарының түірі ірілеу келіп және бетонды тез катыратын косындылары болады. Шашыранды бетонды әдейі арналған, ауа күшімен жұмыс істейтін, бетон кондырыштарымен орналастырады. Торкret-бетонмен, шашыранды бетонды қолданғанда, корсау жасалынбайды. Бетон тек қысым күшіне ғана төтеп бере алады, сондыктан осы касиеттерін тіреу конструкцияларында ескерген жөн.


Темір бетон деп, ішінде құрыш сабактарынан жасалған арматурасы бар бетонды атайды. Арматура бетонның қысымға ғана қарсылығын қүштейтіп қоймай, іліске қарсы қарсыласуын қүштеді. Кейде алдын ала ширатылып-тартылған арматуралы темір бетон қолданылады. Мұндай жағдайда, арматураны бетон құйылмай тұрып қатты тартып, содан кейін барып бетон құйылады. Осының нәтижесінде кернеу құш пайда болып, құрету күшке қайраты молайды.

Табиғи тастар құystарды толтыруға пайдалынады. Жасанды тастар ретінде кірпіш, бетонит, шлактыблок т.б атауға болады. Бетониттер 150 маркалы бетон косындысынан жасалса, шлактыблоктар шақтының құйген топырағынан не түйіршіктелген шлактан жасалынады. Бетониттер, қазбалардың қиығына байланысты, тік бұрышты, не болмаса сүйір формалы болып келеді, ал шлактыблоктар қебінесе тік бұрышты болып келеді.

2.4 Тау-кен қазбаларындағы тіреулердің формасы, олардың конструкциялық айырмашылықтары


Тау-кен қазбалары, өздерінің жер астында орналасуына байланысты тік, жазық, көлбеу болып бөлінеді. Көп жыл жұмыс істейтін тік оқпандар қиығы дөнгелек болып, тұтас бетонмен шегенделеді (2.3-сурет).

2.3 - сурет. Металмен өзектеліп бетонмен бекітілген шақты оқпанының қимасы



Оқпанның орналасуына байланысты бетонның қалындығы 200-300 мм, кейде оданда жоғары болуы мүмкін. Оқпандар сулы, осал жыныстар арасында жұргізілетін болса, онда тіреулер металдан, не болмаса темірбетонды тюбингтерден құрылады. Мұндай жағдайда оқпанның киысы дөңгелек келеді. Тюбингтердің сакиналы қабыргалары ауаның жылжына әжептәуір кедергі келтіреді. Тюбингтен құралған тіреулер өте қымбатқа түсетін болғандықтан, кейде оларды тұтас бетонды тіреумен айырбастайды.

Тік оқпан ішін әрмірлендіру деп көтергіш құбырдың жылжу бетін бағыттайтын конструкциялар (кергіштер мен желілер), құбыр орнықтырып іletін кергіштер және апат кезінде кеншілер шығатын саты бөлімдерін атайды. Әрмірлеудің негізгі ауыртпалығын көтеретін элементке кергіштер жатады. Олар оқпанды көтергіш, басқыш, құбыр бөлімдеріне бөледі. Желі ілінетін кергішті - басты, ал өзгелерін қосалқы деп атайды. Бетонмен, тюбингпен бекітілген оқпанның кергіштегі двутавр 14 құрылады. Бас кергіштердің ұштарын 250 мм-ден кем қылмай бетонга бекітеді. Қосалқы кергіштердің бір басы




2.4-сурет. Желілердің кергіштерге бекітілуі: а) ағаш желі, б) рельстен жасалған желі; 1 - желі; 2 - кергіштер; 3 - қапсырмалар; 4 - түйіліс бастырмасы; 5 - қапсырмаларды бекітетін болттар; 6 - ортақтауыш шеге

кейде басты кергішке койылып бұрыштамамен, болтпен бекітіледі. Негізгі кергіштер дәлме дәл бір жазықтықта орналасуы керек. Метал кергіштерінің кемістігі мужілуге душар болуы.

Желілер көтергіш құбырларының бір ізбен қозғалуын қамтиды. Олар ағаштан, металдан жасалады. Ағаш желі, 18x18 не 18x20 см киыкты қырлы ағаштан жасалып кергішке, басы мен үші шығып кетпейтіндегі қылып, болтпен бекітіледі (2.4а-сурет). Желі рельстен, не болмаса швейлерден жасалады. Рельстен жасалған желі кергішке арнайы қапсырмамен бекітіледі (2.4б-сурет). Қауіпсіздік ережесіне сәйкес оқпанның бірінде, міндетті түрде, саты бөлімі қаастырылады. Ол үшін косалқы кергіштерде, арасы 8 м дең қашық қылмай, металдан не болмаса ағаштан сөре орнатып, олардың үстіне енкектігі 80° тан аспайтын қылып саты қойылады, ал сөренін шетінен, кеншілер өте алатын, мөлшері 0,6-0,7 м тесік қалдырылады. Басқыш бөлімін, басқа бөлімшелерден металмен не ағашпен ажыратады. Құбырлар қосалқы кергіштерге, биіктік алшактығы 6-10 м, ілгектермен бекітіледі. Кабель оқпанның шегеніне, арасы 5-6 м дең, қапсырмамен шегеленеді. Қауіпсіздік ережесі бойынша көтеріліп, жылжып түрған құбырмен шегенделген оқпан қабырғасының арасында, не оқпанмен әрмірлердің арасында тиісті санлау қалдырылуы керек.


Оқпандардың диаметрі үлгіленген, көмір өндірісінде олар 4-8 м дейін алынады. Оқпанның көлденең киык мөлшері, бар керек жабдықтардың қауіпсіздік ережесіне сәйкес орналасуын қамтамасыз ету керек. Алынған оқпанның киысы, ауаның жылжу жылдамдығымен салыстырылуы керек. Жауапкершілігі төмен деген тік казбалар (барлау оқпандар, шурфтар) тік бұрышты қылып ұңғыланып, ағашпен тіреледі. Мұндай қазбалардың әрмірі ағаштан болады (2.5-сурет).

Жазық не енкей қазбаларды шегендең бекіту үшін ағаш, метал, бетон, тамшы бетон, тас және қосынды материалдар колданылады.



2.5 - сурет. Тұтас ағаш шеген: 1 - тіреу тәжі; 2 - қатарлы бөренелер; 3 - мәткелер; 4 - кергіштер; 5 - шеге; 6 - бағыттаушы желілер; 7 - басқыштар (сатылар) бөлімі


Казбалардың киыс формасы, атқаратын жұмысымен, тіреу материалдарының түріне байланысты болады. 2.6-суретте істеу мерзімі аз казбаларда колданылатын ағаш тіреулері көрсетілген.



2.6 - сурет. Ағаш тіреу: а) тәбе тіреуі; б) тік бұрышты рама;
в) трапеция түрлі рама

Рамалар, диаметрі 15-30 см бөренелерден, аралары 0,7-1,5 м қашыктықта, казбаның өн бойымен орнатылады. Тік тіреумен тәбе тіреуі арнайы көртік арқылы бекітіледі. Тіреулердің арасынан тас және жыныс өтпес үшін рамалардың арасын тақтаймен не бөрененің кесіндісімен шегендейді. Рамалы тіреу қатқыл тіреуге жатады. Рамалы тіреулердің сүйірленгендері қысым түскенде үші мұжіліп икемділікке үшірыады.


Металдан жасалған тіреу-бекітпелердің төзімділігін, қаттылығын, отқа жанбайтын қасиетін, үнемділігін айтуға болады. Тазарту жұмысының әсер ететін жеріндегі казбаларда икемді (иілімді) тіреулер мен бекітпелер қолданылады. Рамалы тіреуді (2.7, а-сурет) рельстен не двутаврдан дайындауды. Тік тіреу тәбе тіреулерімен құйылған тиянақ не болмаса жапсырмамен бекітіледі. Ал иілімді арка тіреулері әдейі арналған профиль балқадан дайындалады (2.7, б-сурет).




2.7- сурет. Металдан жасалған тіреу: а) қатқыл рамалы тіреу;
б) иілімді арқа тіреу

Тіреу үшін бөлшектен тұрады: арка формалы тәбеден және екі иилген аяқ тіреуден. Тәбедегі тіреудің үштері тәменгі тіреудің үстімен сусып, тіреудің илімдік сипатты орындауға мүмкіншілік тудырады. Тәбе тіреуімен бүйір тіреулері қамыт арқылы бекітіледі. Илімділіктің мүмкіншілігін қамытты қысып тартуына байланысты мөлшерленеді.

Метал тіреу-бекітпелеріне тағыда штангалы қарнак бекітпелер жатады. Бұл бекітпелер мыкты және тұракты, бірақта жарылған, кабатталған, каттылығы $f = 4$ не одан жоғары жыныстардағы казбаларда колданылады. Қарнак бекітпесінің атқаратын жұмысы, казбаларды коршаған жыныстардың құлап кетпеуі, олардың бөлшектерін үстап тұруы (2.8-сурет).



2.8 - сурет. Қарнақтап бекітілген қазба



2.9 - сурет. Штангалы қарнақ бөлшектері:

- а) сыналы штанга: 1 - штанга; 2 - сына; 3 - тіреу плитасы; 4 - бұранды;
- б) кернеу штангасы: 1 - штанга; 2 - төмпешік; 3 - кернеу сақинасы; 4 - шошак бұранда; 5 - болттың басы


Қарнекты бекітпелердің ұзындығы 0,6 м дең 3 м дейін штангасынан, не болмаса қырлы темірден жасалады. Штанганы теспелерде әртүрлі конструкциялы құлыптармен бекітеді. Өндірісте көбінесе сыналы және кернеу тіреулері мен бекітпелері кеңінен колданылады. 2.9, а-суретте көрсетілгендей, штангандың бір жақ үшінан метал сынасы қағылатын, ені 3-5 мм жыра жасалынады. Тесілген теспеге штанга жыра салынған ұшымен, сынамен бірге енгізіледі. Штанга теспе ішінде бекітілгенде қалу үшін, екінші шығып тұрған

ұшынан ұрыптың осыдан кейін штанга үшінан бекітпе плитасы, не болмаса пластинка орнатылып бұрандамен тартылады.

Кернеу құлышты штанга арнайы кернеу гильзасымен бекітіледі (2.9, б-сурет). Штанганиң үшінан бұранда бұралып, ол штанга бойымен жылжыған сайын, кернеу гильзасын теспеге тірелтеді. Кернеу бекітпе, сыналы бекітпеден қымбат болсада, колдануга ынғайлырак болады. Қарнак бекітпесінің тиімділігі - бекітпе орнату үшін қазбаны көздейтудің кәжетсіздігі, бекітпе қою шығынының азаюы, ауа жүретін жолдың көздеуі.

Тас бекітпелер кен қысымының қалыптасқан қазбаларында қойылады. Керек болғанда, тас бекітпелердің арасына, қалындығы 30 мм дейін ағаш төсеп, ал қуыс жерлерін сусымалды материалдармен толтырып, бекітпелерге иілімділік мүмкіншілік беріледі.

Бетоннан құйылған бекітпелердің тас бекітпелерден айырмашылығы жіккіз болғандығы. Бетон бекітпесінің қалындығы 25-35 см болып, тас бекітпелерден мықты жөне су өткізбеу касиеті жоғары болады. Қатты жыныс арасындағы қазбалар тіреу-бекітпе тілемейді. Қабырға, тәбе тіреулерін сактау үшін тамшы бетонмен сыланады (2.10-сурет).




2.10 - сурет. Тамшы бетон бекітпесін кондыратын машина

Үстіңгі камера (1) арқылы құрғак қосынды зат шлюзге (2) жеткізіліп, онда айналмалы өлшеуші қалтасына түсіп, шлангадағы (3) ауа ағынымен соплоға (4) жетеді. Сумен араласқан қосынды шланг (5) арқылы қабырға бетіне шашыратылады. Ауаның қысымы 400-500 кПа болып, ал судың қысымы көрсетілгеннен 100-150 кПа артығырак болғаны шарт. Сылау қабатының қалындығы 5-7 см кем болмауы керек. Бұл әдісті қалыпсыз бетонда деп атайды.

Екі, не одан көп материалдардан жасалған тіреулер мен бекітпелерді аралас бекітпелер деп, атайды. Мұндай бекітпелер,

көбінесе төбесі жалпақ қазбаларда ағаш рамамен әлде формалы темір бетон тірегімен не метал маңдайшасымен бекітілген тұтас бекітпелерде колданылады (2.11, а-сурет). Қабырғасы кірпіш не бетоннан, ал төбесі метал әлде ағаш балкасымен жабылған тұтас бекітпе (2.11, б-сурет), не болмаса қабырғасы тас не кірпіш, төбесі тұтас бетонмен күмбезделген (2.11, в-сурет) бекітпелерде кездеседі.



2.11 - сурет. Аralас бекітпе: а) темірбетоннан не ағаштан (1) және темір маңдайша (2); б) тас қабырға, темір маңдайша; в) тас қабырға, күмбез бетон

Аralас бекітпелер, өте ұзак колданылатын, өте зор қысымда тұратын және қазбалардың киылысын тіреуге колданылатын бекітпелер (2.11а,б,в-сурет). Аralас бекітпелер, қазбалардың киылысы, онда орналасатын жабдықтардың, темір жолының санына және жүретін ауаның көлеміне байланысты жүргізіледі. қазбаның бір жағында кеншілер жүретін жол калдырылады. Кеншілер өтетін жолмен жүк таситын транспорттардың арасында, арнаулы санлау (куистар) калдырылып, ал өтетін ауаның жылдамдығы қауіпсіздік ережесіне сәйкес болуы керек. Қазбалар киыктары, бекітпелер тұрғызыланша, сонаң бекітпелер тұрғызылғаннан кейін екі рет есептелінеді. Ал есептелген киыктар, қауіпсіздік ережесіндегі бекітілген киықтарға сәйкес болуы керек.

Қауіпсіздік ережесі бойынша, көмір шактыларында тасуға және желдетуге арналған қазбалар киыктары ағашпен, металмен тірегендे $4,5 \text{ м}^2$, ал таспен, темір бетонмен тірегендеге $4,0 \text{ м}^2$ кем болмауы керек. Рудниктерде бұл цифrlар 4 және $3,5 \text{ м}^2$ дең басталуы керек. Қазбалардың биіктігі, рельстен төбесіне дейін, көмір шактыларында 1,9 м, ал рудниктерде 2 м-ден кем болмауы керек.

2.5 Тау-кен қазбаларын өткізудегі технологиялық процестер

Тау-кен қазбаларын өткізудегі процестер екі топка бөлінеді. Бірінші тобы - *негізгі* (тау-кен сілемін құлату, құлаған жыныстарды жинап тиесу, түракты бекітпелерді қою). Екінші тобы *косалкы* (уакытша тіреулерді қою, темір жол тәссеу, су ағатын жыра өткізу, вагонеткаларды айырбастау, алмастыру тұрғыларын көшіру, ауа жүретін құбырларды жалғастыру, кабельдерді ұзарту т.б.).

Тау-кен жыныстарын копару процестері *механика-гидравлика*, *гидравлика* және *бұргылап-жару* әдістерімен орындалады.


Механика және механо-гидравлика әдісі комбайн арқылы орындалады. Гидравлика әдісі тау-кен жыныстарын қатты қысымды су қүшімен қопарады. Жарылғыш қопару деп, жыныстарды тесіп, тесілген жерді жарылғыш заттармен толтырып қопарғанды айтады. Аталғандардың ішінде ең кең тарағаны механика және жарылғыш әдістері. Механика әдістері, жазық не көлбеу қазбаларда, қаттылығы $f = 4 - 6$ дейінгі жыныстарды ойып алуға пайдаланылады. Осы күні, қаттылығы 10-ға дейінгі жыныстарды копаратын комбайндар сыннан өтіп жатыр.

Жарылғыш заттармен копарып алу әдісі барлық қаттылықта колданылады және қазбалардың қалай орналасуын таңдамайды.

2.5.1 Жыныстарды бұргылап-жару жұмыстары

Жыныстардың копарылуы, жарылғыш заттардың (ЖЗ) жанған кезінде газға айналып, көлемі күрт ұлғаятын энергия қүшіне байланысты. Жарылғыш заттың күрт ыстығы мол, газға айналу процесін *жарылғыс* деп атайды. Жарылғыстың қопару әсерін арттыру үшін, жарылғыш заттарды жарылғыш *коймаларға* орналастырады. Ол коймалар бұргылап, тесіп жасайтын болғандыктан, барлық қопару жұмысы *бұргылап жару жұмысы* (*БЖЖ*) деп, аталауды. Жарылғыш коймаларына *теспе (шпур)* мен *үнғыма (скважина)* жатады. Теспелерді айналма, соғып - айналма, не айналып соғатын машинкалармен бұргылайды. Айналма әдісімен бұргылайтын машинкаларды тескіш деп атайды. Қолданылатын куатына қарай-электр, сығылған ауа гидравлика түрі болып; қолданылатын тәсіліне қарай - қолға ұстайтын женил, колонкаға койылатындары болады. Электр бұргылар, козғау механизмдерінің түрімен және оның жылжыту куатымен (5-16 кН дейін) айналу шашшандығымен (120-600 об/мин) және двигатель куатымен (2-4,8 кВт) бөлінеді. Жұмсақ жынысты бұргылау үшін кол бұранда қолданылады. Қатты жыныстарды бұргылау үшін салмағы 105-120 кг дейін колонкода, манипуляторда не болмаса бұргы арбашығына тиелген электр


бұрғысы қолданылады. Бұрғы арбашасына екіден алтыға дейін колонкалы бұрғы машиналар орнатылады. Бұрғы машиналар жалғыз кеншінің басқаруымен жұмыс істейді. Манипуляторлар бұрғы машиналарды көтеріп, тәмен түсіріп, белгілі жерге бекітіп қоюға мүмкіншілік туғызады (2.12, а-сурет).



2.12 - сурет. Бұрғы машинасының қондырғысы: а) манипуляторға қондырылған; б) пневмобекітпеге орнатылған; 1 – электрбұрғы; 2 - жылжымалы сөре; 3 - каретка; 4 - айналма; 5 - люнет; 6 - сым; 7 - сым қармағы; 8 - су жіберіп тұратын муфта

Бұрғы-сок әдісімен тесіп - бұрғылау ісінде қолды телескопты және колонкалы пневмобалғалар (перфораторлар) пайдалынады. Олардың салмағымен (12-30 кг), минутына соғу жиілігімен (1700-2000) және аяу шығынымен (2 дең 3,5 м³/мин дейін) айырмашылдықтары болып тұрады. Жиілігі минутына 2000 сокқыдан артық ұратын балғалардың, бірінші жағынан өнімі артық бола тұрсада, екінші жағынан бұрғышылардың денсаулығына зиян келтіретін анықталды. Сондықтан мұндай балғалармен қолмен жұмыс істеуге ұлықсат берілмейді. Ондай балғалар, дірілдегенін басатын кареткаға орналасқандағандағанда беріледі (2.12б-сурет). Айналып соғу әдісімен бұрғылағанда, ұру жиілігі минутына 4000, жылжу күші 1,1 кН дейін, аяу шығыны бір машинаға минутына 10 м³ кететін, бұрғылау машиналары қолданылады (2.13-сурет).

көзбапынан бүкілтің 6500 мың деталі




2.13 - сурет. СВУ-2М бұрғы кондырығысы

Тік қазбаларды жүргенде, уатылған жыныстарды теспеден сумен не болмаса ауамен соратын кол перфораторлары қолданылады. Кенжарда бір мезгілде істейтін бұрғы машинаның саны, бір машина кенжардың $2,5\text{-}4\text{m}^3$ көлемін алады деп есептелінеді. Бұрғы аспаптарына: бұрғы, коронка, қырнағыш жатады. Қаттылығы орташа жыныстарды айналма әдісімен бұрғылағанда ромб не тік бұрыш формалы У7 құрыштан жасалған бұрғы штангалары пайдаланылады. Штанганың бір жағына өте катты метал-керамикалық корытпамен қапталған жонғыш орнатылған (2.14-сурет). Бұрғылау кезіндегі шығатын ұсақ жыныстар бөлшектері айналма штанга арқылы сыртқа шығып жатады. Егерде бос кремнезем аудада 10 % тен асатын болса, онда 1 m^3 аудада шаң 2 мг аспау керек, егер асса теспені сумен шайып бұрғылау керек.



2.14 - сурет. Айналма бұрғылайтын бұрғы штангасы:
1 - жонғыш; 2 - сабы; 3 - қондырғысы

Бұлай айналып бұрғылау үшін, диаметрлері 22, 23, 32 мм, іші қуыс алты қырлы не болмаса дөңгелек құрыш бұрғы штангасы жасалады. Мұндағы жонғыштарда, теспеге су шығатын тесік қалдырылады (2.15, а-сурет).



2.15 - сурет. Айналма бұрғылауда колданылатын жонғыштар мен айналма-соққы бұрғылауда колданылатын бұрғы коронкалары: а) РП-7Ц жонғыш; б) РПРМ; в) БИ-722; г) РКС; а' - бір тілді коронка; б' - крест түрлі; в' - «Т» түрлі; г' - шығынқы жүзді


Қатты жынысты бұрғылауда, жылжу күші 15 кН артық болуы үшін РКС жоңғышы ұтымды қеледі. Осы жонғыштарды, қаттылығы 12-18 жыныстарында пайдаланғанда, бұрғылау өнімі РП-7Ц салыстырғанда 2,5-3,5 есе өседі. Жыныстардың жатыс жағдайына байланысты соғып айналма әдісімен бұрғылағанда бір тілді, киысты (крест) түрлі, «Т» түрлі және алып салмалы коронкалар колданылады (2.15, а-ғ-сурет). Олардың жүзі өте қатты косындылардан жасалып штангага конусты не бұрандалы қондырылармен бекітіледі. Теспені жаксы тазартып түру үшін, минутына 5-18 л су жіберіліп тұрады. Су теспенден шыккан шанды басып, ысыған коронканы сұтып, бұрғылау процесіне үлкен жеңілдік туғызады. Теспенін диаметрі 32-60 мм дейін, ал ұзындығы 0,5-3,5 м өзгереді. Тиімді болу үшін, теспенін ұзындығын 2,2-3,2 м асырмаған жөн.

Жарылғыш заттармен жару жабдықтары. Тау-кен өндірісінде аммиак-селитралы мен нитроглицерин жарылғыш заттары (ЖЗ) кеңінен колданылады. Біріншісінің негізгі компоненты аммиак селитрасы (NH_4NO_3). Бұған аммонит, аммонал, динафталит, динамон т.б жатады. Нитроглицерин $\text{C}_3\text{H}_5(\text{ONO}_2)_3$, нитроглицеринді жарылғыш заттардың негізгі косындысы болып саналады, бұған динамитте жатады. Қолдану ережесіне сәйкес ЖЗ мынадай топқа бөлінеді:

- 1: Сактық тілемейтін - жер бетінде және шаң, газ жарылу қаупі жоқ шактыларда, жарылыс жұмысын өткізу үшін.
2. Сактық тілейтін - шаң, газ жарылу қаупі күшті шактыларда.
3. Өте сактық тілейтін - көмір жару ісінде қолдану үшін.

Аммиак-селитралы ЖЗ патрон не қапшық пакетке толтырылған түрінде, ал нитроглицерінің ЖЗ тек патронды қалпында пайдаланылады. Жарылыс туғызатын процесті *қозғаушы* деп атайды. Оның от арқылы не механикалы жарылыс туғызатын түрлері бар. От әдісін қолданғанда, дәріні жарғызатын жабдық ретінде от өткізетін шнурмен, капсул-детонатор қолданылады. От өткізетін шнурдың қызметі, отты капсул-детонаторға жеткізу. Капсул-детонатордың атқаратын міндеті ЖЗ-қа қозғау беру. Капсул-детонатор дегеніміз іші тұтынатын қозғаушы затка (тетрил, тән не гексоген оған коса құркіреуік сынақ, не болмаса тенереспен қорғасын) толған, диаметрі 7 мм дейін метал (алюминий не жез) не кағаз қауыз, (2.16-сурет). От жүргізгіш шнурға жалғанған капсул-детонатор ЖЗ ішіне жеткі-


2.16 - сурет. Капсул - детонатор: 1 - қауыз; 2 - аяқша; 3 - қозғаушы қосындылар



зіліп орналастырылады. Мұндай патронды *окталған* патрон деп атайды.

От жүргізгіш шиурдың ішімен от 1 м/сек шапшаңдықпен жайылады. Жалын от, аякшадағы тесіктен капсулге тиіп, ал ол ЖЗ-ға детонация береді. Газ және шаң қаупі бар шактыларда және қазбалардың құлама бұрышы 30° -тен жоғары болғанда, ЖЗ-ды отпен тұтандыруға болмайды.

Электр қуатымен жарғанда, ЖЗ-ға детонация беру үшін, электр тұтатқышымен қосылған, капсул-детонатор қолданылады. Электр-детонаторлардың тез және жәй жұмыс істейтіндері бар (2.17-сурет).



2.17 - сурет. Электрдетонаторлар: а) тез өрекетті; б) жәй өрекетті; 1 - пластикалы тығын; 2 - тұтататын зат; 3 - гильза; 4 - аяқша; 5 - тор; 6 - шабандатушы зат; 7 және 8 - қозғаушы заттар

2.17, а-суретте тез тұтанатын электр-детонаторы көрсетілген. Электр тұтандырғыш екі жекеленген, диаметрі 0,5-0,6 мм сымнан тұрады. Екі сымның ұшына, женіл тұтанатын, қосынды (нихром) жалаткан сымнан, балқыту көпіршігі жасырылады. Балқыту көпіршігімен электр қуатын жібергенде, электрдетонатор жарылады.

Жай өрекетті электрдетонаторлардың электр тұтандыруышымен, қоздыруыш қосындысының арасына арнайы жайлатау заты қойылады (2.17, б-сурет). Бұндай жағдайды, окталған теспені бірінен кейін бірі жарылу үшін қолданады. Электрдетонаторды жару үшін, токты машинкадан не болмаса электр торынан алады.

Шаң-тозаң, газ жарылу қаупі бар шактыларда конденсатор түрлі, жарылыс қаупінен сакталынып жасалынған, арнайы тұракты токты жарылғыш машинкасы қолданылады. Бұл машинкаларды шактыда ашып, бұзуға болмайды. Жөндеу ісі тек қана шеберханада жасалуы керек.

Жарылыс жұмысын жүргізу. Жер астында жарылыс жұмысы скважина не теспе зарядтарын жару арқылы жүргізіледі. Кен қазбалары жүргізілгенде теспе зарядтары қолданылады. Жарылғыш заттар теспенің ен бойын $1/3$ тен $2/3$ дейін толтырады, қалған жері жанбайтын материалдармен тығындалады. Жарылу қуаты жарылатын кен сілемінің бос беттерінің санына және бос беттермен зарядтардың аралық жақындығына байланысты. Бұл аралық жақындығын ен кем кедергі сыйығы (ЕКС) деп аталады.


Қазбалардың кенжарында бір кейде екі жалаңаш бет кездесіп тұрады. Қосымша жалаңаштық күру үшін алдымен қуыс жасау теселері бүрғыланады. Кедергі сыйығын (ЕКС) шағынданту үшін, жарылғыш жаттарды әр түрлі уақытпен жарған дұрыс.

Тау-кен өндірісінде, кен алу жұмысында скважиналы зарядтар кенінен қолданылады. Скважиналарды арнайы станоктармен, диаметрі 50 ден 130 мм дейін және ұзындығы 10-50 м дейін қылыш бүрғылайды. Жарылғыш заттармен скважинаны октаған кезде, женілдік туғызу үшін ауа күшімен октайтын, октағыштар пайдаланылады.

Жарылыс жұмысын жүргізу үшін, қолында тиісті қуәлігі бар кеншілер жіберіледі.

2.5.2 Кенжар ауасын алмастыру

ЖЗ жарылғанда мынадай заттар пайда болады - көмір тотығы (CO_2), азот қос тотығы (NO_2), т.б. Кен қазбалары (оқпандар, штолньялар, квершлагтар, штректер т.б.) сынар түйік ретінде жүргізіледі. Мұндай қазбаларда жарылғыш жұмыстары орындалғаннан кейін, ауасын алмастырып тұру үшін жергілікті желдеткіштерді қолданады. Жел ауыстырудың үш түрлі әдісі бар: ауаны қысып үрлеп жылжыту; сорып жылжыту; аралас әдіс. Ауаны үрлеп жылжытуда таза ауа құбыр арқылы беріліп, ал жарылғыш заттары араласқан лас ауа қазба бойымен тыска бос ағызылып шығарылады (2.18, а-сурет). Сорып жылжыту әдісінде ластанған ауа құбырға желдеткішпен сорылып, ал таза ауа қазба бойымен кенжарға ағынмен жеткізіледі (2.18, б-сурет). Екі әдістің екеуіндеге таза ауа келетін қазбамен қазылып жаткан қазбаның түйісетін жерінен ең кем дегенде 10 м кашыктықтан алынады. Аралас ауа әдісінде екі желдеткіш койылады, біріншісі ластанған ауаны қазбадан сорып тартса, екіншісі таза ауаны қазбаның ішіне үрлейді (2.18, в-сурет).



2.18 - сурет. Түйік қазбаларда ауа ауыстыру жүйесі

Жарылыс жұмыстарынан кейін ауа тазарту іci 15-20 минуттан аспауы керек. Сондыктan көрсетілген ауаны сорып, не болмаса қысып ауыстыру әдістері қыска (200-300 м) қазбаларды үнғылағанда колданылады. Ал қазбалар ұзарғанда аралас әдістері колданылуға тиісті. Желдеткіш құбырлары метал, мата, капрон, полихлорвинил материалдарынан жасалады. Құбырдың ені 200 - 800 мм, ал ұзындығы 2 - 3 м тұрады. Метал құбыры, қалындығы 1 - 3 мм құрыш табағынан, ал мата құбыры резина араласқан матадан жасалады. Мата құбырдың ұзындығы 5 - 30 м дейін, диаметрі 200, 500 және 600 мм болады. Құбырлар өзара серіппелі сакинамен қосылып, жоғарыда тартылған сым арқанға ілініп қойылады. Кенжардан құбырдың үші 8-12 м-ден аспауы керек.

Тік қазбалар кенжарлары аралас әдіспен желденеді. Қысымды ауа жіберетін құбыр төмен түсіріліп, ал сорма 5 - 6 м жоғары ілінеді. Желдеткіштер жерусті не бұрын жүргізілетін желдетпе горизонтта қойылады.


2.5.3 Жыныстарды тиесу

Ауа тазартылғаннан кейін уатылған жыныстарды тиесу жұмысы басталады.


Тік қазбалар өткізгенде жыныстар грейферлі тиегіштермен ГП-2, КС-3, КС-2М, КС-1М қазба қауғасына тиеледі. Олар 500 кПа ауа қысымымен жұмыс істейді. Кенжардың $10 - 16 \text{ м}^2$ кимасына бір тиегіш колданылады.

Грейферлі тиегіш (2.19-сурет) ауа көтергішімен жоғары шығырға арқанмен ілінеді.

2.19 - сурет. ГП-2 жүк тиегіші: 1 - бес саусакты грейфер; 2 - ауакөтергіш; 3 - құрық; 4 - грейфер жапқызы; 5 - саусактар; 6 - тартушылар; 7 - козғалмалы траверс




Көлемі 0,1 м³ грейфер тиегіші ауа жапқышымен жабдықталған. Грейфер тиегішін арналы жетекпен басқарады, онда екі кнопкa болады, біреуі грейферді басқару үшін, екіншісі көтергіш үшін. Грейфердің сағатына орта есеппен 14 м³ жыныс тиейді. Қауғаға тиелген жыныс жер бетіне шығарылып жыныс үйіндісіне жеткізіледі. Жазық қазбаларда жыныстар циклді не үзіліссіз істейтін машиналармен тиеледі. Жазық қазбалар жүргізу мен тазартпа жұмыстарында ППН2Г жүк тиегіш машинасы колданылады. Машина дербес козғалтқышы, басқару пульті мен суландыру системасы бар, көс шынжыр табанды арбадан тұрады (2.20-сурет).



2.20 - сурет. ППН2Г жүк тиегіш машинасы

Үздіксіз тиейтін ПНБ машинасы ленталы немесе катпарлы конвейерлермен тасыма құралдарға тиейді (2.21-сурет).




2.21 - сурет. Жүк тиегіш машина ПНБ2: 1 - жүк тиейтін құрал; 2 - шынжыр табан; 3 - қырнағыш конвейер; 4 - электр жабдықтары; 5 - су жабдықтары; 6 - басқару пультты

Жұқ тиегіш машиналардың ішіндегі ең көп тарағандары 1ПНБ2, 2ПНБ2, 1ПНБ2У. Кен қазбаларын өткізу жұмысы тұракты бекітпелер орнатумен аяқталады.


2.5.4 Қазба өткізердегі қосалқы жұмыстар

Қосалқы жұмыстар көбінесе негізгі жұмыстармен коса орындалады. Мысалы, теспелер бүрғылау кезінде жол тәселеді, алмастыру құралдары ауыстырылады, суағызу шұнқыры қазылады. Жазық не көлбеу казбаларда уатылған жыныстарды тиер алдында тез құрастырылатын жайылмалы (2.22, а-сурет), не болмаса суырмалы консоль орнатылады (2.22, б-сурет).



2.22 - сурет. Уақытша қойылатын тіреулердің конструкциялары: а) қуыс тіреулер; б) суырмалы консөлдар; 1 - екі-үш екітаврлы аркалыктар; 2 мен 3 - капсырмалар; 4 - сынақ; 5 - ағаш төсеништер

Алмастыру құралдары, тиеулі вагонеткаларды бос вагонеткаға айырбастау үшін колданылады (2.23-сурет).



2.23 - сурет. Вагонеткаларды алмастыратын жол ажыратпасы: 1-10 вагонеткалар

Кенжардың жылжуына байланысты жол ажыратпасы 15-20 м кейін жаңа орынға жылжытылып отырылады.

2.6 Ұнғылау жұмыстарының ерекшеліктері

Кен қазбаларын өткізу жұмыстары тізбектеліп бірінен кейін бірі қайталанып орындалады. Осындай процестердің бекітілген паспорт бойынша бір тәртіппен орындалып, жүргізілу уақыт аралығын қазу айналымы (цикл) деп атайды. Ұнғылау паспорты бірнеше бөлімнен тұрады: жұмысты ұйымдастыру, кеншілердің жұмысқа кірісуі, бұрғылау, жару, ауа ауыстыру схемасы, сайман жабдықтау тізімі, техника-экономикалық көрсеткіштері. Жұмыс ұйымдастыру кестесінде көрсетілетіндер: бұрғылау мен теспелерді дәрілеу, ауа ауыстыру, жыныстарды тиесу, уақытша тіреулер мен тұракты бекітпелерді қою, олардың қою мерзімі (минут есебімен), еңбек өнімі (адам/сағат есебімен). Кеншілердің жұмысқа шығу кестесінде кеншілердің мамандығы, олардың сменадағы саны көрсетіледі. Тіреу паспортында, қазбаны бекіту әдісі, бұрғылап жару жұмысындағы теспелердің орналасу схемасы, теспелер саны, терендігі, оның ішіндегі ок-дәрінің мөлшері, аты, жарылу кезегі, 1 м қазбаға кететін шығын, 1 м³ жыныска жұмсалатын дәрінің көлемі, теспені пайдалану коффициенті, бір қазу айналымында қазбаның ұзару мөлшері көрсетіледі. Қазбаларды өткізген кезде толық механикаландыруды ойластыру керек. Жұмыс процестерін толық механикаландыруды мақсатында ұнғыма комбайндарды пайдалануға баса көніл бөлу керек. Қатты жыныс арасындағы қазбаларды бұрғы-жарылыш тәсілімен өткізгенде, ең өнімді бұрғы балғалары мен тиесу машиналарын колдану қажет. Қазбаларды өткізген және бекіткен кезде бекітпе конструкцияларын тиімді де ұтымды түрлерін көнінен енгізу керек. Кенжар жұмысы үздікіз өту үшін, 2 - 3 тәуліктік тіреу материалдарының, рельстердің, шпалдардың, желдеткіш құбырларының, тығын балшықтарының, бос вагонеткалар қоры карастырылғаны дұрыс.

2.7 Тік қазбаларды өткізу технологиясы

Негізгі жыныстар бойымен оқпандар бұрғылап-жару әдісімен жүргізілгенде келесі операциялар орындалады: теспелерді бұрғылау, оларды дәрілеп жару, жарылыстан соң желдету, оқпан жағдайын кадағалап карау т.б. Оқпан терендеген сайын уақытша тіреу қойылыш, кейін ол түпкілікті бекітпеге ауыстырылады. Ұнғылау барысында оқпан жекелеген участкерге бөлінеді. Эр-бір участкеде ең алдымен жынысты казып, уақытша тіреу қойылады, ал соынан уақытша тіреу тұракты бекітпемен ауыстырылады. Участке ұзындығы жыныстардың кен-геологиялық жағдайларына байланысты, көлбеу жатса 30 - 50 м,

ал тікелей жатса одан қыскалау болып өзгереді. Ағаш тіреулі оқпандарда учаске мөлшері 5 - 20 м құрайды.


Түпкілікті бекітпе *тірек тәжінен* бастап төменнен жоғары қарай қойылады (2.24-сурет).

Әрмірлеу жұмысы, оқпандарды толық терендігіне шейін өткізгеннен кейін, немесе жекелеген құрамдарға бөлшектеніп жасалынады. Тік оқпандар өткізер алдында транспортпен, электр қуатымен, сумен, және қажетті ғимараттармен камтамасыз етілген құрылыш алаңы дайындалады. Оқпан өткізу процесі оның аузынан басталады. Оқпан аузы деп, оның жер үстімен негізгі жыныстар арасында жатқан бөлігін айтады.

Оқпан аузын кеңейту кезінде топырак казу жұмыстары тікелей грейфермен немесе ұғы балгамен орындалады, ал оны жер бетіне көтеру – автокранмен әлде экскаватормен. Жыныстарды қазу барысында уақытша тіреу сакиналары койылып, кейін олар тұракты бекітпелерге айырбасталады. Оқпан аузы тұтас бетон немесе темір бетонмен шегенделеді. Бекітпе қалындығы жер бетіне тақау тұсында 1 - 2 м құраса, қалған бөлігінде бірінші тірек тәжісіне дейін 0,5 - 0,9 м болады. Тірек тәжі үйінді жынысынан орналасады. Бетон жұмысы тірек тәжінен бастап төменнен жоғары қарай жүргізіледі. Бұл кезде бетон қалып ішіне жер бетінен құбыр арқылы жеткізіліп тұрады.

Оқпан аузы бекітпелерінде қауіпсіздік ережелеріне сәйкес сыртқа шығатын есік пен оған қоса калорифер, не болмаса желдеткіш каналдары жасалады. Негізгі жыныстарда оқпан өткізу әдетте бұрғылан жару әдісімен орындалады. Дөңгелек кималы оқпандарда, теспелер дөңгелек шенбер бетімен орналасады (2.25а-сурет).


Омыртпа теспелер еңкіштігі 50 - 90° етіліп бұрғыланады. Теспелердің пайдалану коэффициентін (ТПК) жоғарлату максатында омыртпа теспелер басқа теспелерден 150 - 200 мм теренірек бұрғыланады. Оқпан қабыргасынан 15 - 40 см қашықтықта сыртқы



2.24 - сурет. Бетон құрсауының тірек тәжісі: 1- айналма құбыс; 2 - бөренелер; 3 - уақытша құрсау; 4 - аспау; 5 - бөренелер; 6 - ағаш сөрелері; 7 - құрсау

сәл төменірек негізгі жыныста орналасады. Бетон жұмысы тірек тәжінен бастап төменнен жоғары қарай жүргізіледі. Бұл кезде бетон қалып ішіне жер бетінен құбыр арқылы жеткізіліп тұрады.


нобайы бойынша пішіндеуші теспелер бұрғыланады. Омыртпа және пішіндеуші теспелер арасында бір-екі шой теспелер орналасады (2.25, б-сурет). Оқпанды өткізгенде кеншілер мен сайдан күралдарды және материалдарды түсіріп, көтеру үшін көтергіш дін (копёр) күрылады. Оған жататындары: көтергіш машина, көтергіш сауыттар, бағыттағыш күралдар мен кырдағы қабылдағыш алан т.б.



2.25 - сурет. Шакты оқпаның өткізердегі теспелердің орналасу схемасы: а) дөңгелек қыкты; б) тік қыкты

Оқпанды, сол сияқты оның аузын салу уақытша жабдықтармен қалай жүргізілсе, пайдалану жабдықтарымен де солай жүргізіледі. Уақытша жабдықтандыру кезінде металдан жасалған көтергіш және кен өткізуши машинасы орнатылады. Мұнараның жоғарғы жағында арқан (канат) оралатын шкив және өзге де жүргізу жабдықтарын іletін шкив астылық сөре болады. Жер бетінен 5-7 м жоғары жерасты жүгімен көтерілген қауғаны қабылданап және түсіріп алуға, жоғарғы алан жасалынады (2.26-сурет). Бұл аланда қауғаны өткізіп тұратын қақпалағы есік калдырылады. Қауғадан шығарылған жыныстар науаға түсіріледі. Жер бетінде төменгі қабылдау алаңы жабдықталады. Бұл жерде оқпан аузы сөремен жабылады, ол үшін негізгі тіреу рамасы орнатылады. Рама арқалығын барлық өткізбе құрал жабдықтарын қабылдай алатында етіліп жасалынады. Раманы тақтаймен, ал ойықтар қақпамен жабылады. Тиу жұмыстары механикаландырылған кезде, ішіне $1,5-2,5 \text{ m}^3$ жыныстар сыйатын қауғалар пайдаланылады. Қауғалар кырда аударылып төгіледі. Қауға


көтеретін арқандардың қауға ілгішінің беріктігі 13 қабат болуы керек



2.26 - сурет. Оқпан өткізуі дің: 1 - дің аяктары; 2 - жыныстар ағысы; 3 - қакпактар (ляда); 4 - бағыттаушы рамалар; 5 - түсіргіш станок; 6 - қауға; 7 - дің фундаменты; 8 - беттік бәсендектіш; 9 - секторлы шеріппе; 10 және 11 - шеріппенің жүргізушісі


Қауға көтеріліп бара жатқанда айналып кетпеуі үшін арнайы сым арқан қолданылады.

2.27 - сурет. Керіп тұратын сөре рамасы: 1 - қауға өтіп тұратын коныш; 2 - бағыттаушы арқан; 3 - ілінбелі насос өтетін тесік; 4 - жел күбіры өтетін коныш; 5 - қысылымды ауа жеткізіп тұратын күбірдің конышы; 6 - жазылып шығатын саусақтары




Қауға сайын окпан ішінде екі бағыттаушы арқан тартылады. Ол арқандардың бір үшін сырттағы арналы тартқышка қыстырылып, ал екінші үшін керме рамаға бекітіледі. Бұл раманы (2.27-сурет) кенжардан 20 м кем емес қашыктықта окпанның негізгі бекітпесі жағына жылжымалы топса темірмен бекітеді.

Бағыттаушы рама, қауға жылжып тұрған кезінде бағыттаушы арқан бойымен, бағыттаушы калыпта сырғанап тұрады (2.28-сурет).



2.28 - сурет. Бағыттаушы рама

Раманың жоғарғы жағында, кеншілерді корғау максатында, металдан жасалған мықты шатыр бекітіледі. Окпан кенжары жылжыған сайын уақытша бекітпелері койылады. Дөңгелек қималы оқландардың уақытша бекітпелері ретінде жекелеген бөлшектерден жиналып, жапсырмалар мен конусты біз шегелер арқылы қосылатын № 16 - 20 швейлдер мәткесінен тұратын метал сақиналары колданылады (2.29-сурет).




2.29 - сурет. Окпандары уақытша бекітпе: 1 - метал құрсаулары; 2 - ілгектер; 3 - кернеулер; 4 - болттар; 5 - тартуышылар

Кейіннен тұрақты бекітпелер койылғанда, уақытша бекітпелер алынып тасталады. Окпандарды қазғанда әртүрлі косалкы жұмыстар (су көтеріп шығару, жарық орнату, байланыс жүйелерін жүргізу т.б) орындалып тұрады. Егер су жиналуы мөлшері сағатына 5 m^3 дейін болса, онда кауғамен суды жыныспен бірге көтереді. Ал су жиналуы көрсетілген мөлшерден жоғары болса, онда электр қуатымен жүретін асулы насоспен қырға ағызылады. Мұндай жағдайда, қысымы 400 м-

ге дейін жететін, өнімі сағатына 40-50 м³ су көтеретін, насостар колданылады. Оқпан терендеген сайын насостар кенжармен бірге төмен түсіріліп отырылады.

Жарық нормасы кенжардың 1 м² ауданына 15 Вт кем болмайтында және 1 м² сөрге 10 Вт шамада алынады. Сигнал беру әдette ток күшімен, ал байланыс телефон арқылы жүргізіледі. Көтергіште апартты жағдай болғанда, адамдарды оқпаннан қырға шығу үшін ілмелі құтқару сатылары қарастырылады. Көзіргі кезде, терендігі 300 м дең жоғары және диаметрі 8,5 м оқпандарды өткізу үшін арнайы комплекстер жасалған. Осындай комплекспен айна 390 м оқпан өткізіліп, дүниежүзілік рекорд койылған (2.30-сурет).

2.8 Жазық қазбаларды өткізу технологиясы




2.30 - сурет. Оқпан өткізуі комплексі: 1 - металдан жасалған калып; 2 - тіректі шенбер; 3 - сыртқы калкан; 4 - екі этажды сере; 5 - грейферлі тиегіш; 6 - қауға

Жазық қазбаларды біртекті (қалың тақталардағы - квершлагтар, орттар, штректер) және әртекті (жұка көмір тақталарындағы - штректерді) жыныстар арасында өткізеді. Біртекті, катты жыныстар арасындағы қазбаларды бұрғы-жарылыс тәсілімен жүргізеді. Теспелер санын, терендігі мен бағыттарын жыныстың физика-механикалық қасиеттерін және қазбаның көлденең кимасын ескере отырып қабылдайды. Ен алдымен кертпе теспелері жарылады (2.31-сурет), одан кейінгілерін қосымша дейді. Ен соңында долбарлаушы теспелер жарылып, қазбаның пішіні қалыптастырылады.


Қосымша және долбарлаушы теспелер қопаруши теспелер депте аталағы. Жыныстардың құралымына және қасиетіне байланысты әртүрлі қазба кертпелері колданылады. Олар пирамида түстес (2.32, а-сурет), тік сыналы (2.32, б-сурет), жазық (2.32, в-сурет), саңлау түстес (2.32, г-сурет), призма түстес (2.32, д, е-сурет) болады. Жарылғыш заттың куатын молайту мақсатында кенжардың орта тұсынан, диаметрі 300 мм дейін бір-екі скважина бұрғыланады, сөйтіп қосымшы ашық кеңістік жолы ашылады. Бұрғылап болғаннан кейін теспелер қысымды ауа күшімен үрлеп тазартылынады. Қысымды ауа үрлейтін құрал болмаған жағдайда,

теспенің ішін арнайы тазартқыш қасыкпен тазартады. Теспелердің оқтауды, барлық кеншілерді, жабдық саймандарды, материалдарды



2.31 - сурет. Жазық кенжардағы көртпе (а) қосымша
(б) долбарлауыш (в) теспелердің орналасуы

кауіпсіз жерге жеткізіп күзет койғаннан кейін бастайды. Теспелердің оқтау паспорт ережесіне сәйкес жүргізіледі. Теспедегі дәрі патрондары тубінен бастап ағаш таякпен тығыздалады.




2.32 - сурет. Кенжардағы теспелердің орналасуы (а-е)

Операциялар	1 цикладағы жұмыс аумағы	График бойынша жұмыс уақыты с/мин.	I смена						II смена						III смена											
			8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	1	2	3	4	5	6	7
Жыныстарды тису	-	0-10																								
Жыныстарды тиу	9,28	1-10																								
Жыныстарды тиудегі корытынды операциялар	-	0-10																								
Бурғышауга дайындық	-	0-10																								
Шпурларды бурғылуу	49,9	3-50																								
Шпурларды тазалау	-	0-10																								
Бурғылаудагы корытынды операциялар	-	0-10																								
Уақытта жол тесеү, м	1,6	0-17																								
Шпурларды оқтау, м	36,4	0-30																								
Жару жөн жедету	-	0-30																								

2.33 - сурет. Қарағанды шактыларындағы квершлагтарды тездік әдісімен өткізу кестесі

Кертпе теспелердегі дәрілер копару теспелерді дәрілерінен көп болуы керек. Теспенің дәріден бос қалған жері балшықпен тығындалады. Кенжардағы теспе жарылып, аяу тазартылып болғаннан кейін, уақытша бекітпе орнатылып, копарылған жыныстарды тиесу жұмысы басталады (2.22-сурет). Жыныстар тиеліп жатқанда тұрақты бекітпе орнатылады, су жырасы қазылып, темір жол ұзартылады. 2.33-суретте қвершлагты жарылыс өдісімен өткізу графигі келтірілген.

Қаттылығы 4-тен аз жазық қазбаларды өткізуде комбайндар колданылады. Қазбалар өткізуши комбайн деп - көмір не болмаса жыныстарды қазып алыш тасыма транспортқа тиеттін машиналарды айтады. Комбайндар көзіргі кезде әртүрлі копарушы құралдармен жабдықталған (2.34, 2.35-суреттер).




2.34 - сурет. Қазбалар өткізуши ГПК комбайны

Жазық қазбалар көбінесе әртүсті жыныстар арасында жұқа көмір тақтасы, не болмаса, кен желісі бойымен жүргізіледі. Осындай жағдайда кен қоршаған жыныстар бір-бірімен бөлек қазып алынады. Қазбаны кенейту мақсатында қоршаған жыныстарды қопару керек болады. Тактаның құлама бұрышына, бүйір жыныстарының беріктігіне қараба міндеттіне және пайдалы кенді тазартпа кенжардан әкету өдісіне қарай - штректердің табанын (2.36, а-сурет), төбесін (2.36, б-сурет) және екі қанатын (2.36, в-сурет) қопарып жүргізеді. Табан жағын қопаратын әдіс жазық не тік жатқан көмір тақталары бойымен өткізілетін штректерге тән, ал штректің төбесін және табанын қопарып жүргізу құлама тақталарында байқалады.

Операциялар	С м е н а с ағ а т ы												
	1	2	3	4	5	6							
Дайындау және қорыттындау	11					11							
Тау-көп жыныстарын комбайнмен алу	16 10	16 10	16 10	16 10	16 10	16 10	16 10	16 10	16 10	16 10	16 10	10 10	16 10
Комбайн жұмыстарындағы қосалқы операциялар													
Тіреулер қою үшін, комбайн артын тазалай													
Тіреу материалдарын жеткізу													
Конвейер жұмысын атқару (ЛПТ-80)													
Тіреу материалдарын дайындау													
Тау-көп жыныстарының тиеліуі бақылау													
Тіреу орнату													
Конвейерді ұзарту													
Желдегу құбырларын ұзарту													

2.35 - сурет. Штректі комбайнмен өткізудегі жұмыс графигі (сызықтың астындағы цифрлар операциялардың уақытын көрсетеді, мин). ГПК комбайнмен бір ауысымдағы жұмыс үйымдастыру кестесі келтірілген. Осы комбайнмен 31 күн ішінде 1530 м қазба өткізілген.




2.36 - сурет. Штректі жұқа көмір текталарының бойымен өткізгенде, бүйір жыныстарын қопару әдістері

Штректерді өткізу әдісі екі түрлі болады: біріншісі - көмір мен жыныс жұмыстарын бөлмей атқарғанда, екіншісі – кенді алу мен жыныстағы жұмыстарды бөлек өткізгенде.

Бірінші схемада (бір текті жыныс қазбаларын қазу әдісіне сәйкес) штректерді тұтас кенжарлап жүргізеді. Екінші схема кең тараған. Ол, кенжардың көртпегін түрімен ерекшеленеді. Бұл жағдайда, пайдалы қазба жыныстардан бұрын алынаады.

Әртекті жыныстарда қазбалар екі әдіспен - *тар және кең кенжарлармен* жүргізіледі. Қазбаларды тар кенжармен жүргізгенде, жыныстар жер бетіне шығарылады не болмаса қазым кеңістігіне орналастырылады.


Қазбаларды кең кенжармен жүргізгенде, пайдалы қазбаның алу ені қазба енінен кең қылып алады. Кейіннен қазба штректен тыс жерге бос жыныстарды орналастырады. Желдетуге, су ағызы, жүк тасымалдауға және кеншілер жүріп тұруға арналған пайдалы қазба (көмір) шетінен ені 1 – 2 м бос кеңістік калдырылып отырылады. Оның төменгі, жоғарғы және екі жакты түрлері болады (2.37-сурет).



2.37 - сурет. Штректі әртекті жыныстар арасында өткізу схемасы: а) тар кенжармен; б) кең кенжармен, жоғарғы бос кеңістікпен; в) екі жакты бос кеңістікпен; г) төменгі бос кеңістікпен; 1 - штрек; 2 - таскорған (бут жолағы); 3 - жасанды қазба

Штректі тар кенжармен жүргізгенде, көмір мен жыныс қазып алу жұмысы тізбектеліп бірінен кейін бірі не болмаса қабаттастырылып өткізіледі. Тізбектеліп өткізу схемасында, көмір кенжары жыныс кенжарынан 1,5-2 м озып отырады. Көмірді алуда жарылыс күші, копару балғасы не болмаса бұрғылап шығару әдістері колданылады. Жарылыс күшімен алғанда, теспе терендігі 2-2,2 м болады. Ал бұрғылап алғанда, терендігі 3 м, диаметрі 600 мм сважиналар колданылады. Осындай әдіс өте көп метан шыккан жағдайда пайдаланылады.

Тар кенжарды косарлап алу схемасында, көмір және жыныс кенжарындағы жұмыстар жүптастырылады, ол үшін көмір кенжары жыныс кенжарынан 4 - 7 м алда жүргізілетін жағдай жасалынады. Көмір кенжарының ұзындығы штрек енінен 1 - 1,5 м артық алынады, ол өрлеме жағынан *алан (берма)* жасауға қажет. Бермада орнатылған сырмалы конвейер құлатылған көмірді 20 - 40 м қашыктыққа тасып, вагонеткаларға тиейді (2.38-сурет). Көмір кенжары жылжысы өскен сайын, конвейер де ұзартылып отырылады.




2.38 - сурет. Штректерді көртік кенжармен өткізу технологиясы (косарлы схема)

Көмір және жыныс кенжарларындағы теспелерде кол немесе колонкалы электр бұрғыларымен, ал үшінші және жоғарғы категориялы шактыларда үрме бұрғыларымен бұрғыланады. Кенжарда әдетте 2 - 3 бұрғы машинасы жұмыс істейді.

Жарылыстан кейін кенжар ауасы жергілікті желдеткіш арқылы тазартылып отырылады. Штректер ұзарған сайын оған параллел жапсырмақаз (просек) жүргізіледі. Екі казба өзара түйіліспелер арқылы қосылып отырылады. Түйіліспе арқылы жел еркін өтіп, ал тұйық казбалардың ауасы жергілікті желдеткішпен ауыстырылып

отырылады. Кенжар ішіндегі үйінді жыныстар вагонеткаларға машиналар арқылы тиеледі.

2.39 - суретте, штректі енді кенжармен өткізу әдісі көрсетілген. Штрек кен алымды кенжармен жүргізілгенде, көмір кенжары тазартпа кенжармен қосылып отырады, ал жыныс кенжары көмір кенжарынан қалыс жүргізіледі. Көмірді құрамды көмір кенжарынан әкету үшін үш сырма конвейері колданылады.



2.39 - сурет. Штректі енді кенжармен өткізу схемасы

Штрек кенжарындағы жыныс копару жұмысы бұрғы-жарылыс әдісімен іске асады. Кенжар төнірегіндегі бос кеңістікті толтырма (тығындаға) жұмысы, кол немесе рештак арқылы орындалады. Тығындаға жұмысын механикаландыру үшін сырма құралдары, тербелмелі конвейерлер мен арнайы толтырма машиналары пайдаланылады.

2.9 Көлбек қазбаларды өткізу ерекшеліктері

Көлбек қазбалардың өткізу технологиясының ерекшеліктері, бұл қазбалардың жер кеңістігінде енкіс жүргізілуіндегісі.


Көлбек қазбалар төменнен жоғары, не болмаса жоғарыдан төмен карайда жүргізіледі. Кенжарды төменнен жоғары қарай қазғанда, шакты газы аудан женіл болғандықтан кенжар бетіне үйелеп жарылыс қаупіне әкеп соғады, сондықтан кенжарды пәрменді желдетуге мұқтаждық туады. Осыған байланысты, газды шақтыларда көлбек қазбаларды қөбінесе жоғарыдан төмен қарай өткізу әдісі колданылады.

Көрсетілген әдістердің кемістігіне мыналар жатады: кенжардан шыккан көмірмен, жыныстарды қырға шығару, су көтеру жұмысын үйимдастыру, осының бәрі қосылып қазба өткізу жұмысын


киындарып, еңбек көлемін көбейтіп, казу карқынын шабандатады. Бремсбергпен, жүріс жолы, әр текті жыныс арасында енсіз кенжармен жүргізілгенде, бұрылап - жару әдістері колданылады. Бұрылап жару әдісі, жазық қазбаларды жүргізгендей, айырмашылығы жок. Құлама бұрышы 18° дейін қазбаларда тиу жұмысында 1ПНБ2У тиу машинасы колданылады, ал одан жоғары жағдайда кол құрегімен тиеледі. Бремсбергпен адам катынасатын жүріс жолдарынан шығатын көмір және жыныстар тасыма штректерге дейін, көлбеу көмір тақталарында қырнағыш конвейерлермен, ал құлама көмір тақталарында өз салмағымен, төсөлген рештактар бойымен тасылады.

Енестер енсіз не енді кенжарымен жүргізіледі. Енестермен катар 30-40 м қашыктықта бір не екі жүрісколы жүргізіліп, олар ұзарған сайын, бірімен бірін желдеткіш жапсырмака збен (просекпен) қосып отырады. Біртекті жыныс бойымен, 10° дейінгі енестерді 4ПУ, ГПК, ГПКВ комбайндарымен жүргізіледі. Әр текті жыныстар бойымен енестер бұрылап-жару әдісімен қазылады. Бұрылап - жару арқылы өткізу технологиясы, жазық қазбаларды қазудағыдай. Енес казу жұмысының шапшаңдығы, кенжардағы су жиналышына байлынысты. Су жыйналымы сағатына 5 м³ дейін, насоспен вагонеткаға не скипке құйылып қырға шығарылып, ал су одан көп болған жағдайда, насоспен су ағызатын штректің каналына көтеріледі. Кенжармен кабылдаушы алаң арасында хабарласып тұратын сигнализация болуы шарт. Енкі окпанды өткізу технологиясы еңес казу технологиясындай. Жазық жатқан көмір арасынан тілмекәзбаны жүргізгенде, көмірді бұрылап-жару әдісімен омырып не болмаса арнайы комбайнмен шауып алады. Омырылған көмір конвейермен штрекке дейін, не болмаса скрепермен жеткізіліп тұрады. Кенжар ауасы жергілікті желдеткішпен тазартылып отырылады. Бастаушы тілмекәзбаны ағаш не метал бекітпелерімен, тактай кесіндісімен бекітіледі. Тілмекәзба Донбасста, тік жұка көмір тақталарының арасында шой балғамен, "Темп" және "Поиск" комбайндарымен жүргізіледі. Алдын ала, төмennen жоғары қарай этаждың өн бойына, диаметрі 250-400 мм скважина жүргізіліп, ол скважина жоғарыдан төмен қарай, диаметрі 600-800 мм дейін кеңейтіледі. Бұрылау жұмысы штректен B68KP бұргы кондырғысымен жүргізіледі (2.40-сурет).

2.40 - сурет. B68KP
бұрылау кондырғысы



Сважинаның екі жағынан 4-6 м қашыктықта шой балғамен үзіндіғы 10 м дейін айналма тілмекәзба жүргізіліп скважинамен жапсырмақазбамен косылады (2.41- сурет).




2.41 - сурет. Тік көмір тақталарындағы тілме қазбаларын комбайнмен өткізу: а) комбайнмен жұмыс бастардағы кенжардың орналасуы; 1 - скважина; 2 - жапсырмақаз; 3 - айналма тілмекәзбалар; 4 - комбайн; 5 - тартқыш; б) тілмекәзбаның қылғы

Жанама, айналма тілмекәзбаны косымша адам катынасатын қазба ретінде пайдалануға болады. Бұл тұстағы скважинаның мөлшері тілмекәзбаның мөлшеріне дейін кеңейтіледі. Осыдан кейін желдеткіш штрегінде орналасқан лебедканың жұмыс және сақтандыру арқандары түсіріліп жүк штрегінде тұрған комбайнға ілінеді. Эрі қарай комбайнды ортадағы тілмекәзбага жеткізіп, скважина бойымен жоғары жылжып көмір қазуына мүмкіншілік туғызады.

Кен өндірісінде өрлемелер бүрғылап - жару әдістерімен жүргізіледі (2.42-сурет).



Қазбаны төмennен жоғары қарай түйік кенжармен жүргізеді. Кенжарға тайау сөреден, терендігі 1,5-1,8 м теспе, телоскопты бүрғы машиналарымен бүрғыланады. Жарылып құлаған жыныстар, өрлеменің жыныс жылжитын бөліміне түсіп, не бірден штректе тиеліп, не болмаса уақытша өрлеменің ішінде коймаланады (магазінделеді).



2.42 - сурет. Өрлемелерді өткізу әдісі: 1 - жыныстар бөлімшесі; 2 - күлату сөрекі; 3 - саты бөлімшесі ; 4 – сым арқан; 5 - қакпа; 6 - вагонетка; 7 - төменгі шығыр; 8 - жогарғы шығыр

Жарылыс жұмысы бітісімен, кенжардың ауасы желдеткіш күшімен тазартылады. Кенжарға керекті материалдар жабдық, жүк штрегіндегі лебедкаға тіркелген гондола арқылы жеткізіліп тұрылады. Қорсетілген схема бойынша, өрлемелердің қазып өткізу шапшаңдығы айна 60 м дейін жетеді.

Өрлемені төмennен жоғары қарай КПВ2А комплексімененде жүргізіледі (2.43-сурет).



2.43 - сурет. Өрлемелерді өткізетін КПВ2А комплексі: а) өткізу схемасы; б) комплекстің өткізу сөрекі

Бұл комплекс жылжымалы сөре, автоматтالған лебедка, қуат беруші жүйе және монорельсті секциядан құрылады. Теспе монорельс бойымен жылжитын сөренің үстіндегі, мөлшері 1500-1500 мм плаформадан бұрғыланады. Кенжар жүргізілген сайын, монорельс ұзартылып отырылады. Жарылыс кезінде, сөре төмен түсіріліп, өрлеменің сыртына орналастырылады. Аяу тәз ауыстырылу үшін, алдын ала, кенжардың орта кезінен желдеткіш штрегіне дейін скважина өткізіледі. Осындай жағдайда, өрлемені өткізу шапшандығы айына 200 м дейін жетеді.

3 ТАЗАРТПА ЖҰМЫСТАРЫ

3.1 Тазартпа жұмыстарындағы технологиялық процестер

Тазартпа кенжарындағы жүргізілетін жұмыстар: көмірді шауып, құлату, соナン сон конвейерге тиеу; алынған кеңістікті тіреп бекіту; көмірді тасыма штрегіне жеткізу; тіреу материалдарын кенжарға (лаваға) жеткізу; лава жылжысына сәйкес жабдықтарды көшіру; тау-кен қысымын игеріп-басқару.

Көмірді алу үшін *комбайндар, жонғыштар, қырнағыштар, шой балғалар, тілме машиналары* қолданылады.

Тілме машиналары тек көмір тақтасының астын тілуді ғана механикаландырады. Ал оларды колданғанда көмірді уатып-копару жарылыс күшімен атқарылады да конвейерге кол күшімен іске асады.

Тазартпа комбайн – көмірді такта сілемінен копарып алып үсатуды және конвейерге тиеуді орындайтын құрал. Осы аталынған жұмыстардың бәрін комбайнның бұрғы, бар, шнек, не болмаса барабан түсті, кесіп түсіретін жұмыс құралдары орындаиды. Ені 1 м дейінгі көмір алатын комбайндарды *таралымды* деп атайды.

Көмір жонғышы – комбайннан айырмашылығы, көмірді кеспейді, оның орнына ол конвейердің үстімен жылжып, көмірді өзінің тұтас, не болмаса тісті пышағымен жоңқалап конвейерге түсіреді. Жонып алынатын көмір қалындығы 0,1-0,15 м дейін барады.

Шой балға – қолмен жұмыс істейтін, пайдалы қазбаны ұрып уататын құрал. Шой балға көмірді түсіруді жартылай ғана механикаландырады және бұл жұмыс кеншінің көп күш жұмсауын қажет етеді. Шой балғалар көбінесе тік, тікелей жаткан, өз салмағымен тасылатын көмір тақталарында қолданылады.

Кеншілер мен машиналар орналасатын кенжар кеңістігін – жұмыс кеңістігі деп атайды. Оның ені 2 - 4 м дейін болады. Жұмыс кеңістігінің сыртында, құлатуға жататын, бос кеңістік болады. Жұмыс кеңістігін сактау мақсатында көмір алынған сайын бекітпелер койып отыру керек.

Кенжар тіреулері ретінде колданатындар: қолмен койылатын *ағаш* не *метал* бекітпелер; *сүйүк жүйелі* домкрат арқылы жылжытылатын бекітпелер; *қалқанды* бекітпелер.

Қалқанды бекітпелер көмір қазылуына сәйкес жыныстар салмағымен төмен қарай жылжып отырады.

Ағаш тіреулерді колданғанда, олар тазартпа кенжарына (лаваға) тәулік сайын жеткізіліп отырылады. Ол үшін, пайдалы қазбаны таситын конвейерлер пайдаланылады.

Метал тіреулері мен бекітпелер қатарыда күнде толтырылып отырылады.

Пайдалы қазбаны тасуға қырнағыш конвейерлер пайдаланылады. Лава жылжыған сайын, конвейерлер жылжытылып

отырылады. Конвейерді жылжытуға көп уақыт жібермеу үшін, көбінесе иілмелі конвейерлер қолданылады.


Бұл жағдайда көмір алу, тасу, тіреу, конвейер жылжыту процестері бір уақытта орындалады. Айтылған процестерден басқа, жұмыс қауіпсіздігін камтамасыздандыру мақсатында кен қысымын игеру жұмыстары жүргізіледі.

Құлама көмір тاكتаларындағы жұмыстардың көлбеу жаткан көмір тاكتаларындағы жұмыстардан айырмашылығы көмірді лавада тасу төсөлген табактармен не эмалды рештактармен атқарылуында. Ал тік көмір тاكتаларында, көмір өз салмағымен жылжиды. Ал, көмірді алу комбайнмен, жонғышпен және шой балғамен жүргізіледі.

3.2 Әртүрлі геологиялық жағдайда көмір қазу машиналарының жұмыс істеу схемалары

Қазіргі таңда пайдалы қазбаны алу жұмыс схемаларында кен колданыс тапқандар: таралқымды комбайндер, жонғыштар, бөлшектенбейтін конвейерлер мен механикаландырылған жылжыыш бекітпелер. Бүгінгі күні осындай механизмдермен жабдықталған лавалар тәуелігіне 5000-10000 тоннаға дейін көмір шығарады, лавадағы кеншінің бір шыққандағы табысы 25-30 тоннадан, кейде 70 тоннаға дейін жетеді.

Куаты 0,5-1,2 м, құлама бұрышы 25° дейінгі көмір тاكتаларында "Донбасс" комплексі қолданадылады (3.1- сурет)



3.1 - сурет. Механикаландырылған «Донбасс» комплексі

Бұл комплекс, механикаландырылған "Донбасс" бекітпесінен, таралқымды МК-67 комбайн, не болмаса 1К-101 мен иілмелі қырнағыш СП-63, СП-64 конвейерлерлер, насос станциясынан, кабель орнатқыш пен электр жабдықтарынан тұрады. Комбайн айналымды кесте бойынша жұмыс істейді. Оның алым ені 0,8 м, жылжу тездігі 6 м/мин дейін, өнімі 2,5 т/мин, конвейердің үстінен жылжып көмір шабады. Бекітпе алты тіреулі секциядан тұрады. Жұмыс істейтін сұйық зат ретінде майлыш-су эмульсиясы қолданылады. Комбайн жылжысымен, төбені ұсташа үшін консольды майдайшалар шығарылып

одан кейін тіреу секциялары және иілмелі конвейер жылжытылады. Конвейер мен бекітпенің ендері комбайнның алымына сәйкес келеді.

Куаты 1,35-1,95 м, төбе орнықтылығы орташадан кем болмайтын, көлбейу текталарда 2KM87A комплексі колданылады. Оның лавада орналасу көрінісі 3.2-сүретте көлтірілген.



3.2 - сурет. Механикаландырылған KM87A комплексі

Комплек кұрамына кіретіндер: 2M-87A бекітпесі, таралқымды 1ГШ68А комбайны, қырнағыш конвейер, автоматтандыру аппараттары, шан басатын жүйелер мен басқарушы станциялар.

Бекітпе қашықтан не болмаса жергілікті жерден басқарушы автоматтармен қамтамасыз етілген. Комбайн конвейер рамасынан қайтымды кестемен, жұмыс істейді. Жүргізу жетектері штрекке шығарылған, комбайн орналасуына көртпенің керегі жоқ. Комплекстің тәулік өнімі 1600-1800 т, жылжу қадамы (алымы)- 0,68 м, кеншілер өнімі 30-40 тоңн бір шығуына.

Қалындығы 2,0-3,6 м көлбейу көмір текталарында KM81Э, KM130, комплекстері колданылады. 3.3-сүретте KM81Э, KM130 көрсетілген.

Тік күламалы жұқа көмір текталарында көп жылдары комбайн "Поиск-Н" пайдаланған болатын (3,4- сурет). Бұл комбайнмен көмір кенжар бойымен емес, кенжардың жүру бағытында алынады. Комбайнды сырттан басқарғандыктан, көмір алуда, жұмыс кеңістігінде кеншілердің болуы қажет емес. Комбайнның өнімі - минутына 2 тонна күрайды.


Куаты 0,25-1,2 м төбе және табан жыныстары орташа орнықтылықтағы, тік көмір текталарын, ұзындығы 120 м лавамен алу үшін автоматтандырылған бекітпе КТУ жасалған (3.5-сүрет). Осындай комплексте таралқымды "Темп- 1" комбайн жұмыс істейді. Бекітпе біртекtes секциялардан, автоматтандырылған басқару жүйесінен, насос станциясынан тұрады. Автоматтандырылған басқару жүйесі штректе орналастырылады. Бекітпе біржақты жұмыс істейді және

комбайнның артынан жылжытылып тұрады. Бекітпенің жылжу кадамы 0,9 м.




3.3 - Механикаландырылған КМ81Э (КМ130) комплексі

Құлама бұрышы 50° жоғары, қуаты 1,2-2,2 м, бүйір жыныстарының орнықтылығы орташадан төмен емес және көмірді алу, көмір текталарының бойымен бағытталғанда калқанды агрегат 1АЦМ (3.6-сурет) колданылады.



3.4 - сурет. «Поиск-1» комбайны



3.5 - Механикаландырылған КТУ бекітпесі

Бұл агрегаттқа кіретіндер: сұйық жүйелі калқанды бекітпе; қырнағыш конвейер; насос станциясы; қосалкы жабдықтар. Алым ені 0,63 м, лава ұзындығы 60 м. Қырнағыш конвейер, көмір тектасын толық алуды, лава ұзындығын сақтап, құлатылған көмірді құлама

казбаға жеткізуді қамтамасыз етеді. Тазартпа кенжардағы кеншінің өнімі 11-17 тонн шығуна.

Тікелей жіңішке көмір тақталарында, геологиялық жағдаймен комплекстер, комбайндар, бекітпелер қолдануға мүмкіншілік болмағанда, көмір алуды шой балғамен атқарады. Кеншілердің міндетіне көмірді алу және уақытша тіреуді қою жатады.



3.6 – сурет. Қалқанды 1АШМ агрегаты

Куаты 2 - 4,5 м, құлама бұрышы 35° дейінгі көмір тақталарына арналып көмплекс ОКП-70 жасалынған. Бұл комплекс механикаландырылған бекітпемен, тараптымды КШЗМ немесе КШЭ комбайнымен, жылжымалы конвейермен, киылыс тіреуімен тағы да басқа жабдықтармен қамтамасыз етілген. Механикаландырылған бекітпе, қалқанды ұстауыштармен және тіреулі секциядан тұрады. Бекітпе секциялары жабындымен (төбемен) ажыраспай кернеулі түрінде жылжытылады.

3.3 Тазартпа қазбалардағы қысымдар туралы түсініктер

Тазартпа жұмысын жүргізу салдарынан бүйір жыныстары жаланаштанып, оларда жылжу басталады да қазба бекемдеріне қысым түсіреді. Осындай күбылысты *тау-кен қысымы* деп атайды. Тау-кен қысымын анықтау, шакты жағдайында тікелей өлшеу, теориялық және лабораториялық зерттеу жұмыстары арқылы іске асады. Төбенің жылжуы мен бекемге түсетін қысым шамасы шакты жағдайында өлшеніп, анықталады. Лаборатория жағдайында жыныстар жылжысы эквивалентті материалдар, оптика-поляризациялық және тағы да басқа лабораториялық модельдер арқылы жүргізіледі. Келтірілген зерттеу әдістерінің өркайсысы өзіне тән артықшылық немесе кемшіліктерімен ерекшеленеді. Сонымен зерттеудің барлық тәсілдерін бірдей қолданып жыныстар жылжу механикасын түсінуге және тау-кен қысымын игеру жағдайларын жетілдіре беру жолдарын белгілеуге болады.

Тау-кен қысымының пайда болуы (жыныстар жылжысы, қысымның тіреуге түсіретін күші) көбінесе геологиялық және өндіріс технологиясының жағдайына байланысты болады. Белгілі көмір бассейнерінде кенжардан 1 м қашықтықта жыныстардың 20 – 30 мм, ал 4 - 5 м қашықтықта 60 - 250 мм жылжитыны байкалған. Босаған кеңістіктегі бекемдерге түсетін қысым мөлшері бірінші қатардағы тіреулерде 10 - 20 кН шамасында болса, соңғы қатарда 200 - 400 кН дейін жетеді.

Кен жұмыстары жүретін уақытта жыныстардағы кернеулі күй қайта тарапып, тазартпа кенжар массиві алдында *таянышты қысым* пайда болады. Төніректегі жыныстардың жылжу себебінен көмір сілемі ішінде, кенжар алдында 40 - 60 м жерде таянышты қысым басталады, оның ең жоғарғы шамасы кенжар алдындағы 2 - 10 м қашықтықта байқалып тұрады. Төбе жыныстар жылжысы, көмір мен жыныстардың механикалық қасиеттеріне тікелей байланысты. Олардың серпімділік қасиеттері не ғұрлым аз болса, жылжу мөлшері де сол ғұрлым жоғары болады.

Кен алу орны жер бетінен терендеген сайын, тіреулерге қысым қүшейіп, қазбаның табан жыныстары ішке қарай ісініп шыға бастайды. Көмір тақтасы қалың болса және тіреу қою жұмысы өз уақытында жүргізілмесе, төбе жыныстарының сөгілісі молайып, тіреуге қысым қүшіне бастайды. Көмір тақтасы қалың болған жағдайда, тіреулер жиі қойылуы мүмкін. Кенжар жанындағы кеңістіктің еніде тау-кен қысымына әсер етеді. Ол кеңістік тар болған сайын, оған түсетін қысымда азая береді. Тау-кен қысымының мөлшері тіреулердің механикалық қасиеттеріне байланысты болады. Негұрлым тіреу катан болса, солғұрлым қысым құштірек байқалады. Жыныс қысымы кенжардың жылжу шапшандығымен байланысты. Егерде кенжар жылжуы екі есе өссе, онда тіреуге түсетін жыныс қысымы да 25 - 40 % азаяды.

3.4 Тазартпа қазбалардың жұмыс кеңістігін бекемдеу схемалары

Жұмыс кеңістігі көмір қазып алу мен тасыма жабдықтарын орналастыруға және сол арқылы жылдамдығы сағатына 4 метрге дейінгі аяу ағысын өткізу үшін пайдаланылады. Жұмыс кеңістігі құлап түспеу үшін, ағаштан не металдан кенжаріргелік тіреулер қойылады. Көмір тақтасының геологиялық жатысына байланысты ағаш бекемдер жеке тіреулерден, не болмаса мандайша астында орналасқан екі-үш тіреуден (тағаннан) құралатын бекітпе қалыптардан тұрады. Олар кенжарға көлденен орнатылады. Мандайша ұзындығы 2 м, ал бекем қалыптарының аралығы құлама бағытында 0,9 - 1 м, не 2 м болады (3.7-сурет).


Аса қымбат мандайшаларды шектеу үшін және жұмыс қауіптілігін, қаражат шығынын азайту үшін, кенжар тіреулері ретінде метал бекітпелері колданылады.

Көлбеу жатқан көмір тақталарының тазартпа кенжарының тіреулері ретінде екі түрлі метал бекітпелері шығарылады: үйкелісті таған (tireu); гидравликалық таған (3.8-сурет).

Үйкеліс тағаны үш бөлшектен тұрады - табан, шығармалы бөлшек және құлыптан. Құлыптың өзі сыналар мен және сауыттан (кабыттан) құралады.


Гидравлика тағаны, ажыратқыш ретінде гидродомкратпен бірге құрастырылған қол насосымен, не болмаса сырттан басқарылатын гидродомкратпен пайдалынылады. Металды мандайша ұзындығы комбайнның көмір алу еніне сәйкес 0,8; 1,0; 1,26 м- үш түрлі болып шығарылады (3.9-сурет).

3.7 - сурет. Кенжар беттес тіреу: а) ағаштан; б)
металдан




Мандайшалар өзара топсаланып жалғасады. Тазартпа кенжары жылжыған сайын тіреулер алынып, жана орынға қойылып отырылады. Аталған тіреулер дербес не жекелей тіреулерге жатады.

3.8 - сурет. Метал тағандары:
а) кажалу тағаны; б) 2ГВТ
гидравликалық тағаны



Кейінгі кезде көмір өндірісіндегі шақтыларда механикаландырылған бекітпелер қолданылады (3.10-сурет).


Суретте көрсетілген тіреулер бүйір жыныстарымен әрекеттесуіне байланысты бірнеше топқа бөлінеді: корғауыш (3.10а-сурет), ұстаяуш (3.10, б-сурет), корғап - ұстаяуш (3.10, в-сурет), ұстап - корғауыш (3.10, с-сурет).



3.9 - сурет. Металдан жасалған мандайша:
а) В20Б; б) М71С

Корғауыш бекітпелер тек тазартпа кенжарға тікелей құлайтын жыныстардан корғайды. Бұл тіреулер қобдыраған тәбе жыныстарында колданылады.

Ұстаяуш бекітпелер жұмыс кеңістігінің тәбесін ұстай үшін колданылады. Бұл бекітпелер көбінесе тәбеде қатты жыныстар мықты болған жағдайда пайдаланылады.



3.10 - сурет. Механикаландырылған бекітпелер:
 l_0 – корғауыш бөлігі; l_n – ұстаяуш (сүйемел) бөлігі

Корғап - ұстауыш бекітпелер қорғауыш калқан арқылы төбені ұстап, жұмыс кеңістігін құлаған жыныстардан бөліп тұрады.

Ұстап - қорғауыш бекітпелерде негізгі жұмысты бекітпенің қорғауыш белігі атқарады. Мұндай бекітпелерді орныктылығы орташа жыныстарда колданады.

Механикаландырылған бекітпелер тазартпа кенжарындағы тіреу процесі жылдамдығын қамтамасыз етіп, көмір алатын жабдықтардың ең жоғарғы ырғакта істеуіне мүмкіншілік жасайды. Кеншілер жүріп тұру үшін бекітпе ішінде ені 0,7 м, биіктігі 0,4 м кем болмайтындей кеңістік қалдырылады.

Механикаландырылған бекітпелер құлама бұрышы бойынша жазық, көлбеу, құлама, ал қалындығы бойынша жұқа, орташа қалындықтағы және қалың текталарға арналады (3.1 кесте).

3.5 Тазартпа жұмысын жүргізу кезіндегі тау-кен қысымын игеру

Кен қазылған сайын кен орны босап төбе жыныс қысымы күшінде де салмағы кенжар тіреулері мен қазылмаған кенге түседі. Кенжар кеңістігінде білінген жыныс қысымының күшін реттеп, жұмыс қауіпсіздігін арттыру мақсатында қолданылатын құрделі істерді *кен қысымын игеру* деп атайды. Жазық және көлбеу орналасқан көмір текталарында төбе қысымының әсерлі болу себебінен оны игеру жұмыстарына өте зор мән беріледі. Осындай көмір текталарындағы қысымды игеруде негізгі әдістер катарамын жататындар:

- төбе жыныстарын толық құлату;
- босаған кеңістікті бос жыныстармен толық тығындау;
- босаған кеңістікті жартылай тығындау;
- төбе жыныстарын шөге отырғызу.

Тік және құлама - тік көмір текталарында табан жыныстарының жылжуына байланысты қысым игеру бүйір жыныстарын игерумен сабактас. Осы аталған әдістерден басқа, мұндай көмір текталарында бүйір жыныстарын ұстап тұруға арналған құралдар қолданылады. Тау-кен қысымын игеру барысында, көмір тектасына жапсарлас жататын төбе жыныстарының қасиетін (біріншіден ол жыныстардың ашылғаннан кейін, уақыт өлшемімен қай уақытта құлайтынын және оның құлайтын биіктігін), көмір тектасының куатын, құлама бұрышын, өзінен - өзі жану жағдайын, жер бетіндегі құрлыстарды және басқа себептерді ескерген жөн.

Төбе жынысын *толық құлата* игерудің мәнісі тазартпа кенжар жылжыған сайын, жұмыс жүріп жатқан кеңістікпен босаған кеңістік арасында арнаулы киошу тіреу койылып, бос кеңістіктегі төбе ұстап тұрган тіреулер босатылып, төбе жыныстары құлатылады. Құлаған

3.1-кесте

Механикаландырылған комплекстердің техникалық сипаттамалары

Тазартпа комплектін, агрегаттың аты	Алғынатын такталар- дың куаты, м	Тақта кулама бұрышы, град	Комплекс жабдықтары			Компле- кстін ұзынды- ғы, м	Төбе жыныс- тарының түрі		Табан қысымы мілі. дейін	Алым ені, м	Ең көмен кима, м ²	Тіреу- лік түрі
			механик- бекітпе (тіреп)	кенжар- конвейері	тазартпа комбайн		тіке- лей	негі- згі				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
IKM103	0.71-0.95 0.85-1.20	<35/12	IMK103	СП202В1	K103	170	< OT	< AK	3.50	0.80	1.25	C
IKD80	0.80-1.05 0.90-1.25	<35/10	D80	СПЦ151	КА80	170	< OT	< AK	2.00	0.80	1.50	KC
KMK97 (MK98)	0.75-1.05 0.90-1.25	<20/12	MK97, MK98	СП202 СПЦ161	K103, IK101у	175	> OT	ЖК,AK	3.36	0.80	1.53	C
IKM88	1.00-1.30	< 15/10	IM88	СП87ПМ	IK101	170	OT	< AK	2.90	0.63	1.32	C
KM87УМВ	1.25-1.95		2M87УМВ	СП87ПМ	1ГШ68Е	170,200			2.90	0.63	1.93	C
KM87УМП	1.05-1.38 1.25-1.95	<20/10	M87ПМ	СП87ПМ	IK101у	160,200	> OT	< AK	2.90	0.63	1.51	C
KM87УМН	1.05-1.38 1.25-1.95	<35/10	M87УМН	СП87ПМ	IK101у	160,200	OT	< AK	2.90	0.63	1.93	C
KM87УМА	1.25-1.95	<20/10	2M87УМА	СП87ПМ	1ГШ68	170,200	> OT	< AK	2.90	0.63	1.60	C
IKMT	1.10-1.50	<35/10	IMT	СП87ПМ	IK101	200	> OT	< гА	2.70	0.63	2.67	C
2KMT	1.35-2.00		2MT								1.32	
IKM88С	0.95-1.30	< 30	IM88С	конв-жонғы	СО75, СН75	200	OT	< AK	2.90		1.70	C
KMC97M	0.75-1.00 0.85-1.20	<20/8	MK97M	конв-жонғы	СО75	200	OT	< AK	2.90		1.20	C
KMC87УМ	1.05-1.38 1.25-1.95	<20/15 < 5/8	M87УМС	конв-жонғы	СО75 СН75	200	OT	< AK	2.90		1.70	C
1MКМ	1.40-1.75	< 15	IMKM	KИЗМ	KШ1КГУ	100	TE	OK	1.10	0.63	1.60	KC
MК75Б	1.60-2.20	<35/12	MK75	СУМК75Б	2ГШ68Б	100,150	< OT	< AK	0.75	0.50	2.80	KC
ЮКП	2.20-2.45	< 12	T13K	СУОКП	KШ1КГУ	80,100,	OT	ЖК	0.75	0.63	3.50	KC
2ОКП	2.20-3.00	< 8	T13K	СУОКП	KШ3М	120,150					4.07	

3.1-кесте жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
1ОКП70Е	1.90-2.60	<30/10	1ОКП70	СУОКП70	1ГШ68 КШ3М 2КШ3 2ГШ68Б	100,150	< ОТ	ОК	1.20	0.63	3.35 4.23 5.43 2.85	КС
2ОКП70Б	2.30-3.50		2ОКП70								4.20 4.80 5.50	
3ОКП70Б	2.80-4.00		3ОКП70									
4ОКП70Б	1.60-2.20		4ОКП70									
KM130	2.00-2.75	<35/10	M130(1)	C11301	1ГШ68 КШ3М 2КШ3 КШЭ	120	ТЕ	АК	2.50	0.63	4.20 4.80 5.50	С
	2.25-3.20		M130(2)									
	2.50-3.65		M130(3)									
	2.80-4.15		M130(4)									
KM142	3.00-5.00	< 35	M142	C11301	1КШЭР	120						
KM81Э	2.00-2.80	<35/10	M81Э	KM8102Б	1ГШ68	120	ТЕ	ОК	2.60	0.63	5.60	С
1ҮКП	1.20-2.50	< 35	1ҮКП	C1187ПМ	2ГШ68Б	200	ТЕ	ОК	0.90	0.63	2.20	КС
2ҮКП	2.40-4.50	<18/12	2ҮКП	2ҮКП102	2КШ3	120	ТЕ	АК	2.00	0.50	4.00	КС
2ҮКП5	3.70-5.00	< 35	2ҮКП5	УКП02СБ	1КШЭ	120	ТЕ	АК	2.00	0.50		
1КМ97Д	0.75-0.90	<20/10	1МК97Д	СП202, СПЦ161	1К101У МК67М	150	ОК	ЖК,ОК	3.20	0.80	1.04 1.40	С
	0.90-1.20				Темп-1	120	ОТ	ОК				КС
КГУМ	0.60-1.50	> 35	КГУМ									
КГУ	0.60-1.50	> 35	КГУ-Д									КС
					Поиск-2	120	ОТ	ОК				
					Темп-1							
KПК1М	0.80-2.40	> 35	KПК1М									КС
"Глинник"	1.50-2.20	< 35	Глинник									
"Пиома"	2.70-4.30	< 35	Пиома									
2МКДМ	0.80-1.20	35-90	КДМ	СП48М	2К52МУ МК67М	120	ОТ	ОК		1.50	4.50	
AФК (фронталды агрегат)	0.65-0.90	> 35	AФКЛ			150	ОТ	ОК	2.00	0.80	1.55-2.5	С
АК3	1.60-2.50	35-80	АК3		конвейер - жонғыш	120	ОТ	ОК			0.7-1.1	КС
АЩ	1.20-2.20	45-90	АЩ		конвейер - жонғыш	60	ОТ	ОК	0.75			
1АНЩ	0.75-1.30	45-90	1АНЩ		конвейер - жонғыш	40	ОТ	ОК	0.35			
2АНЩ	1.05-2.20	> 35	АФКЛ		конвейер - жонғыш	35	ОТ	ОК	0.26			
						2x60	ОТ	ОК				

Ескерту: механикаландырылған бекітпелердің түрлері: С - ұстауыш, КС - корғап-ұстауыш,

К- коргауыш, СК - ұстап-коргауыш.


Тікелей тобе жыныстарының түрлері: Т - тұракты, ОТ - орташа тұракты, ТЕ - тұракты смес.

Негізгі тобе жыныстарының түрлері: ОК - орташа құлайтын, ЖК - жақыл құлайтын, АК - ауыр құлайтын

жыныстар кобдырап бос кеңістікті негізгі төбеге дейін төсеп толтырады (3.7, б-сурет).

Негізгі төбе деп тікелей төбеден жоғары орналасқан және бос кеңістіктер біршама үлкейгеннен кейін ғана барып құлайтын қатты жыныстарды атайды. Ағаш тіреулерін колданғанда, толық құлату әдісі тікелей төбе қуаты көмір тақтасы қуатынан 6-8 рет кем болмағанда қолданылады. Егерде одан кем болған жағдайда, құлаған жыныстар бос кеңістікті толық толтырмай, негізгі төбені тіремей және негізгі төбе копарылғанда жұмыс кеңістігін жауып қалуы мүмкін. Ал метал тіреулерін колданғанда, олар үлкен қысымға карсы тұра алатындығынан, толық құлатуды тікелей жыныстын көрсетілген қуатынан кем болғанда да қолдануға болады.

Арнаулы тіреулерге жататындары - тізбекті, топты, қалаулы тіреулер (3.11-сурет).



3.11- сурет. Арнаулы ағаш тіреулері:

- а), б), в) - екі, үш қатарлы тізбекті тіреулер; г), д) - көлбеу, тік құлама тақталарына арналған қалаулы тіреулер; е) - топты тіреулер

Тізбекті-кима тіреулер (3.11, а,б,в-сурет) - бір немесе бірнеше қатар біріне-бірі жапсарлас койылған ағаш тіреулері.

Топты тіреулер (3.11, е-сурет) - 9-дан 18-дейін баратын толтастырылып құралған ағаш тіреулер.


Қалаулы тіреулер (3.11, г,д-сурет) - ағаш тағанынан, не болмаса рельс белшектерінен қаланып құрастырылған тіреулер.

Толық құлату әдісін кеңінен қолдану және құлату кезіндегі жұмыс қыншылығын азайту үшін, көтеру күші 1000 - 2000 кН дейін баратын (3.12-сурет) ОКУ метал тағаны қолданылады. Бұл отырғызу тағаны – табаны 1, оның жоғарғы жағында құлып 5, екі бүранды негізгі 2 және косалкы 3 өзектерден тұрады. Ақырғысында қысым ұстайтын табақ 4 орнатылады. Отырғызу тағаны, косалкы бүранды өзекті сүйемен бұрап, сына 6 қағып отырғызылады. Тағанды босатуда, сынаны арт жағынан қағып түсіреді. ОКУ тіреуі, иілімді тіреулер катарына жатады, себебі төбе жынысының қысымына

байланысты бұранды өзек бұралып өзінің биіктігін азайтады, бірақта өзінің көтеріш қуатын азайтпайды.




3.12 - сурет. ОКУ отырғызу тағаны



3.13 - сурет. Төбені шөге отырғызу схемасы


Барлық көрсетілген арнаулы тіреулер кесуші пышақ рөлін аткарады. Жыныстарды құлату жұмыстары есептелген мерзімде жасалып, бұл жұмыстар *отырғызу қадамы* деп аталады. Көлбеу көмір тақталарында құлату қадамы комбайнның бір немесе бірнеше көмір алу еніне сай жасалынады, ол 0,6- 6 м ге дейін өзгеруі мүмкін.



3.14 – сурет. Желді баллон тіреуі:

- 1 – резиналы құрсалған баллон; 2 – қысымды ауаны жіберіп шығаруға арналған штуцер; 3 – ауа бөлшектеуші; 4 – темір лыжылар; 5 – резиналы қорғаныш ленталар

Төбе жыныстарын жайлап түсіру әдістері, жыныстардың айырылмай құлайтын қасиетіне байланысты қолданылады (3.13-сурет).




3.15 - сурет. Қазылған кеңістікті жартылай толтыру әдісі

Мұндай жағдайда, арнаулы тіреу ретінде иілмелі ағаш тіреулері колданылып, тазартпа кенжардың жылжымен бірге жылжытылып отырылады. Кейінгі кездерде, жұқа көмір текталарында тіреу ретінде жел баллондары қаланады (3.14-сурет). Тік орналаскан көмір текталарында, тәбе жынысын үстап тұру үшін, ол тақтаның құлама бойымен арасы 4-6 м дең және жазық бойымен 1,8-2,7 м дең қаланған тіреулер колданылады. Бұл қаланған тіреулер жылжытылмайды.

Тікелей тәбе жынысы копарылып қулауы қатты болғанда, не болмаса тез құламайтын жағдайда, бос кеністікті бөлшектеп тығындау жолдары карастырылады. Бұл әдісті қолдану үшін, босатылған кеністіктің өз бойымен шойтас (бут) штректері жүргізіледі (3.15-сурет).

Шой-тас штректерінің жоғарыдан төмен қарай арасы қаланған шой-тас тілім енінен артық келеді. Мұндай жағдайда, бос кеністіктің 60-80% мөлшері бос жыныстармен (шойтаспен) толтырылады. Тазартпа кенжар жылжыған сайын, шой-тастан қаланған тығын ұзартылып отырылады.




3.16 - сурет. Екі камералы тығындау машинасы

Ал толық тығындау әдісі, тез құламайтын жыныстарда, өртенуге ықтимал көмір текталарында қолданылады. Бұл әдісті қолданғанда, өрт шығармау жағдайы және жер бетінін сакталуы, желдетпе жұмысы жақсарады. Тығындау материалы ретінде, әдейі арнап шығарылған тау-кен жыныстары (күм, қырышық тас, ұсатылған тау тастары), не болмаса өндірістен шығатын жарамсыз қалдықтар (байыту фабрикасының қалдығы, шлактар, электростанциялардан шығатын құлдер, үнгі жүргізілгенде шығатын жыныстар т.б.) қолданылады. Тығындауға арналған материалдар жаңғыш болмауы шарт. Кейінгі кездерде рудниктерде жүре қататын тығындағыш материалдар қолданылып жүр. Мұндай материалдарды дайындаған кезде, оған бірнеше косындылар цемент, ұсатылған домна шлагы, ізбес, Ca, Mg және Al аралас күйдірілген байыту фабрикасының

калдығы косылады. Мұндай тығындау материалдары, бос кеңістікке орналасқаннан кейін, олар тез қатып қозғалмайтын тұтас сілемге айналады. Тығындау материалдарын көбінесе шактыға қосалқы, не болмаса әдей арналған тығындау окпанымен, вагонеткада, скипте, кейде өз бетімен ағызып, құбырлармен не скважинамен түсіріледі. Жазық ұнгілерде тығындау материалдары, тығындайтын жерлерге вагонеткамен, конвейермен, скрепермен жеткіздіртіледі.

Бос кеңістікке тығындау материалдарын орналастыруға байланысты әртүрлі тығындау әдісі қолданылады - өз бетімен ағып тығындалатын; механикаландырылып тығындалатын; жел күшімен, су күшімен тығындау әдістері.



3.17 - сурет. Барабанды тығындау машинасы

Өз бетімен тығындалатын әдісті тік көмір тақталарында қолданады. Мұндай жағдайда тығындау тілімі (адымы) 1,8- 8 м дейін болады.


Механикаландырылып тығындау әдісінде бос кеңістікке тығындау материалдары лактырғыш, тығыздығыш машиналармен және скрепермен жеткізіледі. Бұл әдіс аса көп тараған емес.

Жел күшімен тығындауда, тығындау материалдарын кенжарға жеткізу және оны бос кеңістікке орналастыру қысымды ауа күшімен аткарылады. Тығындау материалдары жеткізуші құбырларға арнайы жел қуатымен істейтін камералы, барабанды және эжекторлы желдеткіш машиналарымен жеткізіледі. Камералы машиналар, ойылып алынатын алғаның, не болмаса шактының қанатының корын түгел ойып алғанша орнынан қозғалмайды, сондыктан бұл машиналар тұракты деп аталады. Бұл машиналар, көбінесе жер бетінде, не болмаса окпан алғанында орналасады. Олар тығындау материалдарын 1000 м қашыктықка жеткізе алады. Камералы машиналар бір не екі, не болмаса үш камерадан тұрады (3.16-сурет).

Казіргі қолданылатын екі камералы машинада (ДЗМ2), тығындау материалы бункерден, не болмаса ленталы конвейерден (5), үстіңгі камерага (6) жанасатын қабылдаушы шұнқырга жеткізіледі.

әр-бір камераның үстіндегі, автоматтандырылған ысырма (4) тығындау материалдарын, мөлшерлі өлшемде төменгі мөлшерлеуші (3) арқылы жұмыс құбыры (1) жіберіп отырады. Ысырманың жұмыс істеуі желдіцилиндр (7) және мөлшерлеуші (8) арқылы аткарылады. Қысымды ауа бұрамасы (вентиль) арқылы құбырмен (2) беріледі. Барабан түсті машинасында (ПЗБ) (3.17-сурет), құбыр (3) астында айналмалы, тік бөлікті барабан орналастырылған, тығындау материалдары қабылдаушы шұнқыр (4) арқылы тиеледі. Барабан айналған кезде, материалдар шұнқырдан ұяларға құйылады. Ұя (2) материалдарымен айналып келіп ауа құбыры (1) мен дәл қабысканда, материал, қабылдаушы жұмыс құбырына үрленіп шығарылады. Машина рамага (6) қондырылып электр қозғалтқышы арқылы жұмысын аткарады. Барабан түсті машиналар, құбыр арқылы тығындау материалдарын 400-500 м қашықтыққа жеткізе алады. Құбыр жүйелері, диаметрі 150-200 мм құбырлардан құралады. Тығындау материалы ретінде 5% ке дейін балшық араласкан, ұлкендігі 80 мм дейін жететін ұсатылған жыныстар қолданылады. Жел қүшімен тығындау әдісі, тығындау материалдарының өте тығыз орналасуын қамтамасыз етеді. Оның кемшіліктері ретінде, құбырлардың тез тозуы, өте көп шан пайда болуы және тығындайтын материалдардың өте қымбатқа түсүі.

Су күшімен толтыру (тығындау) әдісін қолданғанда, тығындау материалдары су арқылы тығындалады. Су арқылы тығындау 3.18-суретте көрсетілген.




3.18 - сурет. Су арқылы тығындау комплексі

Тығындаушы материал қоймадан (4) араластыруышы қондырғысы (3) арқылы шұнқырға (2) жеткізіледі. Араластырылған қойыртпак кен үнгілерінде орналаскан құбыр (1) арқылы бос

кеңістікке жеткізіледі. Қойыртпак жоғарыдан төмен қарай өз салмағымен жылжиды. Қойыртпактың жылжу жылдамдығы, су ағыны қатты кабыршак жыныстарды ағыза алу үшін, құбыр тығындалып қалмау үшін 3 м/сек кем болмауы керек. Қойыртпактың құбырмен тау-кен үнгілерімен жылжыту қашықтығы, қойыртпактың қоюлығына (тасылатын материалдардың суға катынасына тең. Т/С катынасын тығындау материалдарының ұсак-ірілігіне байланысты алынады. Мысалы, тығындау материалының ұлкендігі 2 мм дейін болса, Т/С катынасы 1 : 2 болуы керек, егерде 20-30 ға дейін болса 1 : 4 дейін, ал егерде 40-60 мм болса Т/С катынасы 1 : 6 + 1 : 10 болуы керек. Құбырлардың тозуы, жел күшімен тығындағаннан су күшімен тығындағанда көп азаяды. Су күшімен тығындау, тығындау материалдарының тығызы орналасуын қамтамасыз етеді және аз ток күшімен аумакты жұмыс орындалады. Бұл әдістің кемшілігіне, жер астындағы үнгілерге судың көп күюлүсі, үнгілердің ластануы және шығындардың көбеюі.


3.6 Тазартпа қазбалардағы технологиялық үдірістерді үштастыру жолдары

Циклды, не болмаса үздіксіз негізінде үйімдастырылған лаваларда, жұмыстың ырғакты орындалуы үшін барлық технологиялық процестер мерзімімен, кеңістік арасында үйлесімді болуы керек. Қайтымды үйімдастыру, кен алымды, не болмаса енсіз алымды, жеке тіреумен тірелген лаваларға тән. Тазартпа комплекстерін қолданғанда негізгі жұмыстар қатарынан орындалып, көмірді ағынды әдіспен алуға жол ашылады. Кенжардағы процестердің орындалу тәртібін планограмма дейді. Планограмма - барлық операциялардың уақыт (абцисса бағытында уақыт өлшемі) және кеңістік (ордината бағытында) координаттарындағы графикалық бейнесін көрсетеді (3.19-сурет).



3.19 - сурет. Механикаландырылған комплекс орнатылған көлбеу көмір тақталарындағы тазартпа жұмыстарының планограммасы

Планограммада лаваның төрт ауысында жұмыс істеуі көрсетілген. Уш ауысым көмір шығаратын, төртінші ауысым жөндеу, дайындау ауысымы болып саналады. Әр ауысымда 2 цикл орындалып, онын ішінде көмірді ойып алу, тіреулерді, конвейерлерді жылжытып көшіру, комбайн орналасатын ойыстарды алу жұмыстары қоса атқарылып отырылады. Ал жөндеп - дайындау сменасында электрслесарлар тіреулердің, комбайн мен конвейердің ақауларын түзету, насос станцияларын жөндеу және жүргізу аппаратураларын түзету жұмыстарын атқарады. 3.20-суретте көрсетілгендей, тік көмір текталарында комбайн арқылы алуда, жеке ағаш тіреулері орнатылғанда, тазарту жұмысының планограммасы тәулігіне 3 циклдан күралады, шой-балғамен алғандада сондай болады.



3.20 - сурет. Комбайнмен алғандағы, тік көмір текталарындағы тазартпа жұмыстарының планограммасы

Екі жағдайдада бір ауысымда қосалқы (тіреу материалдарын жеткізу, қысымды ауа жүретін құбырларды көшіру және тіреу қалау) жұмыстарды аткару үшін қалдырады. Оған қоса, бір ауысым сактану (тосын көмір, газ атылысы) жұмыстарын аткару үшін қолданылады. Сонымен, тазартпа жұмысын көбінесе екі ауысымда атқарады.

3.7 Кен қазу жүйесіне түсінік және оларды таңдағанда әсер ететін себептер

Пайдалы казба алынғаннан кейінгі босаған орындарын тазартпа қазбалары деп, ал ондағы кенжарларды тазартпа кенжары деп атайды. Тазартпа кезіндегі кеністікті тазартпа кеністігі деп, ал тазартпа кенжарындағы кенді алу жұмыстарын тазартпа жұмыстары дейді. Тазарту жұмыстарын жүргізу үшін, көмір алатын аланда даярлау қазбалар өткізіледі. Даярлау қазбалар алдын ала, тазарту жұмысы басталмай тұрып, не болмаса бірге, қабаттастырыла жүргізеле береді.

Осыған орай тазарту және дайындау жұмыстарының арасында мерзімдік және кеңістік байланысы болады.

Сонымен, тазарту және дайындау жұмыстарын мерзімді және кеңістікпен байланысты жүргізу *кен қазу жүйесі* деп атайды.

Колданылған кен қазу жүйесі тау-кен жұмысының қауіпсіздігін, кен корының экономикалық және техникалық тұрғыдан жағылымдылығын, тиімділігін, шыккан кордың, мүмкіндігінше арзанға түсіне себеп болуы керек. Қабылданған кен қазу жүйесі, қауіпсіздік ережесіне сәйкес келіп, тау-кен жұмысын бақылайтын орындармен бекітілуі керек. Кен қазу жүйесінің экономикалық тұрғыдан тиімді болуы үшін кен қазу, оны тиеп жеткізу процестері механикаландырылып, автоматтандырылып, дайындау үнгілерін керегінше азайтып, кен қазу жұмысында ұтымды жолдарын қарастыру керек. Кен шығындарын азайту жолдарында, пайдалы қазбаның геологиялық жатыс жағдайына байланысты, кен қазу жүйесі таңдап алынуы керек. Кен қазу жүйелері пайдалануына байланысты бірнеше топқа бөлінеді. Ал көмір алу саласында, кен қазу жүйелерінің топтары өзінің негізгі және қосалқы нышандарымен байкалады.

Негізгі нышан ретінде, көмір тақтасын қуатына байланысты толық алу, не болмаса қабаттап алу әдісі қолданылады.

Қосымша нышанға жататыны, тазартпа алаңындағы көмір тақталарын дайындалап алып, содан кейін алу.

Осылай, негізгі нышан тобына сәйкес көмір тақталарының қазу жүйелері екі класқа бөлінеді :

- көмір тақталарын толық қазу жүйесі;
- бөлшекті қабаттап қазу жүйесі.

Қосымша топтасу нышанына байланысты, қазу жүйелері тағыда төмөнделгідей бөлінеді ;

- жаппай қазу жүйесі;
- бағаналы қазу жүйесі;
- қысқа тазартпа кенжармен қазып алу жүйесі;
- кенжар ішінде адамдарсыз қазу жүйесі;
- құлама қабаттармен қазып алу жүйесі;
- көлденен қабаттармен қазып алу жүйесі;
- жазық қабаттармен қазып алу жүйесі;
- ықтиярсыз қопарып қазып алу жүйесі.

Пайдалы қазбалардың жер астында орналасуы әртүрлі болады, Сондықтан, кен қазу жүйесін таңдап ауда геологиялық, техникалық себептерді толық қарастырған жән. Кен қазу жүйесін таңдағанда негізгі себептерге жататындары: пайдалы қазбаның қуаты, құлама бұрышы; бүйір жыныстарының механикалық қасиеттері; су аумактары; көмір тақталарының өртке щалығы; тазартпа және даярлау кенжарларындағы үйымдастыру, механикаландыру әдістері.

Көмір тақтасының қуаты қалың болған сайын, жыныс қопарылу қарқыны жиілейді, соған байланысты төбені тіреу оны игеру жұмысы

киындейды. Эр қуатты көмір тақталарында, әртүрлі комплекстер колданылады, ал қалып қуатты көмір тақталарында қабатты алу жүйесі пайдалынылады. Көлбеу және жазық көмір тақталарында пайдалы казбаны тазартпа үнгілерде конвейермен тасиды. Ал тік, тік-құлама көмір тақталарында копарылған көмірлер және тығындалатын материалдар тазартпа кенжар бойымен өз салмағымен түсіріледі. Бірінші жағдайда, төсеген темір төсөніштермен не рештактермен, екінші жағдайда, көмір тақтасының табанымен түсіріледі.

Көмір қаттылығы, алу әдісін механикаландыруға және тазартпа механизмдердің қуатына, ал тік, тік-құлама көмір тақталарында жоғарыдағы көмір сілемінің тұрактылығына әсер етеді. Жұмсақ және шашырауға икемді көмірді алғанда, олар құлап кетпеу үшін, кенжар бағытын дұрыс алу керек. Бүйір жыныстарының қасиеттері төбені игеру әдістеріне, даярлау үнгілерін сактауға әсер етеді. Төбе жыныстары ашылған кезде копарылуға, не болмаса шашырап түсуге, ал табан жыныстары дөмпуге душар болады. Жалаңаштанған жыныстардың біраз уақытка дейін өз салмағымен қуламауы олардың тұрактылығын қорсетеді. Тұрактылығына байланысты жыныстар тұрақсыз, нашар тұракты, аз тұракты, тұракты, өте тұракты болып бірнеше топқа бөлінеді. Төбе жыныстарының тұрактылығына байланысты, көмірді алу технологиялық схемасы, лаваны тіреу, тау-кен қысымын игеру жұмыстары қабылданады. Пайдалы казбаның және бүйір жыныстарының механикалық қасиеттеріне жататындары, көмір тақталарындағы бүйір жыныстарындағы жарыктар (кливаж). Осы жарыктар бойымен пайдалы казбаның, не болмаса бос жыныстардың кесектері негізгі сілемінен бөлінеді. Кливаж, көмірдің итеріліп шығуна және пайдалы казбаны, жыныстарды механикаландырылып, не болмаса жарылыс күшімен алғанда, копарылу жағдайын күшейтеді, тазартпа кенжарындағы төбе жыныстарының, оған қоса тау-кен қазбаларының тұрактылығына әсер етеді.

Жонып алатын машиналарды қолданғанда, жұмыс көрсеткіштері жақсы болу үшін, жонып алу жұмысының бағыты кливаж бағытымен сәйкес болып кенжар бағытында алынуы керек. Кен қазу жүйесін және онын құралымын таңдауға көмір тақтасының газдылығы әсер етеді. Шақтыға жіберілетін ауаның көлемі, шактыдан шықкан ауадағы метанның көлемі 0,75 % аспайтын болып есептелінеді.

Кауіпсіздік ережесіне сәйкес тау-кен үнгілеріндегі ауа жылдамдығы шектелетініне байланысты, кейде лавалардан шығатын көмірді азайтуға, не болмаса басқа қазу жүйесін қолдануға, алдын ала газсыздандыру жұмысын жүргізуге тура келеді. Газды шактыларда озық, өсіресе өрлеу бағытында жүргізілетін үнгілерді азайтқан жән. Ал өте көп көміртегін шығаратын көмір шактыларында, қазбаларды құлама бағытпен жүргізгенде шектеген жән.

Су көпшілігінің өсері, сулы кенжарда кеншілердің денсаулығына зиян келтіреді, жарақаттану көбейіп, еңбек өнімі азаяды. Су сіңген жыныстардың тұрақтылығы азайып, дұмпуге өкеп соғады. Осыған байланысты, кен қазу жүйесін таңдағанда, алдын ала мұндай жерлерде су азайту жұмыстары жүргізілуі керек.

Көмір такталарының өзінен өзі тұтануы, көбінесе көмір такталарының қуатына, оның ішіндегі ұшқын құралымына байланысты. Өздігінен тұтану эндогенді өрттері, көбінесе ауа араласып тұратын геологиялық бұзылыс бар жерде, көмір уатылған жерлерде, құлатылған, бұзылған кентіректерде, көмір ұнтақтарында және шанды жерде болады.

Тазартпа кенжардың, даярлау үнгілерінің механикаландырылуы кен қазу жүйесімен байланысты. Кен комбайндарының пайда болуы, кен қазу жүйесінің құралымына өзгешелік енгізді. Тазартпа кенжардан шығатын өнімнің есуіне байланысты, лаваларда өте ұтымды, тиімді жұмыс істейтін конвейерлер қолданылады. Метал тіреулерін, әсіресе отырғыш тіреуін колдану, тау-кен қысымын игерудегі толық құлату әдісіне көшуге жол ашты. Тазартпа кенжарда кеншілесіз жұмыс істеу әдісі, ол кенжарларды тіреусіз колдануға мүмкіншілік берді. Тау-кен қазбаларын механикаландырып өткізу әдісі, жаппай қазу жүйесінен, өнімді бағаналы қазу жүйесіне көшуге жол салды. Осымен, кен қазу жүйесі, кен алу машиналарын, агрегаттарды, комплекстерді жасау, бірімен-бірі байланысты болуы керек.

Кен қазу жүйелерін жобалағанда, айтылған себептерден басқа ерекше жағдайлар, оларға жататындар, кен орнының бұзылыстары, су қоймаларының астындағы кенді алу және жер бетін, жер бетіндегі құрылыстарды сақтау жұмыстары қарастырылуы керек.

3.8 Кен қазу жүйелерінің жалпы сипаттамалары


3.8.1 Көмір кеніші

Жұка көмір тактасын алғанда, көбінесе жаппай кен қазу жүйесі қолданылады (3.21-сурет).

Егерде этажда, не болмаса яруста (3.21, а-сурет) бір тазартпа кенжар орналасса, онда кен қазу жүйесіндегі мұндай өзгешілік - лава-этаж деп аталады. Ал көмір такталарының қуаты 0,8 м кем болғанда, этажды 2-3 аралық этажға бөледі (3.21, б-сурет).

Этажды аралық этажға бөлгенде тасыма штрек (3) және желдетпе штрек (6) өткізіліп және аралық этаждардың санына байланысты бір не екі этажаралық штректер (10) өткізіледі. Этажаралық штректер тасыма штректермен учаскелі бремсберг (9) және жүрісколы (2) косылады. Тазартпа жұмысы басталғанша, кенжар жабдықтарын орналастыру үшін, ені 2 м кем емес тілме қазба

жүргізіледі. Соңан кейін тазартпа жұмысы басталады. Тазартпа кенжары жылжыған сайын штректер ұзара береді. Штректер бос кеңістіктің әсерінің астында қалғандықтан, оларды сактау киындықка әкеп соғады.




3.21 - сурет. Жаппай қазу жүйесі: а) лава - этаж; б) этажды аралық этажға бөлу; 1 - күрделі бремсберг; 2 - жүріскол; 3 - тасыма штрек; 4 - жапсармақаз; 5 - тілмеказба; 6 - желдетпе штрек; 7 - тазартпа тілмеказба; 8 - тазартпа кенжар; 9 - участкелі бремсберг; 10 - аралық штрек

Этаж арасындағы штректердің ұзындығы 200-400 м болғанда, жаңа участкелі бремсбергті бос кеңістіктің ішінде, тазартпа кенжар маңында өткізу керек. Бұл есکі участкелік бремсбергті және этажаралық штректерді жоюға мүмкіншілік туғызады. Екі іргелес участкелік бремсбергерлердің арасындағы орналасқан этаждың бөлігін алу аланы (қазба алабы) деп атайды.

Жаппай қазу жүйесінде, тасыма штректің кенжары төменгі лаваның кенжарының алдында 50-70 м шамасында озық жүргізіледі. Мұндай жағдай, лавадан көмірді тоқтаусыз тасуға және тасыма штректі кедергісіз жүргізуге мүмкіншілік жасайды. Тасыма штректі, бос кеңістіктің әсерінен сактау үшін, көміртіректері, не болмаса әдей жүргізілген таскорған штрегінен шықкан жыныстардан таскорған орнатылады. Осы айтылғандардан тұтас қазу жүйелерінің үш ерекшелігін байқауға болады:

- даярлау қазбалары тазартпа кенжарымен бірге жүргізіледі, тек тасыма штрегі тазартпа кенжарынан озып отырады;
- даярлау қазбаларын өткізу және оларды сакту бос кеңістікте атқарылады;
- тазартпа жұмыстары участке бремсбергінен шакты шекарасына қарай бағытталады.

3.22 - сурет. Кертпеш кенжарлы жаппай қазу жүйесі: А - кертпештің құрамы; 1, II, III, IV және V - кертпештің тілінү тізбегі; 1 - тасыма квершлагі; 2 - желдетпе квершлаг; 3 - тасыма этаж штрегі; 4 - желдетпе этаж штрегі; 5 - жүріл тұратын тілмеказба; 6, 7, 8 және 9 - көмір шығаратын тілме; 10 - жүрісжол; 11 - тілмеказба; 12 - түйіліспе




Этаж ұзындығы қысқа және көмір тақтасы бірқалыпты жаткан жағдайда, этажда бір ғана лава ашылады. Даирлау қазбаларының саны азайып, тасыма және желдетпе штректер ғана болады. Осындай жаппай қазу жүйесін **лава-этаж** деп атайды.

Жұка тік жаткан көмір тақталарында, көмірді шой балғамен алғанда тазартпа кенжарды кертпелі қылып өткізеді (3.22-сурет).


Әр кертпеде шой балғамен бір кенжаршы істейдіде, ол жоғарыдан түсетін көмірден керпеп қалқанымен сакталады. Кенжардың мұндай болуын *кертпешті кенжар* деп атайды.

Орта қуатты көмір тақталарында ұзын бағаналы кен қазу жүйелері колданылады. Мұндай кен қазу жүйелерінде алдын ала жан жағынан даярлау қазбалармен коршалған (пайдалы қазбадан тұратын) бағаналар дайындалады, оларды даярлап болғаннан кейін, тазалап алу жұмысы басталады. Көмір тақталарының құлау бұрышы 12 градустан төмен болса ұзын бағаналарды жоғарыдан төмен, не төмennен жоғары карай алады (3.23-сурет).



3.23 - сурет. Өрлеу бағытты ұзын бағаналы қазу жүйесі

Осындай қазу жүйелерін дайындағанда алдын ала ұзындығы 1000 метрдей енес пен бремсбергтер жүргізіледі, бір сөзбен айтканда горизонттап дайындалады. Мұндай дайындау да, лаваның ұзындығы өзгермейтін болғандықтан, механикаландырылған комплекстерді қолдану ыңғайлы әрі тиімді болып комплексті жинау, қайтадан бөлшектеу жұмысы қыскарады.



3.24 - сурет. Этаж әдісімен даярланғанда, жазық бойымен алынатын ұзын бағаналы қазу жүйесі

Көмір тақталарының құлама бұрышы 12° тан жоғары болған жағдайда, ұзын бағаналы кен казу жүйесінің бағыты көмір тақталарының жазық бойымен жүргізіледі, сонымен бұл кен казу жүйесі, ұзын бағаналы қазу жүйесі деп аталады. Осындай кен казу жүйесіне тән казу жүйесі 3.24-суретте көрсетілген.

Бұл кен казу жүйесінің мәні, этажды штректерді алдын ала, әжептәуір (бірнеше жұз метр) озындық жүргізеді. Алынатын аланның шетіне орналасқан участкелі бремсбергтен этажаралық штректер, алынатын аланның келесі шекарасына қарай жүргізілуі басталады. Әр аралық этаждың бойымен осы арада тілмеказба ашылады. Бірінші көмір алу жұмысын жоғарғы аралық этажда басталып, бұл аралық этаждағы тазартпа кенжары 10-20 м жылжығаннан кейін, екінші көмір алу жұмысы төменгі аралық этаждан басталады. Көмір алу алаңының мөлшері жазық бойымен 400-500 м деп алғынады. Алу алаңындағы көмір алынып жатқанда, жана көмір алу алаңындағы дайындық жұмыстары жүргізіліп, алынып жатқан алаңының көмірі біткенше 2 ай бұрын дайын болады.

Ұзын бағаналы, жазық бойлы көмір қазу жүйесі, шақты алаңын панель әдісімен дайындағандада қолданылады. Мұндай жағдайда, участкелі бремсбергтің міндеттін панельді бремсбергтер аткарып, не болмаса панельді еңестер аткарады. Ал көмірді алу екі жақты, панельді бремсбергке, не болмаса панельді енеске қарай жүргізіледі. Бұл кен казу жүйесін, жазық жатқан кен тақталарында қолданады. Онда, панельді бремсбергтің, еңестің міндеттерін панельді штректер аткарады.

Баганалы кен казу жүйесінің, жаппай кен казу жүйесінен айырмашылығы, оларда этажды аралық-этажға, ярусты аралық-яруска бөлгенде төмендегідей қосымша жұмыстар жүргізіледі:


- дайындық қазбалары алдын ала, тазартпа жұмыстары жүргізілгенше дайындалады, онда аралық этаждар (шакты алаңын этаждан дайындағанда), аралық ярустар (шакты алаңын панелден дайындағанда) жан-жағынан даярлау үнгілермен коршалып, алынатын бағаналар қалыптастырылады;
- даярлау қазбалары тұтас сілем ішінде орналасып, тазартпа кенжарлар жылжыған сайын бос кеңістік ішінде жойылып отырылады;
- тазартпа кенжарлар участекілік бремсбергкке қарай, ал панелдік дайындықта панелді бремсбергкке қарай жылжиғы.

Қалың көмір текталары толық, не болмаса қабатқа бөлініп алынады. Тік, не болмаса құлама-тік көмір текталары, толық қуатымен калқанды кен казу жүйесімен алынады. Бұл кен казу жүйесін бірінші рет Ресей FA корреспондент-мүшесі Чинакал А.Н. ұсынған (3.25-сурет).

Жүйенің мағынасы: әуелі тасыма штрек (1), квершлаг (2), текталы штрек (3) және желдетпе штрек (4) жүргізіледі. Желдеткіш штрек көмір тектасының ортасынан өткіледі. Тіліп бүрғылайтын машиналармен бүрғыланатын өрлемелермен (5), алу аланы, калқанды бағаналар деп аталатын, ұзын бағаналармен бөлінеді. Осыдан кейін, жоғарыдан төмен қарай, желдеткіш штрегінен тасыма штрекке дейін, ұзындығы 24-36 м кенжармен, бірнеше бағана алына бастайды. Көмір алынған сайын, төмен қарай жылжытын тазартпа кенжар қалқанмен жабылады. Қалқан кенжарды, төбесінен, табанынан құлайтын жыныстардан қорғайды. Ұзындығы 24-36 м қалкан, бірімен-бірі арқанмен (канатпен) тартылған 4-6 секциядан тұрады. Әр секция астына металдан жасалған төсенді, оның үстіне бірнеше қабат бөренелер байланады. Бұл қазу жүйесі, қуаты 3,5 м ден 8 м дейінгі көмір текталарында колданылады.


Қалың көмір текталарын қабатқа бөліп алғанда, кебінесе көмірді алуда, құлама қабаттармен төмен қарай алу жүйесі колданылады (3.26-сурет).

Этаждың тасыма штрегі (1), этажды алуға даярлағанда, шактының шекарасына дейін жүргізілуі керек, желдетпе жағдайына байланысты осы штрекпен бірге жоғарғы қабатының (2) төменгі қабат штрегі жүргізіледі. 30-50 м аралықпен бұл екі штрек бірімен-бірі тілмелермен (3) және түйіліспелермен (4) қосылады. Екінші және үшінші қабаттардың төменгі (5) және (6) қабат штректерін, қабат алынып жатқанда, көмірлерді алдынғы түйіліспеге (4) жеткізу үшін тазартпа кенжардан озық жүргізеді. Әр көмір қабаттары алынып жатқанда, желдеткіш горизонттық қабат штректері (7) және (8), оларды



3.25 - сурет. Қалың комір текталарын айғанда қолданылатын қалқанды казу жүйесі

қосатын түйліспелер (9), тазартпа кенжардың алдын ала, ауанын шығыс ағысын алдыңғы түйліспелер аркылы этажды желдеткіш штрекке (10) жіберу үшін жүргізіледі. Желдеткіш штрек (10) төменгі (казіргі жағдайда 3-ші) қабаттың қабат-штрегінің жұмысында аткарады. Тазартпа кенжардың ұзындығы 100 - 180 м, кейде 200



3.26 - сурет. Құлама бағытты, көлбеу қабатты, төбені құлататын алатын қазу жүйесі

метрге дейін болады. Тазартпа жұмыстарында, жергілікті жағдайға байланысты, барлық белгілі әдістермен алу қолданылады, бірақта екінші және одан кейінгі қабаттарды алу, оларды алу жағдайы тәбе жыныстарына байланысты болғандықтан, бірінші қабатты алғаннан ерекше болады. Егерде тәбе тез және жақсы жататын болса, онда тазартпа жұмысы осы тығыздалып жатқан жыныстардың арасында жүргізуге болады. Ал егерде жыныстар жақсы тез жатпаса, не болмаса жақсы тығыздалмаса, онда алдын ала жоғарғы қабаттың табанына, ондағы көмір алынған сайын, тіреулер төселеуі керек. Ол тіреулер (ағаштан не темір тордан жасалған) төменгі қабаттарға жапсарлас тәбе міндеттін аткарады.

Жыныстардың нашар жатуына байланысты, кейде қабаттар арасында көмір (калыңдығы 30 - 50 см) қалдырылады. Бұл жағдай, техника және қауіпсіздік талабына байланысты жасалынады. Кейде, құрделі көмір текталарының төменгі қабатын алуда қолайлыш жағдай, көмір қабаттары мықты жыныс қатпарларымен бөлінгенде туады. Онда алынатын қабаттың қалыңдығы 1,6 - 1,8 м болады. Жоғарғы көмір қабаттарындағы, тазартпа кенжарындағы тіреулердің конструкциясы орта қуатты текталардағы тіреулерге ұқсас болады. Тіреу ағаштан не металдан болуы мүмкін. Бірінші қабаттағы тәбені

бір, не болмаса екі, үш алымнан (жолдан) кейін құлатады. Ал екінші және одан кейінгі қабаттардағы төбені өр алымнан кейін құлатады. Жоғарыда көрсетілгендей, қабаттарды бөлу үшін кейде алдын ала жатынды тіреу төсөледі. Ол алныңп жатқан қабаттың табанына, тазартпа кенжарына тікелей, аралықтары бірінен-бірі 0,9 м дең төсөледі. Жатынды тіреулер ұзындығы 2,3 - 3 м, диаметрі 18 - 20 см тағаннан, не болмаса ені 100 м, калындығы 20 - 30 мм құрыш тілімінен жасалынады. Тазартпа кенжар жылжыған сайын жатынды тіреулер ұзартылады. Жатынды тіреуге кенжар бойымен горбыльдар, не болмаса диаметрі 1,8 - 2 мм, ұшыры 20x20, не болмаса 30 мм дең сымнан жасалған тор жабылады.

Төбе жыныстары копарылғанда, жатынды тіреулердің үзілмеуі, жыртылмауы үшін, ағаш жатындыларын жыраға қондырып, үстін көмір ұнтасымен жабады. Торларды, көбінесе кенжар бойымен оған тікелей екі қабат қылып төсейді, жеке тілімдері бір-біріне сыммен бекітіледі. Тәменгі көмір қабаттарын алғанда, кенжар тіреулерін құру, жатынды тіреулер ашылған сайын олардың астына тағандар қоюмен біtedі.

Көмір қабаттарын бір мезгілде алғанда, олардың тазартпа жұмыстарының ара қашықтығы, төбе жынысының жатынды қасиетімен, көмірдің өз бетімен жануына және оны тасуға байланысты 30 - 100 м мөлшерінде болады. Өр көмір қабаттары өз алдына желдетіледі.

Қабаттар жоғары қарайда алынуы мүмкін, бірақта жоғарғы қабаттан басқа қабаттағы бос кеңістік тығындау материалдарымен толтырылуы керек. Қабаттап алу жүйесі көбінесе көлбеу көмір тақталарында қолданылады. Мұндай жағдайда, тазартпа кенжарларда, көлбеу көмір тақталарына арналған механикаландырылған комплекстер (ОКП, КМ87Э) колданылады.

3.8.2 Руда кеніштері

Металды (темір, жез, никель, марганец, вольфрам және баскалар) немесе биметалды (апатит, асбест, графит, слюда, күкірт, тұз т.б.) құрамдардан тұратын минералдық туындыны *кен (руда)* деп атайды. Кенді жерасты өндіретін, тау-кен кәсіпорнын *кеніш* немесе *рудник* дейді.

Руда кеніштері жату қалпының әртүрлігімен (тақталы, желілі, шток, ұялы немесе линзалы) сипатталады. Кендер, әдетте қаттылығымен ерекшеленеді және өте берік қалыптасқан жыныстар ішінде жатады. Кен сілемдері куаты бойынша 0,25 тең 100 м ге дейін және оданда жоғары деңгейде өзгереді. Осының бәрі руда кеніштерін казу жүйесі тәртібінеде айтарлықтай ықпал етеді. Кен шақтысының шакты алабы келтірілген жағдайларда биіктігі 30 - 100 м қабаттарға


бөлінеді. Созылым бағытында әрбір қабат ұзындығы 15 тен 100 м дейін баратын блоктардан (қазба участкерінен) тұрады.

Тазарту кеңістігінің төбесі кең алынуына сәйкес кендінгектерімен, уатылған кеңді қоймалау, толтырма салу, тіреу қою жолдарымен және опырылып құлатылған жыныстармен ұсталып тұрады.

Тау қысымын осындай әдістермен басқару руда кеңіштерін казу жүйелерін топтаудың негізі болып саналады. Жұқа қабатты сілемдер, олардың жату бүрыштарына байланысты, текталы кең орындарын атып-жару тәсілімен алатын казу жүйесіне ұқсас жүйелермен уатылады.

Куаты кең сілемдерінің өзіне тән ерекшеліктері бар және оларды қазып-өндіру негізінен этажаралық штректер жүйесімен қазу, күрт құлатытын куаты 5 м және оданда жоғары кеңіштерді қазғанда колданылады.

Егерде кең денесінің куаты 15 - 20 м дең аспаса, онда (кеңүнгілер) камералар ұзындығын созылым бағытында орналастырады (3.27- сурет).



3.27 - сурет. Этажаралық штректер жүйесі:

1 - өрлемелер; 2 - этажаралық штректер; 3 - шұнқырлар; 4 - этаждық желдетпе штрегі; 5 - киу горизонтының штрегі; 6 - этаждық тасыма штрегі

Осындай жүйе этажаралық штректер арқылы қазу деп аталады. Блокты даярлау жұмыстарына этажды штректі және блокаралық кендінгектер арқылы өтетін блоктық өрлемелерді жүргізу жатады. Тасымалдау штрегінен 6 - 8 м жоғары орналаскан өрлемеден киу горизонтының штрегін өткізеді оны кенкүдықтар арқылы тасымал штрегімен байланыстырады. Кенкүдықтар үстінгі жағынан шұнқырланып кеңейтіледі. Блоктан жоғары жатқан бүкіл массив биіктігі 8 - 12 м аралықтажға бөлінеді, ол үшін әрбір аралықтаж сайын этажаралық штрек жүргізіледі. Желдету штрегі астынан 5 - 8 м

ден кендінгек қалдырылады, ол екінші қайтарымда қазылып алынып отырылады. Қиу горизонтынан желдету штрегіне дейін баратын камераның ортатұсынан тілме өрлеме жүргізіледі, ол кейіннен бүйір жыныстар бағытында кеңеятілетін қыйғы қуысқа айналады. Қыйғы қуысты жүргізудің негізгі себебі - ол тазалау кенжарының екінші жалаңаштау жазыктығын қурау үшін қажет.


Аралықэтаждардағы көнді қалыңдығы 1,5 - 2,5 м тік бағытты этаж бойымен уатады. Ол үшін этажаралық штректен әрбір этажға колонкалы перфораторлармен шашыранды скважиналар бұргыланады. Уатылған кен шүңқырларға түседіде, тиегіш люктармен жабдықталған кенкүйдіктар арқылы вагонеткаларға тиеледі.

Бұл жүйенің негізгі құндылығына - жұмысшылар және камералық енбек өнімділігінің жоғары деңгейі, өнімнің өзіндік құнының төмендігі және енбек кауіпсіздігі жатады. Жүйенің кемістігі ретінде тілме жұмыстарының үлкен көлемін айтуға болады.

Кейінгі жылдары этажаралық штректер жүйесін пайдалануда скважиналар терендігін асыру арқылы аралықэтаж санын шектеу бағыттары байқалады.

Руда денесінің қуаты 15 - 20 м жоғары болғанда, камераны ұзын жағымен жазылымға тікелей бағытта орналастырады. Мұндай жағдайда тасымал штрегінен әрбір камера астына тасымал орт (кияқаз) жүргізіледі. Бұл жүйе *аралықэтаж кияқаздар жүйесімен* казу деп аталады.

Аралықтажды опыру жүйесінде қолданылатын әдістер: руданы аралықтажды скважиналар арқылы опырып құлату, жабық тарауыкты, қысымды ортада уату, швед нұсқасы. 3.28-суретте көнді скважиналармен қорапатын аралықтаж құлата қазу жүйесі келтірілген.



3.28 - сурет. Кенді скважиналар және аралықэтаж арқылы құлата
қазу жүйесі

Жүйенін мәні: ете қалып күрткүлама кен сілемі биіктігі 6 дан 40 м дейін барагын аралықэтаждарга бөлінеді және осы деңгейде кенді құлатада қазады. Кен алышымен жыныстар опырылып құладайды. Кен түсіру копарылған жыныстар астында өтеді, бұл жерде кен мен жыныс арасына төсеме калдырылмайды. Кен дайындау мақсатында дала тасымал штрегі (1) мен тасымал штректері жүргізіледі. Содан кейін дала өрлемелері (3) және олардан этажаралық кияқздар (орттар) (4) өткізіледі. Этажаралық кияқздардың тік бағытты арасы аралықэтаж биіктігіне тең. Тасымал штрегінен кенқұдықтар (5) өткізіледі. Өрбір аралықэтаж арқылы этажаралық штректер (6) жүргізіледі, олардан уатылған кенді түсіру үшін түсірме қазбалар (7) өткізіледі.

Руданы алты және оданда жоғары қатарлы орналасқан түсірме теспелері үстінен уатып құлатады, олардың ауданы (көлемі) 250 - 500 м² құрайды. Жоғарыда айтылған дайындық қазбаларына коса камералы өрлемелер (10) жүргізіледі, камералар ішіне бұрғылау кондырылары орнатылады. Тазалау жұмыстары екі сатыдан тұрады. Бірінші кезекте тенгерме кеңістігін жасау (8), ал екіншісі осы кеңістік үстінен кен сілемін (массивын) горизонт және көлбеу скважиналар (9) арқылы уатып құлату.

Тенгерме кеңістігін қазу жұмыстары түсірме қазбалар үстінен биіктігі 3-5 м руда қатпарын алу арқылы аткарылады. Руданың жақсы уатылуы тенгерме камераларының көлемі, уатылған массив көлемінін 20 - 30 % құлатуға тиісті деп есептелінеді.

Әдette, әрбір бұрғылау камерасынан екі-үш тарауық (веерный) скважиналар топтамасы бұрғыланады: оның бірінің енкіші 5⁰ шамасында, ал екіншісінікі 10 - 15⁰ құрайды. Бұрғы ұнтағы жеңіл алышып отыру үшін скважиналарды шамалап көтеріп бұрғылауға көніл бөлінеді. Қалыңдығы 5 - 6 м руда қабаттасасы екі тарауық скважиналар топтамасымен копарылады.

Копарылған руда этажаралық штрекке түсіріледі де сырма арқылы кенқұдықка жеткізіледі. Кен түсіруді дайындалған руда уатылған жыныстармен жабылған кезде ғана іске асырады. Өйткені бұл кезде екі сусыма материал бір-бірімен тікелей жанасады, сондыктан кеншілер алдына қойылатын негізгі мақсат, руданың жыныстармен араласуына жол бермеу, немесе оны аз жоғалыммен және құнарсыздармай түсіру.

Руда жоғалымын азайту мақсатында түсірме теспелерінің ара қашықтығы өте аз мөлшерде және құлаған руда қатпары шама келгенше биік болуы қажет. Жоғалымның азаю шамасы барлық теспелермен руда біркелкі түскен кезде іске асады, өйткені руда мен жыныстар өздерінін алғашқы қалпына параллель қалады да олардың түйісуі төменгі деңгейге ауысады.


Бір аймактың кеңін түсіріп болғаннан кейін келесі аймактың кеңін құлатып түсіруге кіріседі. Бұкіл этажаралық жұмыс осылайша

атқарылады, сонан соң төмөн жатқан аралықэтажда қазу жұмыстары басталады.

Аралықэтаждың қазу биіктігін өсіру және жоғары өнімді терен (40 - 50 м дейін) скважиналармен бұрғылауды қамтамасыз ететін бұрғы агрегаттары мен станоктарының болуы соңғы жылдары көнді этажды құштеп құлата қазу жүйесін өмірге әкелді. Бұл жүйені мардымсыз және құндылығы аз кез келген, түрактылық пен қаттылықтығы бекемдікті рудаларды, өте қалың қабаттың күрт құлама кеништерде немесе үлкен ауданды қамтитын жазық жатқан қуатты руда денелерін қазу үшін пайдаланады.

Жүйенің бірнеше топтарты ішінен өте күрт құлайтын руда денесін ашуда қолданылатын біреуін алып қарайық. Биіктігі 50 - 70 м этаж екі 20 дан 50 м дейін баратын блоктарға бөлінеді. Блоктар, олардың үстіне опырылған жыныстарды есептемегендеге, табиги кен сілемдері мен бүйір жыныстары ішінде орналасады. Блоктар осы жүйе бойынша шахмат тактасы іспетті орналастыра қазылады. Қалдырылған блоктар аралықэтаж құлата қазу жүйесімен алынады.

Блок дала және кендік тасымалдау мен желдету штректері (3.29-сурет) арқылы дайындалады. Штректерден биіктігі 6 - 8 м қыска өрлемелер



3.29 - сурет. Этаждық құлама қазу жүйесі:

1 - даала тасыма штрегі; 2 - желдетпе штрегі; 3 - кен штрегі; 4 - өрлеме; 5 - қысқа қазбалар; 6 - сырмалау штрегі, 7 - сырмалау горизонтының штрегі; 8 - бұрғылау камералары; 9 - өрлеме; 10 - кенқұдық; 11 - кумалар

өткізіледі. Желдету максатында сырма горизонтынан желдету горизонтына дейін өрлеме жүргізіледі. Сырма горизонтындағы штректер сырма кияздарымен жалғастырылады. Әрбір осындағы кияқаз қысқа кенқұдықтар арқылы жеке штрекпен

байланыстырылады. Сырма кияқаздардың әрбір 5 - 8 м сайын екіжакты құмалар өткізіледі, ал олардың үстіңгі жағы шұңқырланып кеңітіледі.

Сырма горизонтында блоктың екі қарама - карсы бүйірі арқылы (бұрышымен) бұрғылау өрлемелері жүргізіледі. Кейінгілердің әрбір 5 м биіктігі сайын алынатын блоктың шетіне дейін қыска казбалар жүргізіледі. Осылай әрбір қазба сонында бұрғылау камералары қалыптастырылады да, кейіннен сол арқылы тарауық терен, жазық бағыттағы скважиналар бұрғыланады. Тарауық скважиналар жарылғаннан соң опырылатын кен ұсқаталу үшін блокта тенгерме кеңістігі болуы кажет, өйткені тау жыныстары бұзылыска ұшырау кезінде қопсытылады да өзінің көлемін ұлғайтады. Бұл кеңістік құмалардан сырма горизонтын қиу арқылы пайда болады, ал оның үстіндегі блоктың биіктігі 8 - 10 м бөлігі аралықтаждың құлата қазу жүйесімен қазылады. Егерде пайда болған кеңістік көлемі жеткіліксіз болса, онда оны бір немесе екі қатар жазық бағытталған терен скважиналарды жару жолымен кеңітеді.

Тазалау жұмыстарының технологиясы қабаттарда (этаждарда) терен скважиналар бұрғылауға, оларды атып - жаруга және кендерді құмалар арқылы сырма кияқаздарға (орталарға) түсіруге негізделген, кейіннен кен сырма арқылы қыска кенқұлдықтарға жеткізіледі. Кенде түсіру опырылып құлатылған жыныстар астымен өтеді. Келтірілген жүйе, жұмысшылар еңбегі мен жалпы блоктың жоғары өнімділігімен, өндірілетін тау-кен бағасының төменгі деңгейімен және жұмысшылар еңбегінің жақсы жағдайларымен ерекшеленеді.


Бірақта бұл жүйенің кемшілігі қатарына үлкен жоғалым деңгейі мен кеннің түсіру кезінде құнарсыздандынан, блоктың ұзак мерзімді дайындалуы мен тілмелердің және этажды екі түрлі жүйемен екі сатыда атқарылу қажеттілігін керек етуін жатқызуға болады.

Кейбір өте қуатты кеңіш кендері оларды төменгі жағынан үлкен мөлшерде жалпы құлату кезінде, салмақ күші әсерінен өзбетімен құлауға және тасымалдауға лайыкты кесектерге бөлшектелуге қабілетті. Осылай қасиет этаждың өзбетімен құлата қазу жүйесінде пайдаланылады.

Камералы қазу жүйесі этажды - камералы жүйесімен және қоймалап қазу жүйесі бойынша қолданылады. Бұл жүйенің этажаралық штректер жүйесінен айырмашылығына алынатын кен қабаттарының тік бағытта емес, тек жазық немесе шамалы көлбеу бағытта (3.30 - сурет) уатылуы жатады. Кен скважиналармен уатылады, оларды бұрғылау үшін өрлеме және бұрғылау камералары жүргізіледі.


Бұл жүйені пайдаланғанда камера төбесіндегі кен қалындығы біртіндеп азаяды, тек соңғы кен қазылуының акырғы межесінде төбе қалындығы өзінің жобалау деңгейіне жетеді. Осы жағдай этажаралық

штректер жүйесіне Караганда ете жұмсақ кендерді қазып алуға мүмкіндік береді.



3.30 - сурет. Этажды - камералы қазу жүйесі

Кенді коймалап казу жүйесінің басты ерекшелігі жанас жыныстарды құлатпай ұстап тұру үшін, уатылған кеннің біразы қазым кеңістігінде қалдырылып отырып қазылуында. Бұл кендер жұмыс атқаратын және жабдықтарды орналастыру үшін қажетті платформа іспетінде болады (3.31 - сурет).



3.31 - сурет. Кенді қоймалап қазу жүйесі:

1 - камераны қию; 2 - өрлеме; 3 - штреқүстілік кендінгектер; 4 - этаждық тасыма штрегі; 5 - этаждық желдетьу штрегі; 6 - түйіліспелер

Кенді қоймалап қазу жүйесі тұракты және ұлкен (аумакты) ашылу кезінде өздігінен түсін қамтамасыз ететін тұраксыз бүйір жыныстары жағдайында; кез келген қуаттығы құртқұлайтын кең денелерін қазғанда; жекелеген жағдайларда қуаты 40 - 50 м және оданда жоғары жазық және қөлбейе кеңіштерді қазғанда қолданады

Сонымен катар, бұл жүйе топталуға және өздігінен жануға (тотығуға) бейім емес көндерді алуға лайыкты.

Осы жүйені қолданғанда биіктігі 40 - 50 м этаж камера - коймалар мен камера аралық көндіңгектерден тұратын блоктарға бөлінеді. Қалындығы 10 - 15 метрге дейінгі кен сілемін қазғанда камералар созылым бойында орналасады, ал өте қалың көншіті қазғанда камера созылымға кесе-көлденең бағытта орналасады. Бірінші жағдайда камерааралық дінгектердің ені камералардың ұзындығымен (30 - 100 м) салыстырғанда өте шамалы (4 - 6 м); екінші жағдайда камералар мен камералардың созылым бағытындағы өлшем шамамен бірдей (10 м-ден).

Камералар олардан көндерді түсіргеннен кейін кейде бос жыныстармен толтырылады, ал қалған көндіңгектер қалған қазу жүйесімен алынады.

Камерада руда уату тек терендігі 2 - 2,5 м теспелер жару арқылы ғана емес, сол сиякты терен скважиналар жару арқылыда іске асады. Олар камерааралық көндіңгектерде жүргізілген бұрғылау камерасынан бұрғыланады. Сол сиякты кен массивінде арнайы жүргізілген миналық казбаларда жарылатын миналық зарядтар арқылыда уатылады. Руданы уату тәсілдерінің айырмашылығы көнді коймалап қазу жүйесінің қай әдісі қолданылғанда анықталады.

4 КЕН ӨНДІРІСІНДЕГІ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ТІЗБЕК ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

4.1 Кен өндіріс транспорты


Кен өндірісі көліктеріне жүктелетін міндеттер:

- жерасты қазбаларымен кенжардан шықкан пайдалы кенді (бос жыныстарды) жерусті көлігіне жеткізу;
- жерустінен шактыға түсірілетін жабдықтар, тіреулер, толтырма және басқа керекті материалдары жерастына және жерасты жабдықтарын жөндеу максатында жерустіне шыгару;
- адамдарды тасу.

Жұмыс түріне және жүк тасу уақытына сәйкес жүк көліктері екі топка бөлінеді:

- *үздіксіз әрекеттегі* - бұл жағдайда жүк үзілмейтін ағынмен (конвейер кондыргысымен, ауа және су күшімен, шексіз-сым арқан арқылы, жалғанған вагонеткалармен, өз салмағымен) тасылады;
- *үзілісті әрекеттегі* - мұнда жүк уақыт бойынша үзілісті немесе циклді (локомотивті және автомобильді, вагондарды шексіз арқанмен тарту, өздігінен жүретін вагондармен, сырма кондырыларымен, өзбетімен сырғыту арқылы) түрде тасылады.

4.1-суретте, көлбеке көмір тақталары қазбалары бойынша жүк тасу технологиялық схемасы көрсетілген.




4.1 - сурет. Жерасты жүк тасу технологиялық схемасы:

- 1 - үстіңгі этажаралық тазартпа кенжары; 2 - тазартпа кенжарындағы сырма конвейер; 3 - этажаралық штрек; 4 - штректегі сырма конвейері; 5 - участекіл бремсберг; 6 - тасыма штрек; 7 - төмен аралық этаж кенжары; 8 - желдетпе штрегі; 9 - жүріскол; 10 - күрделі бремсберг; 11 - окпан албары тасыма штрегі; 12 - күрделі жүріскол; 13 - күрделі енес; 14 - жүріскол; 15 - окпан албары; а мен б) - жүк тиейтін орындар

Пайдалы қазба үстінгі аралық этаждан (1) сырма конвейер (2) арқылы аралық штрекке (3), одан әрі сырма конвейермен (4) участкелік бремсбергке (5), тасыма штрегіне (6) жеткізіледі. Осы штрекке конвейерлер арқылы төменгі кенжарлардан пайдалы қазбаларда жеткізіледі.

Жұк (а) және (б) орындарында, пайдалы қазба шакты вагонеткаларына тиеліп, әрі қарай құрделі бремсбергке (10), не болмаса құрделі енеске (13), ол жерден электровоздармен, окпан албарына (15) горизонттық штрек (11) бойымен тасылады. Окпан албарынан жұк окпанды (16) орналаскан көтергіш жабдықтарына жеткізіледі. Бремсбергтер (5, 10) мен енеске (13) жапсарлас кеншілер мен жүктөр тасу үшін шекті арқандарымен жабдықталған жүріс жолдары (9), (12) және (14) жүргізіледі. Жер асты транспортындағы жұмыстарды диспетчер басқарады. Казіргі шактыларда электровоз жүргізетін машинистер мен диспетчер арасында радио не болмаса телевизор арқылы екіжақты байланыс орнатылған. Сонымен жерасты транспорты төменгі тізбектерден тұрады:

- пайдалы қазбаны тазартпа кенжардан тасыма штрегіне жеткізу;
- жүкті жерастылық жазық қазбалармен тасу;
- жүкті құлама қазбалармен тасу;
- жүкті тік қазбалармен көтеру.



4.2 - сурет. Сырма (қырнағыш) конвейерлер:

а) бір шынжырлы конвейер; б) екі шынжырлы иілмелі конвейер; 1 - редуктор; 2 - электр козғалтқышы; 3 - конвейер бөлшектері; 4 - конвейер шынжыры; 5 – қырнағыш

Тазартпа кенжардан өндірілген пайдалы кенді тасыма штрегіне тасу процесін жеткізу деп атайды. Көлбеу жатқан көмір текталарындағы жүкті жеткізу сырма конвейерлерімен іске асады (4.2-сурет).

Сырма конвейер жекелеген рештактардан жиналған арнадан тұрады. Арна арқылы, мотор, редуктор, тартқыш элементтен тұратын шексіз шынжыр жылжиды. Конвейер шынжырын тарту үшін, арнайы

кермे қондыргысы қолданылады. Конвейер арнасына тиелгөн көмір, оның жүк түсіру басына дейін жеткізіледі. Шынжырдың қайтар тармағы арна астымен жылжиды. Конвейерлер бір, екі және үш қырнағыш шынжырларымен жасалынады. Тазартпа кенжары жылжысына сәйкес, қырнағыш конвейерлер де кенжарға жақындастылып көшіріледі.

Қазіргі кездерде, конвейерлердің жылжыту уақытын және олардың жылжыту қыйыншылығын жөнілдету үшін, конвейерлер ілімді, бөлшектенбейтін болып жасалынады (4.2, б-сурет).


Қазіргі қырнағыш конвейерлердің ұзындығы 250 м дейін, өнімі 400 т/сағатына дейін барады. Конвейердің қозгалтқыш күші 22 - 60 кВт дейін жетеді. Қырнағыш конвейерлер, құлама бұрышы 20 - 25° дейін, көмір текталарындағы кенжарлармен көмірді тасуға қолданылады. Көмір текталарының құлама бұрышы 20 - 40° дейін болғанда, көмір кенжарларында, металдан жасалған төсөніштермен, өз салмағымен тасылады. Ал құлама бұрышы 40° артық болғанда, көмір текталарының табанымен, өз салмағымен тасылады. Жазық казбалардағы жүкті тасу үшін рельсті транспорт, ленталы және қырнағыш конвейерлер қолданылады. Ленталы конвейер (4.3-сурет) кұрамына кернейтін және қозғайтын қондырғылары орнатылған, металдан жасалған рама кіреді.




4.3 - сурет. Ленталы конвейер

Рамада, тасылатын жүктөр орналасқан иілгіш резина лентасын демейтін, роликті тіректер бар. Жүктөрді жазық казбалар бойымен тасу үшін, темір жолмен жүретін локомотивтер, сым арқанды транспорттар қолданылады. Рельс аралығы 600 не болмаса 900 мм болып, 1 м³ салмағы 24 -39 кг тартады. Судың жақсы ағуы үшін және жұмсалатын электр күшін азайту үшін, рельс жолдарының, жүк тасыма жағына қарай 0,003 - 0,005 еңкіштік карастырылады.

Көмір мен жыныстарды тасу үшін, тұбі бітей вагонеткалар пайдаланылады (4.4, а-сурет), ал адамдарды тасу үшін, арнайы жасалған (4.4, б,в-сурет) вагонеткалары колданылады.



4.4 - сурет. Шакты вагонеткалары: а) бітей тұбті; б) жазық казбалармен кеншілерді тасуға арналған; в) кеншілерді құлама қазбамен тасуға арналған.




4.5 - сурет. Айналмалы аударғыш:

1 - жүргізу роликтері; 2 - бос орнатылған роликтер; 3 - кедергі колодкалар; 4 - аударғыштағы тоқтатқыштар

Вагонеткалардың сыйымдылығы $0,7 - 10 \text{ м}^3$ дейін болады. Шахтымен, рудниктерде вагонетка құрамын тарту үшін локомотивтер колданылады. Пайдалынатын электр қуатына байланысты локомотивтер - электровоз, дизелевоз болып бөлінеді. Көбінесе шақтыларда жанасты (контактный) және аккумуляторлы электровоздар пайдаланылады.


Жанасты электровоз (4.6, а-сурет) құрамына, жүргізуі бөлшегі, электркозғалтқыш, ток қабылдағыш және басқарушы орын кіреді. Қозғалтқыштарды токпен құмарландыру үшін, қазбаның төбесіне контакттылы ток жүретін сымдар ілінеді. Мұндай электровоздар жүрген кезде, ток жүретін сымдар мен қабылдаушы құралдардың және рельспен, вагонеткалардың арасынан от үшкіны пайда болып тұрады, сондықтан мұндай электровоздарды газ және шан тұтанатын қаупі бар шақтыларда колданылмайды. Контакты электровоздардың салмағы 7, 10, 14, 20 және 24 тоннаға дейін болады. Тұракты токты козғалтқыштардың қуаты 40 - 90 квт дейін жетеді.

Аккумуляторлы электровоздар (4.6, б-сурет) жанасты электровоздардай емес, токты қышқылды, не болмаса қышқыл батареяларынан алады. Аккумулятордың ток сыйымдылығы бір смена жұмыс істеуіне жетеді. Электровоздың салмағы 5, 8, 12, 24 т, ал козғалтқышының қуаты 30 - 90 квт болады. Бұл электровоздар шаң тозан, газ, жарылыс қаупі бар шақтыларда колданылады. Электровоздардың сүйреп таситын жүктөрінің салмағы 80 - 100 т дейін, жұру жылдамдығы сағатына 12 - 20 км дейін жетеді.



4.6 - сурет. Шақты электровоздары:
а) жанасты; б) аккумуляторлы.

Жұк таситын жерлерде, алмастыру жұмысын атқару үшін, сым арқанды транспорттар пайдаланылады. Ара қашыктығы аз жерлерде, вагонеткалар құрамын жылжыту үшін, аумағы шамалы тартқыштар колданылады (4.7-сурет).



4.7 - сурет. Икемді тартқыш

Құлама қазбаларда, жұк тасу жұмысы конвейерлермен, не болмаса арқанды транспортпен атқарылады. Осындай жұмыстарға, үнемі мол ленталы конвейерлерде қолданылады.


4.2 Кен көтермесі мен су ағызы жолдары

4.2.1 Кен көтермесі

Тік қазбалар арқылы жұк тасуды – *көтеру* деп атайды, ол жұмыс шақтының көтеру құрылғыларымен іске асады. Кен өндірісінде көтеру құралдарымен жабдықталған екі оқпан жүргізіледі, біріншісін *негізгі оқпан*, екіншісін *косалқы оқпан* дейді. Негізгі оқпан пайдалы казбаны сыртқа шығару үшін пайдаланылады, ал қосалқы оқпан – кеншілерді, материалдарды, жабдықтарды түсіріп, шығару, желдету жұмыстарын іске асырады.

Жұктегі жер астынан клетпен (4.8, а-сурет) не скиппен (4.8, б-сурет) шығарылады.


Жұк тасу сауыттары түріне байланысты оқпандар – *клетті*, не болмаса *скипті* деп аталады. Көтергіш қондырғы (4.9-сурет) жоғарғы сөресінде бағыттауыш шкиві орналасқан *діннен* тұрады. Көтергіш машина барабанынан, бағыттауыш шкивін арқылы, көтергіш сауыттар ілінген екі арқан жіберіледі. Ал клетпен көтерген кезде, пайдалы казба (жыныстар) вагонеткалармен шығарылады. Вагонеткалардағы жұк жер үстіне түсіріледі. Бос вагонеткалар шактыға қайта түсіріледі.



4.8 - сурет. Тік окпандар арқылы көтеру схемалары:

а) клетті окпан; б) скипті окпан; 1 - тиелген вагонетка; 2 - айналмалы аударғыш; 3 - өлшеуіш кондырғы; 4 – түсіріп-тиейтін скип; 5 - жербеті бункері

Ал скиппен көтергенде, пайдалы қазба окпан албарында, әдейі орнатылған, тиегіш құбырлармен атқарылады. Окпан албарына жүкпен келген вагонеткалар (4.8, б-сурет) аудармашыларға кіргізіліп, жүктері бункерға (шұнқырға) түсіріледі. Жүктер бункерден, төменгі жағындағы орналаскан өлшеууші қондырғылармен, скипке тиеледі. Жербетіне скиппен көтерілген жүк қабылдауыш бункерге тиеледі. Скиптің көтеру мүмкіншілігі 16 т дейін жетеді. Скипті қондырғылар күлама окпан, еніс арқылыда жүк тасу үшін қолданылады.



4.9 - сурет. Көтеру қондырғылар схемасы:

1 – көтеру қондырғысы; 2 – дің; 3 – бағыттаушы шкив; 4 – көтерме сым арқан; 5 – көтергіш құбырлар


4.2.2 Рудник суагары

Жерастында пайдалы қазбалар бөтен ылғалды (сұжинағыш) жыныстарда кездеседі. Тау-кен жұмысы кезінде осындай су қазбаларға құйылады. Судың ең үлкен жиналышы тазалау жұмыстарын төбені опырып құлата жүргізгенде байкалады. Пайда болған жарықшақтардың арасымен жер астындағы судан басқа, жер бетіндегі суларда төгіледі. Жерасты қазбаларында судың қаптауы, жүргізіліп жаткан кен жұмысына кедергі жасап және санитарлы-гигиеналық жағдайды нашарлатады. Сондыктан қазбаларға ағып келетін суды мезгілімен сыртқа шығарып отыру керек.

Пайдалы қазбаның гирогеологиялық жатыс жағдайына байланысты, әр шактыда, су тасуы әртүрлі болады. Шактыдағы ағылатын су мөлшерін молшылық коэффициент арқылы анықтайды. Аталған коэффициент, бір тәуліктे жер бетіне көтерілген (m^3) судың, сол тәуліктे жер бетіне шығарылған көмірдін (тонна) бөліміне тең, әдетте бұл коэффициент көрсеткіші бір санынан артық болады.

Жазғытуым, қар еріген кезде су тасқыны әдегтегіден 1,5 - 2 есе көбейеді. Шактының сулары тұздылығы мен қышқылдығы салдарынан ішуге, не болмаса техникалық мұқтаждарға колдануға жарамайды. *Тұздылығы* - суда кальций, магний тұздарының болуына, ал *қышқылдылығы* - суда бос күкірт қышқылының кездесуіне байланысты. Қышқыл суларды қызығылт түрінен айыруға болады. Бұл қышқыл сулар насостардың, металдан құралатын машиналардың бөлшектерін, рельстерді т.б істен шығарады. Осыған қоса, шакты сулары, органикалық заттармен іш ауруын қозғайтын микроорганизмдерге толы болады. Сондыктан мұндай суды ішуге қатты тыйым салынады.

Шакты суларын жер бетіне шығару, арнайы су көтергіш басшы және қосалкы кондырылар арқылы атқарылады. Басшы су тартқыш кондырығы, барлық шактыда жыйналған суды шығаруға колданылады. Қосалкы кондырылар әр участкерден, қазбалардан келген суларды басты су жыйнағышқа жеткізеді.




4.10 - сурет. Су жүретін жыралар:
тірелген: а) бетонмен; б) ағашпен; в) темірбетонмен

Тазалау жұмысы жүргізілгенде, сулар босаған кеңістікке жиналышп, тасыма штрегіне құйылады. Штректегі су жүретін жырақтармен (4.10-сурет), шақтының су жинағышына шоғырланады. Жиналма су құмнан басқа қосындылардан тазарады, одан кейін коллекторлар арқылы қабылдауыш құдықка, одан окпан албарындағы су тартқыш камерасында орналасқан насоспен жер бетіне шығарылады. Су тартқыш камерасында үш насос койылады - біреуі жұмыс істейді, екіншісі жөндеуде тұрады, үшіншісі кезекте тұрады. Насостар өнімі сағатына 400 м^3 , ағын күші 600 м дейін болады. Тосыннан су ағыны болған жағдайда, су тартқыш камераларды су басып қалмау үшін, окпан албарындағы басқа қазбалардан 0,5 м жоғары орналастырады. Насостардың суды итергіш күбырлары, клетті окпанмен қосылған жүріс жолдарында орналасады. Керек болған жағдайда, су тартқыш камераны басқа қазбалардан бөліп тастау үшін, кейде су тартқыш камераны санлаусыз жабылатын есік орналасқан жазық жүріс жолдарымен, окпан албарындағы қазбалардың бірімен қосады. Окпан албарынан тәмен, көлемдері 8-10 сағатта жиналатын суды сыйдыратындаң қылышп, екі су жинағыш жүргізіледі. Бұл су жинағыштардың біреуіне су жыналады, екіншісі тазартуда болады. Қазіргі шактыларда су жыйнау жұмысы автоматтандырылған.

4.3 Шактының жерустіндегі технологиялық комплексі

Шактының техникалық және шаруашылық мұқтаждарын қанағаттандыратын жер бетіндегі құрылыштар, үйлер, кен көтергіштер - шактының жерустілік комплексі деп аталады. Бұл комплекске жататындары жерустіндегі құрылыштар, діндер, көтергіш машиналар т.б. Бұл құрлыстарға жұқ итергіштер, пайдалы қазбаны сактайтын бункерлер және темір жол вагондарына, арнаулы қоймаларға тиетін, ленталы конвейерлер жатады. Пайдалы қазбалар, темір жол бункерлеріне тиелмей тұрып, ірітеліп, сортталып, не болмаса байыту фабрикасына жіберіледі. Эрбір шактыда әкімшілік-тұрмыстық комбинат салынады. Комбинаттан косалқы окпанның сөресіне катынасу жабық галарея, не болмаса туннель арқылы аткарылады. 4.11-суретте шактыдағы өндіріс алаңының негізгі (бас) жоспары көрсетілген.


Жер бетіндегі құрылыштардың және окпан албарының жоспарлануы бірімен-бірі байланысты болуы керек. Жаңа салынған шактыларда, жер бетіндегі технологиялық процестерді механикаландыру, автоматтандыру үшін, жер бетіндегі құрылыштар бірімен-бірі қосылып топтасуы керек. Шактыларда, жер беті құрылыштарының топтамасы үш блоктан тұрады: бас окпан блогі; косалқы окпан блогі; әкімшілік - тұрмыстық комбинаты.



4.11 - сурет. Шақты күрамының жобасы:

1 - негізгі және қосалқы оқпан блоктары; 2 - байыту қондырғысы; 3 - жылдыту орны; 4 – көмір қоймасы; 5 - желдетпе қондырғылары; 6 - электростанциялар; 7 - тіреу материалдары қоймасы; 8 - әкімшілік-тұрмыстық комбинат; 9 – көмір тиейтін жер

4.12-суретте, салынатын шақтылардағы жербеті құрылыштарының блоктанған түрі көрсетілген. Рудниктердегі жер бетіндегі құрылыштар, көмір шақтыларындағы құрылыштарға ұқсас келеді.



4.12 - сурет. Шақты маңайы

4.4. Пайдалы кенді байыту

4.4.1 Кен байыту әдістері мен негізі

Минералды шикі затты өндеу кезінде оған кіретін барлық пайдалы минералдарды өндіріске пайдалану жолы қаралады. Пайдалы қазбалар табиғи түрінде сапасы жоғары болып, тек сол бетінде өндіріс мұхтаражына пайдаға асатыны сирек кездеседі. Олардың қоры аса көп болмағандықтан қазіргі өндіріс талабын қамтамасыз ете алмайды. Қазіргі шығарылып жатқан коксті көмірдін 16 - 30 % құл болады, ал оларды қолданатын химия өндірісінде ол 7 - 8 % аспауы керек. Марганец шығару өндірісінде, марганец 25 - 30% тен аспайды, ал оларды металургияда қолдану үшін марганец шығымы 43 - 50% болуы керек. Түсті металургия шикізатындағы (мыс, цинк, корғасын т.б) металдар косындысы 40 - 60% болуы керек болса, қазіргі уақыттағы шығарылып жатқан кендер ішінде көрсетілген металдардың оннан бір бөлігі ғана болады, ал сирек кездесетін металдар оданда аз болады. Қазіргі уақытта коксохимия, металургия тағы басқа өндіріс саласында минералды шикі заттың пайдалы косындысын қауырт көбейтпесе болмайды. Осы жағдайға байланысты пайдалы қазбаны байытатын арнайы байыту фабрикалары қолданылады.

Кен байыту дегеніміз, шикізат минералдарының химиялық сапасын өзгертпей, құнды минералдарды (керек жерінде өзара

ажырату) бос жыныстан босату. Байыту технологиясы, минералдың физикалы және физика-химиялық касиеттеріне байланысты әртүрлі әдіспен жүргізіледі. Негізгі байыту әдісіне гравитациялық, флотациялық, магнитті әдістер жатады. Пайдалы қазбаны байыту процестері дайындаушы, негізгі, косалқы болып бөлінеді. *Дайындаушы* процестердің мақсаты пайдалы минералды ашу. Дайындаушы процесс кезінде, пайдалы қазбаны үгітіп ұсак, құнды минералмен, бос жыныс аралас ұнтақ коспаға айналдырады. *Негізгі* процесс кезінде, үгітілген косындыдан әр-түрлі әдіспен, құнды минералдар бөлініп алынады. *Косалқы* процестер кезінде байытылған өнімдер құрғатылады. Алғашқы материалдар шикі зат түрінде шактылардан, карьерлерден фабрикаға жеткізіледі. Байытылған шикізаттан бірнеше өнімдер алынады.


Концентрат - металургия, химия және басқа да өндіріс саласындағы технологиялық процестер талабын канагаттандыратын, пайдалы қазбадан тұратын өнім.

Қалдық - бос жыныстар мен мardымсыз пайдалы қазбалар қалдықтары.

Аралық өнім - оның ішіндегі пайдалы өнім алғашқы шикізаттағыдан көп болып, бірақ концентраттағыдан аз болатын өнім.

4.4.2 Байытудағы дайындауыш процестер

Дайындаушы процестерге жататындары: - елеу, ұсату, уату және топтастыру. Бұл процестердің мақсаты шикізатты байытуға дайындау. Пайдалы қазбаны (жарылыс күшімен, не болмаса машиналар күшімен) казу әдісінә және байыту фабрикасына жеткізетін көлік түріне байланысты, шикізаттардың кесектері 1200 мм дейін барады. Ал олардың ішіндегі құнды материалдар кесектері жүзден бір, оннан бір мм болады. Сондыктan пайдалы қазбаны байытуға дайындау бірнеше сатылы болып өтеді. Ең алдымен материалдар ұсатылады, кейіннен ол елекten өткізіледі. Елекten өткен кесектер қосымша майдалануға жіберіледі, ал елекten өтпей калғандары кайтадан ұсатылуға жіберіледі.




4.13 - сурет. Тау-кен өнімін байытуға дайындау схемасы

Майдаланған зат толтастырылып, ұсактары байытуға жіберілсе, ірлеулері кайтадан майдалануға кайтарылады. 4.13-суретте, шикізатты байытуға дайындау схемасы көрсетілген.

Ұсату, ұсатқыш машиналарымен іске асады. Ұсатқыш машиналар, конструкцияларына байлансысты, әртүрлі болады. 4.14-суретте, жақты ұсатқыш машинасы көрсетілген. Бұл машинаның жұмыс камерасы қозғалмайтын жақ (1) және қозғалмайтын жаққа құлама, төмен қарай тарыла орналасқан, білікке (3) ілінген қозғалғыш жақтан (2) тұрады.

4.14 - сурет. Жақты ұсатқыш: 1 - қозғалмайтын жақ; 2 - қозғалтқыш жақ; 3 - қозғалмалы жақтың білекі; 4 - білек; 5 - шатунның басы; 6 және 7 - кернеу плиталарының шеті; 8 және 9 - тығындар; 10 - тартқыш; 11 және 12 - женілдету тесігінің сынасы; 13 - маховик; 14 және 15 - алынып салынатын футеровка плитасы; 16 - жылтыр плита




Біліктің (4) орта кезінен, білік айналғанда жоғарыдан төмен қарай соғатын, қозғалыс алып тұратын эксцентрлі жонғышка, шомбал шатунның басы кигізілген. (6) және (7) кермелі плиталардың үші (8) және (9) сыналарға еркін кіреді. Шатун жоғары жылжығанда, жылжымалы жақ жылжымайтын жаққа тақалып, жұмыс камерасының ішіндегі материалдарды ұсатады. Шатун төмен жылжығанда, жылжымалы жақ жылжымайтын жақтан өз салмагымен алыстаиды. Жылжымалы жақтың алыстауына, жылжымалы жақ (2) мен тартқыш (10) арқылы косылған буферлі пружина әсер етеді. Жақтың жұмыс кезінде пружина қысылып, ал қайтар кезінде плиталарды сынаға қысады. Босату сандууларының мөлшерін өзгерту үшін (11) және (12) сыналар пайдалынады. Осы сыналарды көтеріп түсіріп, кернеу плиталарының құлама бұрыштарын өзгертуге болады. Энергия қуатын пайдаланудың және инерциялық күштің мөлшерін реттеу үшін білік (4) ке екі маховик (13) орнатылған. Екі жақтың беттері ауыстырмалы футеробкаланған, қырлы (14) және (15) плиталармен капиталған. Жылтыр плиталар (16) жұмыс камерасының бүйір беттерін коргайды. Уатылған заттар елеуіш (грохот) деп аталатын аппаратпен еленеді. Елеуіштің міндеті, керекті кесекті материалдарды дайындау.

4.15-суретте, ен сонғы өнімділік жоғары, энергия қуатын аз алатын резонанссты елеуіштің схемасы көрсетілген. Резонанс режимінде шайкалатын салмағына карасты - екі салмакты, үш салмакты, төрт салмакты елеуіштер болады.

Екі салмакты елеуіште (4.15, а-сурет) шайқалатын салмакқа корап (1) және рама (2) жатады. Рама үстінде орнатылған эксцентрлі жетекші (3) серіппелі шатунмен серіппелі тірек (5) те орнатылған рамаға, серіппелі байланыс (4) арқылы корапты еріксіз шайқалуға мәжбүр етеді.


4.15 - сурет. Резонанссты елеуіштің схемасы: а) екі массалы елеуіш: 1 - корап; 2 - рама; 3 - эксцентрикті жетекші серіппелі шатунмен 4 - серіппелі байланыс; 5 - серіппелі көтергіштегі рама; б) үш массалы елеуіш: 1 және 2 - кораптар; 3 - рама; 4 - эксцентрикті жетекші серіппелі шатунмен; 5 - серіппелі байланыстар; 6 - серіппелі көтергіштер; в) төрт массалы елеуіш: 1 және 2 - кораптар; 3 және 4 - рамалар; 5 және 6 - амортизаторлар; 7 - эксцентрикті жетекші; 8 - серіппелі байланыс; 9 және 10 - байланыстар; 11 - келген материалдарға арналған бункер



Үш салмакты елеуіште (4.15, б-сурет) шайқалатын салмакқа кораптар (1), (2) және рама (3) жатады. Эксцентрлі жетекші (4) серіппелі шатун арқылы корап (1) ге шайқалу қозғалысын береді. Серіппелі байланыс (5) арқылы бұл шайқалыстар серіппелі тіректер (6) да орналаскан рама (3) ке, одан корап (2) ге жеткізіледі.

Төрт салмакты елеуіште (4.15, в-сурет) кораптар (1) және (2), рамалар (3) және (4) те орнатылған, ал рамалар амортизаторлар (5) және (6) да орналаскан. Эксцентрлі жетекші (7), серіппелі шатун арқылы корап (1) ді шайқайды. Серіппелі байланыс (8) арқылы бұл шайқаулар рама (3) ке беріледі, одан байланыс (9) арқылы рама (4) ке жеткізіледі, ал одан әрі қарай серіппелі байланыс (10) арқылы корап (2) беріледі. Үсатылған материалдар воронка (11) арқылы корап (1) дін елегіне түсіріледі.

Ұсатқыштар алғашкы түскен материалдарды, кесектерінің ұлкендігі 15-30 мм болатында қылып, ұсатады. Одан әрі қарай ұсату жұмысы диірмендерде атқарылады (4.16-сурет).



4.16 - сурет. Шарлы диірмендегі ұсату схемасы

Шарлы диірмендер, ішінде диаметрі 30-60 мм дейін метал шарлар орналасқан, салмакты айналмалы барабан сиякты болады. Ұсатылатын материалдар диірменнің ішіне жіберіледі. Диірмен айналғанда, шарлар айналма жылдамдылыққа байланысты жоғары қарай көтеріліп, одан парабольды траекториямен төмен қарай бірінебірі соғыла құлайды (4.16-сурет). Шарлар, бірінебірі соғылыса, араларына түскен материалдарды ұсатады. Сонымен шарлы диірмендер күрделі ұсату жұмысын атқарады. Шарлы диірмендердің айналуы, шарлардың диірменге жабыспайтын жылдамдықпен айналуына байланысты болуы керек.

4.4.3 Кең байыту процестері


Дайындауыш процестен кейін пайдалы қазба байытуға жеткізіледі. Қазіргі кезде төмендегідей байыту процестері колданылады:

- **гравитациялық** - пайдалы минералдар мен бос жыныстардың тығыздылығына байланысты;
- **флотациялық** - минералдарға су жабысу каблеттігіне байланысты;
- **магнитті** - минералдардың магниттену қасиеттеріне байланысты.

Гравитациялық процеске жататындары - тұндыру, ауыр ортада байыту т.б. Бұл процестің мағынасын былайша түсіндіруге болады. Біз айталақ, бір ыдыска меншікті салмағы 13 kN/m^3 ZnCl_2 ертіндісіне, меншікті салмағы 12 kN/m^3 көмірмен, меншікті салмағы 15 kN/m^3 жыныс косындыларын құйсак, көмір ұнтасы косындының бетіне шығып, ал жыныстар ыдыстың түбіне түседі, яғни минерал ертінділері ауыр ортаға түскенде көмір концентраты және қалдық

болып бөлінеді. Гравитациялық процестер тұндырығы машиналарда, сусpenзиялы сепараторларда, ертіндін койылту столдары деп аталаңатын аппараттарда орындалады.

Флотациялық әдістің көлемі 0,5 мм ден аспайтын минералдарды байыту үшін қолданады. Бұл әдістің мағынасы, кейбір минералдардың сумен жабыспауына байланысты. Бұл минералдар ая аша шашырандысымен соғысқанда, сол шашырандыға жабысып су бетіне шығады, ал сумен дымқылданатын минералдар шашырандыдан алшақтап су түбіне кетеді. Флотация әдісі, флотациялық машиналарда орындалады. 4.17-суретте флотация ФМУ- 6,3 машинасының жалпы көрінісі келтірілген.



4.17 - сурет. Флотациялық машинаның жалпы көрінісі

Бұл машина екі камералы бөлек станциядан тұрады.

Магнитті байыту әдісі - минералдардың әртүрлі магниттік қасиеттеріне байланысты қолданылады. 4.18-суретте минералдардың магниттілік қасиеттеріне байланысты бөлшектенуі көрсетілген.

4.4.4 Кен байытуда қосалқы процестер


Жоғарыда көрсетілген байытудағы негізгі процестермен катар қосалқы процестердің негізгілерін келтірейік.

Шан басу, гравитациялық байыту процесінің алдында жүргізіледі. Шан, гравитациялық байытуға жарамайтынына қарамай, ол жуатын суды ластандырып, негізгі заттарды байытуға кедергі жасайды. Сондыктan жұмыс орны, шан сорушы аппараттар арқылы, шаңнан тазартылып отырылуы керек.

Көмір дымкылы 7% асканда, көмір тозаңын төмендету әдісі колданылады. Ол үшін, тесік мөлшері 0,5-1 мм ден аспайтын елеуіш үстіндегі уатылған көмір күшті таза су ағынымен елеуіш астына түсіріледі.

Байыту өнімін, ылғалды процестерден кейін, сұнан айыру керек. Үнімдердің ірілері бункер ішінде, не болмаса елеуіш үстінде,

артық судан айырылады. Ұсақ өнімдерді судан айыру оңай емес, оларды ажырату үшін 2 - 3 тәсіл колданылады. Алғашкы су ажырату іci елеуіш, не болмаса су ажыратушы элеватор арқылы орындалады. Ал осыдан кейін концентратты, қосымша өнімді судан ажырату жұмысы центрифугада, ал қыс кезінде арнайы құрғату арқылы жасалынады. Жыныстарды құрғатуда бункерлер колданылуы мүмкін.



4.18 - сурет. Магнитті байыту схемасы

Құрғатуға қыйын түсетіндері флотоконцентратпен, қойыртпалар. Оларды құрғату үшін әуелі койылтады, одан кейін ваакум-фильтрмен, не болмаса центрифугамен судан ажыратады, содан кейін кептіреді.

Дымқыл байытудан кейін, суды қайтадан колдану үшін, оларды тазарту керек. Егерде байытудан кейінгі су керегі жоқ болсада, оларды табиги су қоймаларына жіберуге болмайды. Суды тазарту жұмысы қоюлатқыштарда, не болмаса даладағы су тұндырыларында атқарылады.

4.4.5 Кен байыту машиналарының қауіпсіз жұмыс істеуіне қойылатын талаптар

Байыту машиналары жұмыс істеген кезде, қауіпсіздік ережесі өте ұқыпты сақталуы керек. Әсіресе ұсатқыш тұрғыларға тілектер өте катал болуы керек. Ұсатқыш тұрғылардағы тесіктер жан жакты коршаулы болуы керек. Ұсатқыштардан үшқан көмір және жыныс кесектерінің жолдарына қалқан орнатылуы керек. Егерде ұсатқышта материалдар болатын болса, онда оны жүргізуге болмайды. Ұсатқышты жүргізбей тұрып, ұсатқыштан шығатын материалдарды таситын конвейерлер қосылып, ұсатқыш жүксіз жүргізіледі. Содан

кейін барып ұсатқышка жүк тиелуі керек. Ұсатқышқа металдар түсіп кетпеуін өте қадағалап отыру керек. Ұсатқышты тоқтатарда, алдымен оны толтыру тоқтатылуы керек, содан кейін оның ішіндегі материалдар түгел ұсатылуы керек.

Шан орналасқан жерлерде, шан ұстағыштар орнатылуы керек. Байыту фабрикасының іші тартымды желдетпелермен қамтамасыз етілуі керек.

5 ШАҚТЫЛАРДЫ ЖЕЛДЕТУ, ЕҢБЕК ҚОРҒАУ, ҚАУПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРИ

5.1 Тау-кен ауасының сипаттамасы

Тау-кен өндірісінің техника-экономикалық көрсеткіштерінің көтерілуі көбінесе шактылардың, рудниктердің желдету жұмыстарын үйімдастыруға көп байланысты. Жұмыс орнында санитарлы-гигиеналық жағдай дұрыс болуы, еңбек өнімін өсіріп кана қоймай кеншілердің денсаулығын сактау, жұмыс өнімін өсіру, ауа ауыстыру істеріне тығыз байланысты. Кейінгі кезде жерасты желдетуінің кыйындауы, өнімнің есуіне және олардың терендеуіне, қазбалардың ұзаруына және олардағы газ берілгенде байланысты.

Шакты ішіне жіберілетін таза ауа, жерасты қазбаларын бойлап акқанда, өте көп өзгерістерге душар болады: - оттегі азайып, залалды және жанатын газдармен ыластанып, дымқылданып, кейір жағдайда қауіпсіздік мөлшерінен асып кетеді. Осында өзгерістерге байланысты ауа тыныс алуға жарамсыз болып және таза ауа шакты газдарымен араласып жарылғыш газға айналуы мүмкін. Сондықтан шакты желдету жұмысы, кеншілерге қауіпсіз және колайлы санитарлы-гигиеналық жағдайын қамтамасыз ету. Шактыға жіберілетін атмосфералық ауа тұракты, құрамды қоспалармен және су буынан тұрады. Әдетте олардың көлемі, пайыздап есептегендеге төмендегідей болады:

- азот (N_2) - 78,0 %;
- оттегі (O_2) - 20,09 %;
- аргон (Ar) - 0,93 %;
- көмір қышқыл газы (CO_2) - 0,03 %;
- басқа газдар (сүтегі, гелий, неон, криpton, озон және радиоактивті газдар) - 0,01 %.

Ауадағы су буының көлемі 0,05-4 % арасында болып тұрады. Қазбаларды бойлап ауа жылжыған сайын, оттегі азая бастап, көмір қышқыл газының оған кося өзге газдардың (метан, азот, күкірт қышқылы, сүтегі т.б.) мөлшері көбейіп, су буы және шаң азаяды. Бұған кося, ауаның физикалық қасиеттері - дымқылдығы, температурасы, тығыздығы және қысымы өзгереді.

Шакты ауасы З бөліктен күралады: *атмосфералық ауадан, белсенді газдардан және өлі ауадан*.

Белсенді газдар деп - жер астындағы қазбалардан шығатын әртүрлі улы және жарылғыш газдарды айтады.

Өлі ауа деп - шакты ауасында кездесетін азот пен артық көмір қышқыл газ косындыларын айтады.

Егерде жер астындағы ауа, атмосфералық ауадан аса өзгермесе, оны таза ауа деп, ал өзге жағдайда ыласты бұзылған ауа дейді.

Күйіңсіздік ережесіне сәйкес шақты ауасындағы оттегі көлемі (мөлшері) 20 % кем болмауы керек. Шақты ауасындағы оттегінің азаюы, көмір қышқыл газының көбеюіне байланысты болады. Ауадағы оттегінің, көмір қышқыл газының, метаның мөлшерін білу үшін ШИ-б газ анықтау аспабы қолданылады. Бұл аспабтың өлшеу мөлшері: - оттегін 5 - 20 % дейін, көмір қышқыл газын 0 - 6 % дейін, метанды (көлемімен) 0 - 6 % дейін.

Күйіңсіздік ережесі бойынша, жер астындағы қазбалардың ішіндегі және жалпы участкерден шығатын жеріндегі көмір қышқыл газының мөлшері 0,5% аспауы керек, ал жалпы шақтыдан шығатын жеріндегі 0,75% аспауы керек. Жақсы желдетілетін шақтыларда, әдette көмір қышқыл газының мөлшері 0,25 - 0,3 % аспайды.

Төменде улы газ қосындылары туралы дерек берілген:

Көмір текті тотық (CO) - түссіз, іїссіз және дәмсіз газ, көк түсті болып жанады, және ауадағы мөлшері 12,5 наң 75% жеткенде, жарылғыш қосындыға айналады. Ең күшті жарылу куаты 30% ке жеткенде болады. Көмір тегі өте улы газ, көбінесе кеншілердің улануы осы газға байланысты. Сондықтан шақтыдағы көміртегі (CO) аумақтық көлемі бойынша 0,0016% аспауы керек. Кеншілердің жарылыстан кейін кенжарға жұмысқа жіберудің алдында, көміртегінің мөлшері 0,0008% дейін түсірілуі керек және ол жер үздіксіз желдетудің үстінде болуы керек. Көміртегінің пайда болуына шақтыдағы өрттер, шақты газдарының және көмір шандарының жарылуы, жарылыс жұмыстары әсер етеді.

Жарылыс жұмыстарындағы газ қосындыларында көміртегі (CO), көмір қышқыл газы (CO_2), (N_2) және оттегінің азот қосылған қосындылары - азот тотығы (NO), азоттың кос тотығы (NO_2), азоттың төрт тотығы (N_2O_4) және кейде азоттық ангидрид (N_2O_5) кездеседі. Бұдан басқа, аса көп емес, шамалы цианды сутегі (HCN), метан (CH_4), этан (C_2H_6), ацетилен (C_2H_2), сутегі (H_2) және т.б кездеседі.

Азот тотығы - түссіз газ, салыстырмалы тығыздығы 1,037. Оттегімен қосылып, қос тотығына айналады.

Азоттың кос тотығы - буырыл түсті, тығыздығы 1,58, тез арада төрт тотыкты азотқа айналып кетеді. Шақты ауасындағы азот тотыкты газдардың мөлшері 0,00010 % аспауы керек. Азот тотықтары өзіне тән ерекше иісімен және мұрын қышытатын, тыныс алатын жерлерге, өкпеге әсер етеді. Басқа газдарға қарағанда, азот тотықтарының улы әсерлері бірден білінбей, 4 - 5 сағаттан кейін білінеді.

Күкірт текті тотық (SO₂) - түссіз, өзіне тән иісі мен дәмі бар, жанбайды және жанғанды қолдамайды. Салыстырмалы тығыздығы 2,22. Бұл газ суда тез еріп, күкірт қышқылына айналады. Күкірт тотығы өте улы және тыныс алу орындарын, көзді қышытады. Күкірт тотығының шақты ауасындағы мөлшері 0,00035 % аспауы керек.

Күкірт сутегі (H_2S) - түссіз газ, дәмі тәтті және шіріген жұмыртқаның ісінен ұксайды, өткір істі. Салыстырмалы тығыздығы 1,19. Бұл газ өте улы, тыныс орындарына, көзге қышытатын, тітіркендіру әсерін тигізеді. Күкірт сутегінің шакты ауасындағы мөлшері, көлемі бойынша 0,00066 % аспауы керек. Шакты ауасында күкірт сутегі 0,0001 % болғанда біліне бастайды.

Шакты ауасындағы барлық газдардың ішіндегі ең қауіптісі метан газы болып саналады. Қебінесе метан көмір шактыларында, кейде тұзды, күкіртті, никель шығарылатын шактыларда кездеседі. Шакты газдары таза метаннан, не болмаса метанмен көмір тотығы коспасынан (5% көп емес), азоттан (бірнеше процент), аса көп емес сутегінен, этаннан, күкірт сутегінен және күкіртшіл газдан тұрады.

Метан (CH_4) - түссіз, иессіз және дәмсіз газ, физиологиялық зиянсыз, ауамен қосылып жарылыс қосындысына айналады. Салыстырмалы тығыздығы 0,554, сондыктan бұл газ қебінесе қазбалардың тәбесіне жыйналады. Метанның ең қауіптілік жағдайы жанғыштығы және ауамен қосылып жарылыс қосындысын жасауы. Ауда 5-6% болғанда, ол отбасында жанады, ал 5 - 6 % тен 14 - 16 % жарылады, 14 - 16% жоғары болғанда жанбайды не жарылмайды. Метанның ең күшті жарылысы, оның ауда 9,5% ке жеткенде болады. Ал 14 - 16 % жоғары болғанда, оттегімен араласса жәй жанады.

Метанды шакты астындағы қазбаларға шығуына байланысты үш топқа бөледі:

■ *кәдімгі* деп – көмір, не болмаса бүйір жыныстарының жалаңаштанған беттерінен, көзге көрінбейтін санлаулардан жәй үзбей және үзак шығатын түрін айтады;

■ *суфлярлі* деп – көмір және жыныс сілемдерінің жарыктарынан тез, не болмаса үзак фонтанша шығатын айтады;

■ *тосыннан* деп – көмір мен газдың атылғанында (метанның, көмір қышқылының, не болмаса қосындысының), кейде көмір тақталарының арасынан, аз уақыттың ішінде, аумакты көмір не жыныстардың уатылып шығуын айтады.

Шактыларда метанмен күрес, шакты ауаларын таза ауамен араластырумен аткарылады. Көмір және сланец (тактатас) шактыларындағы метанның мөлшері, қауіпсіздік ережесіне сәйкес төмендегідей болуы керек: - жалпы шактыдан шығатын ағыста 0,75 %, участкеден шығатын ағыста 1 %, тазартпа және даярлаушы кенжарларда 0,5%, жарылыс алдында қазбаларда 1 %, қазбалардағы жергілікті жыйналуы 2 % тен аспауы керек. Егерде шакты ауасында метан 2 % болса, барлық жұмыстар тоқтатылып, ол жұмыстардың басталуы, метанның ауда 1 % ке дейін түсірілгенде ғана басталуы керек. Ал егерде, ауаны қебейтүмен қауіпсіздік мөлшеріне дейін түспесе, онда алдын ала метанды азайтатын әртүрлі газ азайту (дегазация - метанды жер астынан сорып, құбырлар арқылы шығару) жұмыстары жүргізіледі. Қебінесе көмір тақталарында газ азайту

жұмысы әдейі көмір текталарында бұргыланған дренажды скважина арқылы сорып алынады.

Тау-кен қазбаларындағы шан-тозан, профессионалды залалды топка жатады. Адам ден саулығына зиян келтіруіне байланысты шандар екі топқа бөлінеді: улы және усыз болып.

Улы тобына жататындары - қорғасын, сынақ, мышьяк минералдарынан шығатын шандар; усыздарына жататындары – көмір, кен, және әртүрлі жыныстар ішінен шығатын шандар жатады. Усыз тозаны егерде көп болса, онда адамның денсаулығына зиян келтіріп көзді, тыныс алатын мүшелерді тітіркендіріп, өкпе (пневмония) ауруына әкеп соғады. Шан-тозанның адам денсаулығына залалдығын ескере отырып, олардың жер астындағы қазбалардағы араласу мөлшері, санитарлы-гигиеналық мөлшерге қарай тежеледі.

Қауіпсіздік ережесіне сәйкес, қосынды кос кремний тотығының мөлшеріне байланысты, рұхсат етілетін тозаң шоғырлануы төмендегідей болуы керек:

- егер жыныс шаңында S_iO_2 - 70 % көп болса, онда шаң тозаңы 1 мг/м³ аспауы керек;
- егерде S_iO_2 - 10-70 % дейін болса, шаң тозаңы 2 мг/м³ аспауы керек;
- егерде S_iO_2 - 10 % ке дейін болса, онда шаң тозаңы 4 мг/м³ аспауы керек;
- егерде S_iO_2 жоқ болса, онда шаң тозаңы 10 мг/м³ аспауы керек.

Көмір және сульфид тозаңы, кейбір жағдайларда, ауа ішінде жарылу қаупін туғызуы мүмкін. Шақты ауасындағы шанды азайту үшін, барлық негізгі және қосалқы өндіріс процестерін, шаң бәсендегітін жолдарымен жүргізу керек. Кейбір жағдайларда, көмір сілеміне су жіберіліп дымқылдатып, біраз шандарды шығатын жерлерінде басып азайту керек. Акырында ауада қалып қоятын шандарды жігерлендіре желдете басу керек.


5.2 Желдетудің негізгі нышандары, желдету схемалары

Шақты желдеткіштері ауа қысымына, қысым айырмашылығын жасағандықтан, ауа тау-кен қазбаларымен ағыс алады. Ауа кен қазбаларымен жылжығанда, қазбаның беттері ауаның жылжуына кедергі жасайды. Бұл кедергілер, кебінесе қазбалардың беттерінің кедір-бұдырылғына байланысты болады. Қазбалардың екі қызығының арасындағы қысымның, не болмаса басқа жел жіберктіштердің қысымның айырмашылығы деп аталады, ол тен:

$$h = \alpha PI / S^2 Q^2, \text{ Па},$$

мұнда α - аэродинамикалық коэффициент, Nc^2/m^4 ; мағынасын эксперимент жолымен, формула арқылы есептеліп, не болмаса аныктамалық (справочник) арқылы табуға болады; P - қазбаның көлденең кесімінің ұзындығы, м; l - қазбаның ұзындығы, м; S - қазбаның жүргізлгеннен кейінгі киығы, m^2 ; Q - қазбаның ішінен жүретін ауаның үлемі, m^3/c .

Ауаның керекті колемде қазбалардың тармақтарымен жылжусы үшін, желдеткіш барлық жеке қазбалардың депрессияларының косындысына тең депрессия беруі керек. Мұндай жағдайда ен кыйын жол (ең ұзын қазбалар, кедір-бұдырылы қазбалар, киығы аз және ауа көп жүрмейтін) таңдалынып алынады. 5.1-суретте, шакты қазбаларының жалпы желдетьу схемалары көрсетілген.



5.1 - сурет. Шактыны желдетьу схемасы:

1 - желдеткіш.

Желдеткіш арқылы жасалынатын қысым айырмашылығы аркасында таза ауа косалқы оқпанмен, оқлан албарына жетеді, одан кейін квершлагпен екіге бөлініп, біреуі бір көмір тақталарындағы қазбаларға, екіншісі екінші көмір тақталарындағы қазбаларға бағытталады. Квершлагпен, тасыма штректің түйілісінде ауа тағы бөлініп, осы көмір тақтасының қанаттарына карай жіберіледі. Әрі карай, даярлаушы және тазартпа кенжарларды желдетіп, желдеппе штрегіне барады. Содан кейін, ластанған ауа көмір тақталарының екі қанатынан желдеппе квершлагына жетеді. Желдеппе квершлагынан, екі көмір тақталарынан келген ластанған ауа, желдеппе горизонтындағы оқлан албарына бағытталып, одан әрі карай негізгі оқпанмен желдеткіш арқылы сыртқа шыгарылады. Басқа көмір тақталарындағы желдетьу осыған үқсас болады.


Шакты қазбаларын желдетьу үшін керекті ауа, шығатын көмір көлеміне және шактыдағы жұмыс істейтін кеншілердің санына

байланысты есептелінеді. Әр кешіге $3 \text{ м}^3/\text{мин}$. кем емес ауа берілуі керек. Шақтының метан шығу категориясына байланысты, ауа төмөндегі көлемде берілуі керек:

- бірінші категориялы шақтыға - $1 \text{ м}^3/\text{мин}$;
- екінші категориялы шақтыға - $1,25 \text{ м}^3/\text{мин}$;
- үшінші категориялы шақтыға - $1,5 \text{ м}^3/\text{мин}$, ал категориядан сыртқы шақтыларда таза ауа көлемі, шақтыдан шығатын ластанған ауада метан мөлшері $0,75\%$ тең аспайтын болатындей есептеліп, бірақта бір тәулік табысына тиісті ауа $1,5 \text{ м}^3/\text{мин}$. кем болмауы керек.

Участеклердің желдету схемалары.

Ең көп тараған желдету схемаларындағы кең тарағаны *кайтпа ағынды* схемалары болып жүр. Бұл схемада (5.2-сурет) ауа, көмір тақтасын тікелей алғанда, тазартпа кенжарға тасыма штректен жеткізіліп, тазартпа кенжардың артындағы желдетпе штрекке (5.2, а-сурет), ал көмір тақтасын қайталай алғанда, тазартпа кенжардың алдындағы желдетпе штрекке (5.2, в-сурет) шығарылады. Таза ауаның біразы тазартпа штрекпен бос кеңістіктің ішімен өтіп желдетпе штрекке қарай бағытталады. Егер бос кеңістікке газ шығуы байқалмаса, бұл ауаның бөлшегі пайдасыз жоғалған болып есептелінеді, ал егер газ болатын болса, онда бұл ауа түгелімен, не болмаса бөлшектеніп газ шоғырлануын басуға жұмсалады.



5.2 - сурет. Участеклердің желдету схемалары:

а, в - кайтпа ағынды желдету; б, г - тік ағынды желдету

Бұл схеманың артықшылығына жататындары: оңайлылығы; сенімділігі; желдетпе құрылғыларының жоқтығы. Кемшілігіне жататындары: - көмір тақтапарын тікелей алғанда, жіберілген ауаның, штректің ұзаруына байланысты, бос кеңістікпен кетуі; тіреулердің жаншылғанына байланысты аэродинамикалық кедергісінің өсуі; даярлау және тазартпа кенжардың алдындағы тасыма штректі тізбектеле желдету керек болатындығы.

Көмір тақтасын қайталай алғанда, газды шақтыларда қайталай желдету схемасының кемшілігіне жататыны, кенжардан және бос кеңістіктен шыққан метанның желдетпе штрегімен тазартпа кенжардың түйліскең жерінде жыйналуы.

Көмір шығатын участеклерді тікелей желдеткенде (5.2-сурет), ауа тасыма штрекпен, тазартпа кенжардың бойымен желдетпе штрекке шығады. Егерде желдетпе штрек кенжардың артында болса

(5.2б-сурет), бос кеңістікпен өтетін ауа шығыны жедетпе штрекке барады.


Бұл схеманың артыкшылығы тазартпа кенжарға ауа тасыма штректен шығынсыз жетеді, сөйтіп штректің ұзындығына қарамай жақсы жедетіледі, ал лавадан тыс кеткен таза ауа, бос кеңістіктегі метанды сұйытады, сондыктан олардың пайдасыз деуге болмайды. Метанның бос кеңістіктен, тазартпа кенжарға сокпай, жедетпе штрегіне тікелей баруы, лавадағы газ жыйналу каупін азайтады.

Tік ағынды схемада, жедетпе штрегі лаваның алдында орналасқаны (5.2г-сурет) колайсыздау болып саналады. Себебі, жоғарыда каралған қайталап жедеттуіне үксас, мұндада лавамен жедетпе штрегінің түйілісінде метанның қауіпті түрде жыйналуы мүмкін.

5.3 Жедеткіштер және шактыдағы жедетпе қондырғылары туралы деректер

Жер астындағы қазбаларға таза ауа беру үшін шакты үстінде ортатепкіш (5.3а-сурет), не болмаса білікті жедеткіштер орнатылады. Жедеткіштер окпандардың біреуінің ауа шығатын аузында орналасады.

5.3 - сурет. Шакты жедеткіштері: а) ортатепкіш жедеткіштері: 1 - жұмыс дөңгелегі; 2 - спиралді қаптама; 3 - пирамидалды диффузор; 4 - подшипниктер; б) білікті жедеткіштер: 1 - алдыңғы шайғыш; 2 - коллектор; 3 - цилиндірлі қаптама; 4 - жұмыс дөңгелегі; 5 - түзетуші аппарат; 6 - подшипник; 7 - диффузор




Екінші окпандан, жедеткіш күшімен жасалынатын қысым айырмашылығына байланысты, ауа шакты астына жеткізіледі. Бұл қысым шакты депрессиясы деп аталады. Білікті жедеткіштің жұмыс дөңгелегінің қалактары ауаны қысып оны түзетуші аппарат және диффузор арқылы сыртқа жібереді.


Қазіргі шактыларда көбінесе жұмыс дөңгелегінің диаметрі 1200 - 2800 мм дейінгі жедеткіштер колданылады. Бұл жедеткіштердің өнімділігі 1000 наң 6800 м³/мин дейін болады. Жедеткіштердің күшімен шактыға таза ауаны үрлеп, не болмаса ластанған ауаны сорып шығаруға болады.

Әр-бір желдеткіштер кондырғылары екі желдеткіштерден тұрады, біреуі жұмыс істейді, екіншісі резервте болады. Қазбаларды жүргізгенде, кенжарларды желдету үшін жергілікті желдеткіштер койылады (5.4-сурет).

5.4 - сурет. Жергілікті желдеткіш




Олар ауаны металды, не болмаса резиналы, диаметрі 400 - 1200 мм дейінгі құбырлар арқылы жеткізеді. Жер астына желдеткіш күшімен жеткізілген ауа қазбаларға әдейі арналып жасалған желдеткіш кондырғыларымен таратылады. Бұларға жататындары: желдетпе бекінділері; желдетпе есіктері; ауа көпірлері. Керекті жағдайда желдетпе есіктерде терезелер жасалынады. Таза не лас ауаның ағынын тоқтату үшін, қазбада орналасқан, желдетпе есіктері пайдаланылады (5.5-сурет).




5.5 - сурет. Ағаш желдеткіштер есіктері:
а) бір какпалы; б) екі какпалы

Егерде бұл қазбалармен кеншілер, не болмаса транспорт жүретін болса, онда мұнда екі есік, не болмаса екі парлама есік (шлюз міндетін аткаратын) орнатылады. Қазбаларға ауа таза жіберілмейтін жағдайда бекінділермен жабылады (5.6, а,б,в-сурет).

5.6 - сурет. Желдеткіш какпалары: а) бір жақты ағаштан жасалған; б) екі жақты жасалған; в) кірпіштен жасалған



Екі казбаның қыйылысқан жерінде біреуімен таза ая, екіншісімен ластанған ая жүрсе, екі ауаның бірімен-бірі араласпауы үшін ая көпірі - кросинг жүргізіледі (5.7-сурет).




5.7 - сурет. Желдетпе кросинг

Клетті оқпандарда, шакты үстіндегі құрылыстардан ая шықпайтында болмағанда, клеттің қозғалып жүріп тұрғанда желдету режимі бұзылмау үшін ая қақпағы орнатылады. Бұл ая қақпағы (5.8-суретте) көрсетілген.


Қабылдаушы алаңнан төмен, клет мөлшерімен өлшегенде, қақпамен жабылып тұратын құдық жасалынады. Қақпа, клетпен бірге көтеріліп бағыттаушы құралдар бойымен жылжып тұрады. Клеттерге қабылдаушы аланда тұрғанда, ая шығыны көп болмау үшін клеттерге фартук тағылады. Себебі желдеткіш қақпалар көп шығын береді. Желдеткіш оқпаннан жел шығыны аз болуы үшін, бүкіл шактының құрылыстары тығындалады. Құрылыстардың қабырғалары кірпішпен, не болмаса бетонитпен көтеріліп, тәбесі әдеттегідей бетонмен жабылады. Копер беті темір табактарымен қапталады. Құрылыстарда, кеншілер және жүктөр өту үшін, бірінен-кейін бірі орналасқан есіктер арқылы, шлюздер жасалынады. Шакты үстіндегі құрылыстардың бункерлерін жел жібермейтіндей қылып тығындау үшін, арнағы шлюзді жапқыштар құрылады, не болмаса бункерде қалдырылған көмірлер қабаттары пайдаланылады.

Шактылардағы шантазарту жұмысын бақылайтын орынның аткаратын міндеттері: күнде ауаның қазбалармен тармакталуын; ая құрамын және оның ішіндегі улы косындынын, метан мен шаннның болуын; желдеткіш кондырыларының жұмыс істеуін; температура мен ая дымқылдығын; желдетпе қазбаларды жөндеу жұмыстарын бақылау. Шаң тазарту орындарының негізгі жұмысына, барлық қазбаларды, кенжарларды керекті ауамен камтамасыз ету жатады. Осыған байланысты, барлық кіретін және шығатын ағындағы, кейбір

көмір тақталарындағы және участкердегі тармакталынған қазбалардағы, желдеткіш каналдарындағы ауа жылдамдығы үздіксіз өлшеніп отырылады.



5.8 - сурет. Ауа жапқыш қақпақ:
1 - қақпақ; 2 - құдық; 3 - клет; 4 -
алжапқыш; 5 - қабылдаушы алаң



5.9 - сурет. Шақтының
депрессиясын өлшеу
схемасы

Қазбалар бойындағы ауаның ағу шапшандығы, қауіпсіздік ережесіне сәйкес, төмендегі дәрежеден аспауы керек, м/сек :

- көтергіш жок оқпандарда және желдеткіш каналдарында - 15;
- жукті көтеріп түсіретін оқпандарда - 12;
- кроссингтерде - 10;
- кеншілерді, жүктөрді түсіріп көтеретін оқпандарда, квершлагтарда, штректерде, күрделі бремсбергтерде, еңстерде - 8;
- көмір не жыныс ішінде жүргізілген баска қазбаларда - 6;
- тазартпа кенжарларда (лавада) - 4.

Тау-кен қазбаларының ішіндегі ауа жылдамдығы канатты және чашечный анемометр арқылы тексеріледі. Шақтының депрессиясын өлшеу V-ға үқсас, не болмаса өзі жазатын депрессиометрмен жүргізіледі. V - түсті депрессиометрмен өлшегендеге, оның бір үшіндегі түтігін, желдеткіш каналының статикалық қысымын қабылдаушысына косып, ал екіншісін таза ауаға косады (5.9-сурет).

Депрессия түтігіндегі су деңгейінің айырмашылығы шақтының депрессиясына тең болады.

5.4 Жерасты жұмыстарындағы еңбек қорғау, жұмыс қауіпсіздік ережелері туралы мәлімет

Жер астындағы жұмыста әкімшілікпен, инженер-техникалық қызметкерлер қауіпсіздік ережелерін басшылыққа алғып, ал жұмысшылар болса бекітілген кәсіптік нұсқауларды орындауды керек. Шақтыда жұмыс істейтін барлық еңбекшілер алдын ала дәрігерлік тексерістен өтуі қажет. Осылан қоса, даярлаушы және тазартпа

кенжарда жұмыс істейтін кеншілер, міндепті түрде бір жылда бір рет рентгенографиядан өтулері керек, ал басқа жұмыстағылар екі жылда бір рет өтулері керек.

Шактыға жұмыс істеуге келгендер, не болмаса басқа мамандыктан ауыскандар, оқитын құндері жұмыстарынан босатылып, бекітілген программа бойынша өндірістік санитариямен, техника қауіпсіздігімен таныстырылып, бас инженердің басқаруымен құралған арнайы комиссияның алдында емтихан тапсырулары керек. Алдын ала техника қауіпсіздігінен дайындық өткен жұмысшылар, программада көрсетілген мерзіміне сәйкес, алатын мамандығына қарай оқуға жіберіледі.


Тазартпа және даярлаушы кенжарлардағы кеншілер, бірнеше мамандықты қоса атқаруына байланысты, өзге мамандыктарға да оқытылып дайындалынады. Мамандығы бойынша кеншілер жұмысқа толық дайындалып емтиханнан өткеннен кейін жіберіледі. Машинамен, механизмдерді басқарып жүргізуге, жөндеуге, электр жабдықтарын орнатып жұмыс істеуге, сонымен қатар оқпан жұмыстарын атқаруға, рукоятчиктер болуға арнайы дайындалып, тиісті қуәлік алған кеншілер жіберіледі.

Көмір өндірісіндегі шактылардың әкімшілік, инженер-техникалық қызметкерлері үш жылда бір рет қауіпсіздік ережелерінен емтихан тапсырулары керек. Жұмыс істеп және салынып жаткан шактылардың әкімшілігі кеншілерді үш жылда бір рет, өз мамандықтары бойынша, қауіпсіздік ережесіне сәйкес дайындықтарын тексерулері керек.

Көмірмен газ қауырт жарылатын қаупі бар көмір шактыларындағы тазартпа және даярлаушы кенжарларда жұмыс істеуге, тазартпа, даярлаушы кенжарларда бір жылдан аса жұмыс істеген және оқу комбинатында арнайы "Тосыннан көмір және газ атылатын көмір текталарындағы жұмыс қауіпсіздігі" программасымен дайындалған кеншілер жіберіледі. Бұған қоса, кеншілер алдынып жаткан көмір тектасына тән алдын ала жарылыс белгісімен және сақтанатын шаралары жайында әрбір алты ай сайын қайталай нұскау алып отырады. Бұл нұскауларды алғаннан кейін, кеншілер "Жұмыс қауіпсіздігі туралы" кітапқа, нұскау алғаны туралы қол кояды.

Тау-кен соккысы қаупі бар көмір шактыларына жұмысқа бір жылдан аса жер астында жұмыс істеген, алдын ала тау-кен соккысының басталар алдындағы күбылыстармен танысқан және нұскаулар алған кеншілер жіберіледі. Астындағы не үстіндегі көмір, этаж бойымен алдынып корғанған көмір текталарында жұмыс істеуге, жұмыскерлер жалпы ереже бойынша жіберіледі. Жұмыскерлер бірінші дәрігерлік жәрдем көрсетуге үйретілуі керек және өзімен бірге, су өтпейтін қапшықтың ішінде жара таңатын пакеті болуы керек.

Шакты астына жеке дара құтқаруышы аспабы мен шаңшырағы жок жұмыскерлер жіберілмейді. Клетке, не болмаса адамдар таситын вагонеткаларға кіру және шығу тек рукоятчиктің, кондуктордың, оқпаншының ұлықсатымен ғана болады. Клеттен, адамдар таситын вагонеткалардан шығу, олар толық токтағаннан кейін, бірақ бағытпен ғана аткарылады. Оған коса, теміржол үстімен жүру, вагонеткалар арасымен өту, жүк тиелген вагонеткаларға, электровоздарға мінуге өте қатты тыйым салынады. Кеншілер қатынасуы, теміржолы 0,005 енкі жүргізілген қазбаларда, әдейі кеншілер жүру үшін жабдықталып арналған жолмен аткарылады. Шактыдан шығуға сменаның аяғында ғана ұлықсат беріледі, ал смена кезінде шығуға диспетчердің, не болмаса техника қадағалау адамының ұлықсаты керек. Шактыдан шыққан әр адам жеке құтқарғышы мен шамын шамханаға откізуі керек.



5.10 - сурет. Тік қазбадағы саты бөлімінің жабдықтары

Әр шактыда кеншілер жүріп - тұруға және оларды тасуға арналған, жер бетіне шығатын екі шығу орны болуы керек. Ал әр горизонттада, жоғарғы горизонтқа шығатын, не болмаса жер бетіне шығатын, кеншілер жүріп-тұруға және оларды тасып тұруға арналған ек бөлек шығыс орындары болуы керек. Егерде, екі шығу жағдайына арналған тік оқпандар болса, олар көтергіш кондырғыларымен жабдықталуы (біреуі клет оқпанында болып) және саты бөлімі болуы керек. Оқпан ішіндегі екі көтергіш кондырғылары энергия қуатымен бөлек қамтамасыз етілсе, онда бір оқпанда саты бөлімі болмаудынада болады. Ал егерде екі оқпанда, әрқайсысында екіден көтергіш кондырғылары орнатылған болса және энергия қуатымен бөлек қамтамасыз етілсе, не болмаса әр оқпан негізгі көтергіштен басқа, апат-жөндеуші көтергішімен жабдықталса, онда 500 м дең терең мұндай оқпандарда саты бөлімі болмағада тиіс. Тік қазбаларда сатылар 80° ке тақап қойылып және сөреден 1 м асып тұруы керек. Кеншілер өтетін тесік ұзындығы 0,7 м, ал көлденені 0,6 м дең кем болмауы тиісті (5.10-сурет).

Бірінші сатының төбесі қакпамен жабылуы керек. Егерде жер астындағы қазбалардан шығуға құлама оқпандар пайдаланылса,

олардың біреуі механикаландырылған көтергішпен жабдықталуы керек, ал ол істен шықкан жағдайда, кеншілер жүретін тігінен 1,8 м, көлдененінен 0,7 м дең кем смес жол болуы керек.

Бремсбергпен, еністерге жапсарлас, кеншілер жұру үшін, әдейі арналған жүріс жолдары жүргізілуі керек, кейде жүріс жолдарының жоғарғы және тәменгі биіктіктерінің айырмашылығы 25 м дең асса, онда кеншілер механикаландырылған тасу жабдықтарымен тасылады. Бремсбергтерді, еністерді көрсетілген жүріс жолдарының пайдалануға болмайды. Эр тазартпа кенжардан, ештеңемен толтырылмаған, екі шығу орны болуға тиісті, бірі желдетпе штрегіне, екіншісі жүк тасыма штрегіне шығатын.

Тік кулама көмір текталарында, көмір өз салмагымен түсетін лаваларда, біреуі желдетпе штрегіне (кеншілер жұру, материалдарды және жабдықтарды түсіру үшін) шығатын, екі тасыма және конвейер штрегіне (бұл шығатын орындарды көмір түсіру үшін қолданбауы керек) шығатын, шығыс орындары болуы керек. Тасыма және конвейер штрегінен шығатын шығыстар лаваның алдында орналасуы керек.

Барлық кен қазбалары бекітілген жоба, тіреу паспорты және тәбе жынысын игеру әдістеріне сәйкес уақытында тірелуі керек. Жұмыс басталар алдында участок бастығы жұмысшыларды, инженер-техникалық қызметкерлерін жобамен, тіреп-бекіту паспортымен, тәбе жынысын игеру әдістерімен қол койдырып таныстырады. Бекітілмеген, не болмаса бүрмаланған жобамен, не бүрмаланған паспортпен тау-кен жұмысын жүргізуге катты тыым салынады.

Механикаландырылған комплекстермен жабдықталған тазартпа кенжарларда жұмыс істеу үшін, тек техника қауіпсіздігінен арнағы дайындық өткен жұмысшылар ғана алынады. Комплексті құрастырып-жыйып және оны пайдалану жұмысына, емтихан тапсырып куәлікке ие болған адамдар алынады.

5.5 Электр жабдықтарын пайдалану ережелері

Жұмысшылардың электр тоғынан зақымға ұшырауының екі түрі болады: - ток зақымымен, ток соккысы. Ток зақымына жұмысшылардың денелерінің жарқаттанғаны және күйгені жатады. Күю, электр тізбегі айқас тұтыктанғанда және электр тізбегі үзілгенде, пайда болатын электр доғасының (температурасы 4000° қа дейін жеткенде) әсерінен болады. Ток белгісі дегеніміз, электр тоғының жылышы қызылышы және химиялық әсерінен 120 °С ыстықтықта жұмысшылар терісінде калатын күйік. Терінің металдануы, электр доғасының әсерімен теріге кіріп кеткен метал үнтактары. Адамдарға ен қауіпті болып саналатын өзгермелі токтың кернеуі 500 В дейін, ал тұрақты токтың кернеуі 500 В жоғары болғанда. Өзгермелі токтың қауіптілігі, токтың жиілігі 50 дең 500 Гц дейін жеткенде болады, ал

өте жоғары ток жиілігі аса қауіпті болмайды. Өндірістік ток жиілігі 50-60 Гц болғанда, адамға қауіпсіз токтың күші 0,01 А болады. Тұракты токтың қауіпсіз мөлшері бұдан 5 есе артық.

Адам денесіне өзгермелі токтың 0,015 А өтсе, ауыратын сезім білінеді, ал ток мөлшері 0,015 - 0,05 дейін жетсе, бұлшық еттерінен жан кетіп қалады (0,025 А болғанда, біреудің көмегінсіз ток сымынан колын ала алмайды). 0,08- 0,1 А арасындағы токтың күші өте қауіпті, кісі өліміне дейін болуы мүмкін. Адам денесінің ток күшіне қарсылығы, құрғак және тығыз теріде 10000 Ом, ал іш құрылышының қарсылығы 800 - 1000 Ом нан аспайды. Шамалап есептегендеге, ылғалды ортада адам денесінің қарсылығын 1000 Ом деп алуға болады. Қауіпсіз деп өзгермелі токтың кернеуін 10 В дейін, тұракты токтың кернеуін 50 В да дейін болғанда айтады. Токтың әрекеті адамға үзілмей жалғаса берсе, қаупі солай күшіне береді.

Электр тоғының ен қауіптісі, адамның мыйынан, тыныс жүйесінен, етінен, жүргінен өткені. Электр тоғынан закымданатын қауіпті орындарға электр машиналары, кондырығылар орнатылған камералар мен қазбалар жатады. Электр тоғымен закымдану және оның қауіп туғызатын мүмкіншілігі адамның ток желісімен жанасу жағдайына байланысты. Егерде жұмысшы үш фазды желінің екі сымына жанасса (мұндай жанасу сирек кездеседі), өлім қауіп ток кернеуі 100 В тан асқанда туады. Ал егерде жұмысшы бір сымға жанасса (өте көп кездеседі), онда адам денесінен өтетін токтың мөлшері бейтарап желісінің жұмысына байланысты болады. Мұндай желінің бір сымы жерге тисе, одан үшқын шығып, шактыда газ бен шаңын атылуына әкел соғуына мүмкін. Сондыктан шактыларда, қауіпсіздік ережесіне сәйкес, бейтарап сымы (нейтральный провод) жермен жалғастырылған электр желісін қолдану керек. Мұндай электр желісінің сымына жанасқан адам, басқа желілердің сымдарының қабықтарының кедергісінен косылған болып саналады. Мұндай жағдайда адам денесінен өтетін токтың күші сымдардың сыртқы қабықтарының кедергісіне (кедергі көп болса, өтетін токтың күші аз) байланысты болады. Шактыларда электр тоғынан адамды корғау екі топқа бөлінеді:

- электр жабдықтары ток өткізуші бөлшектеріне жанастырмай әдісі;
- ток өткізбейтін жабдықтардың бөлшектеріне қауіпті кернеудің ауыспауын сақтау;

Бірінші тобына, байқаусызыда жанасып кетпес үшін жасалған, сактану торлары мен коршаулар (ток өткізетін бөлшектерге жанаспас үшін) жатады.

Екінші тобына, электр желісінің кернеуінің мөлшеріне шек қою, жерге косу сактандығы және сактану үшін токтан алу әдісін қолдану.


Электр машиналарымен, аппараттарды қосу үшін керек кернеудің күші: - алыстан басқару жүйесінде 30 - 60 В аспауы керек;

өздігімен жүретін машиналармен, жабдықтарда (көшіріліп тұратын подстанциялардан басқа) 1140 В тан аспауы керек; электр ток күшін тұракты қабылдаушыларда 6000 В тан аспауы керек, кейбір жағдайда тау-кен бақылау басқармашылтықтарының ұлықсаты бойынша 10000 В қа дейін беруге болады.

Адамдарды электр тоғынан сактап қалу үшін, электр жүйелері міндепті тұрде жерлестірілуі керек, ал 1000 В қа дейінгі ток желісінде, закымдалған жерін аз уақыттың ішінде (0,2 с көп емес) ағытып тастайтын автоматтандырылған реле ағыны болуы керек.

Жерлестіру деп, электр кондырыларының кездесік ток кернеуіне душар болып қалу мүмкіншілігі бар металды бөлшектерін, электр жүйелері арқылы жермен косуды айтады. Жерлестірудін міндепті, токтың жерге кетуіне қосымша жол салып, адамның ток жүретін жабдықтарға жанаңқанда, онын денесінен өтетін токтың әсерін қауіпті мөлшерінен азайту болып саналады. Шақты ішіндегі жерлестіру кондырылары негізгі және жергілікті жерлестіру жүйесінен тұрады және оларға жерлестіру жүйесін жерге косатын жерлестіруші сымдар жатады. Негізгі жерлестірушілер зумпфта және су жыйнағыштарда орналастырылады. Олар, көлемі $0,75 \text{ m}^2$ ден кем емес, қалындығы 5 мм ден кем емес және ұзындығы 2,5 м кем емес құрыш табағынан жасалады. Ал жергілікті жерлестірушілер су ағатын жыраларда орналасады. Оларда, көлемі $0,6 \text{ m}^2$ ден кем емес, қалындығы 3 мм ден кем емес және ұзындығы 2,5 м ден кем емес құрыш тілімінен жасалады. Кебу казбаларда, диаметрі 30 мм ден кем емес және ұзындығы 1,5 м ден кем емес шпурдың ішіне енгізілген (құбыр қабырғасында, өзінің өн бойымен жасалған, диаметрі 5 мм ден кем емес 20 дан астам тесік болуы керек) құбырлы жерлестірушілер жасалынады.

Жалпы жерлестіру жүйесі, барлық кабельдердің сыртын (корғасынмен коршалған және брондалған) бірімен бірін үзліссіз электр жүйесі арқылы қосып, оларға негізгі және жергілікті жерлестірушілерді жалғау арқылы орындалады. Жерлестіруші сымдар және тұргылықты машиналардың, кондырылардың жалпы жерлестіруші торға косатын сымдары, құрыштан қыны 50 mm^2 ден асатын, не болмаса 25 mm^2 ден кем емес мысттан болуы керек. Жерлестіруші сымдардың кедергісі 1 Ом нан, ал жалпы жерлестіруші тордың кедергісі 2 Ом нан аспауы керек. Себебі, жерлестіруші сымдардың кедергісі канша кем болса, сонша адам денесінен өтетін ток күші сонша аз болады. Жылжымалы машиналарды, кондырыларды және оған қоса шамдарды жерлестіруі, әдейі арналған иілмелі кабельдің желісімен жасалады.



5.11 - сурет. Жеңілдетілген автоматты бакылаушы УАКИ схемасы: Тр - трансформатор; Р - реле; ОК - фидер автоматын тоқтататын үршық; R - сыйымдылықты толтырушы; Д - диод; I_b - косалкы ток; $I_{\text{каш}}$ - қашқын ток; I және II - реле орамы

Мұндай желінің бір басы жылжымалы машинаның қорабына, ал екінші басы ток жібергіштің қорабының жерлеткіш қыспасына қосылады, ал ол өз алдына жалпы жерлеткіш торына және жергілікті жерлеткішке қосылған. Автоматтандырылған, оқшаулауды бакылау кондырығысы УАКИ (380 және 660 В ток кернеуіне арналған) адамдарды электр тоғынан қорғау үшін және жалпы оқшаулау кедергісі қауіпті жағдайға дейін азайғанда, оқшауланған бейтарапты үш фазды жүйені тоқтату үшін колданылады. УАКИ дің кондырығысының жалпы женилдетілген схемасы 5.11-суретінде көрсетілген.

Тұрақты тоқтың кос орамды релесі Р әдейі орам арқылы өтетін магнит ағыны қармақары болатын қылыш жасалынған. Оқшаулаушы тор түзу болғанда, қашқын ток $I_{\text{каш}}$ болмайды, реленің екі орамыда қосымша тоқтың $I_{\text{кос}}$ ағынында болады, бұлардың қосындысы 0-ге тең болады.

Оқшаулаудың кедергісі азайғанда, қашқын ток $I_{\text{каш}}$ және оралымдағы II реледегі ток күшейіп, ал диод Д арқылы өтетін қосымша тоқтың күші азаяды. Бұл жағдай диод Д - ның жабылуына әкеп соғады. Егерде осы кезде адам сымға жанаасып кетсе, қашқын ток қауіпті жағдайға дейін күшейіп, магнит ағынының айырмашылығы релені іске қосып, ол фидерлі автоматтағы ОК үршығын тоқтататын тізбектегі өз жалғасуын қосады. Ақырғысы 0,1 с уақыт ішінде, бұзылған оқшаулаулы ток жүйесін алғып тастайды. Көлемді қашқын тоқтың азайғанын толтыру үшін схемада үш конденсатордан (R) тұратын толыктырушы колданылған. Бұл, ток жүйесінің сымына жанаасқан адамның денесінен өтетін тоқтың көлемін азайтады.

Қауіпсіздік ережелері бойынша, жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, электр сымдарына электр машиналарына және аппараттарға

тағыда олардың жұмысын қадағалайтын адамдарға арнаулы тілектер қойылған. Көмір шактыларында, электр жабдықтары шактыға сәйкес (жарылыстан қауіпсіз, өте берікті және ұшқын шығармайтын) түрінде жасалынады.

Электр жабдықтары, ток кернеуі ағытылмай ашылмайтын блокировкалы кондырылары болуы керек. Барлық көмір алатын участекелердегі электр машиналары, магнитті жүргізгіштің көмегімен, алыстан басқарылатын болуы керек. Бұл жағдайда, күш беретін ток тізбегі кенжарда үзілмей, газбен, тозацы аз таза ауа шығатын қазбаларда орналасатын арнайы аппарат ішінде үзіледі.

5.6 Апат кезіндегі жүріс-тұрыс шарты

Әр-бір шактыда, апат кезінде құтқару жұмысының жоспары жасалынып бекітілуі керек. Апаттың құтқару жоспарының көлемі және оны іске асыру жұмыстары, қауіпсіздік ережесінде және оған қосылған нұсқауларда көрсетілген. Апаттан құтқару жоспарымен таныспаған және өзінің жұмысына қатынасты жерін, жұмыска бару жолын білмейтін адамдар шакты астына жұмысқа жіберілмейді. Апаттан құтқару жоспарымен танысқан жұмыскерлер әдейі арналған кітапта тіркелуі керек.

Тұйық қазбаларға және жұмыс орнынан қашық қазбаларға, онан қоса басқа жер астындағы қазбаларға, жұмыссыз күндері және жұмыссыз сменаларда, алдын ала бакылау қызмет орнынан жіберілген адамдармен тексерілген нен кейін ғана, жөндеулі газ өлшегіштері бар, екі адамнан кем емес тәжірибелі жұмыскерлер баруынга ұлықсат беріледі.

Барлық жер астындағы жұмыскерлер, жаңадан қабылданғандар, басқа участекелерден аудықсандар негізгі және қосымша шығатын жолдармен танысып, бакылаушы қызметтегі жұмыскерлерімен бірге жұмыс орнынан жер бетіне дейін шығып көрүі керек. Қосымша шығатын жолдармен қайтадан таныстыру, байдан кейін, бакылау қызметкерлерімен жүргізіледі, ал қосымша шығатын жолдар өзгергенде, жұмыскерлер бір тәуліктің ішінде қайтадан таныстырылады. Әр таныстыру жұмысы арнайы журналда тіркеледі. Апаттан құтқару жоспарымен таныспаған адамдар және жұмыс істейтін жеріне қатынасатын, оған қоса негізгі және қосымша шактыдан шығатын жолдарды білмейтіндер, шактыда жұмыс істеуге жіберілмейді.

Шактыда жұмыс істейтіндер, смена бойынша өзінің жұмыс істейтін жерінің қауіпсіздігін бақылауы керек. Қауіп жағдайы байқалғанда (тіреуге қысым көбейгенде, су келісі молайғанда, метан шығуы көбейіп, желдету нашарлағанда, өрт қауіпі байқалғанда) жұмыскерлер жұмыстарын тез тоқтатып, жолдастарын ескертіп,

кауіпсіз жерлерге (таза ауасы бар жакқа, не болмаса шақты окпанына карай) кетулері керек.

Апат болған жағдайда, барлық шақтыдағы жұмыскерлер тез арада апатты жою жұмысына барлық мүмкішліктерін салулары керек, жолдастарын төнген қауіптен ескеरтулері керек және бақылаушы қызметкерлердің тілектерін бұлжытпай орындаулары керек.

Тосыннан газ, көмір және жыныстардың атылуы байқалғанда (газ шығу мөлшері көбейгенде, кенжардан көмір және жыныс кесектерінің атылуы, сілем ішінде шыртылдау, дұмпу байқалғанда), жұмыс істеп жатқандар, қауіп туралы жолдастарын ескертіп, өздері кенжардан қауіпсіз жерлерге кетулері керек. Жұмыскерлер, қауіп туған жағдайда (метан шоғырланғанда, желдету бұзылғанда, қауіпсіздік ережелері сакталмағанда), бақылаушы қызметкерлердің жұмысты тоқтату және жұмыс жерлерінен кету тілектерін сезсіз орындаулары керек. Жұмыс орнында өрт болған жағдайда, не болмаса жұмыскерлер жүрген жерде өрт болғанда, олар барлық колдарында бар заттармен (инертті өрт сөндіргіш шаңмен, құммен, өрт сөндіргіштермен т.б) өрт сөндіру қамын жасаулары керек.

Жұмыс орнында, не болмаса қазбаларда апатка (өртке, жарылысқа және тосыннан газ, көмір, жыныс атылуына) ұшыраған жұмыскерлер, тез арада құтқарғыштарын киіп апат орнынан, апат жоспарында белгіленген бағытпен, не болмаса жұмыскерлерді құтқару жұмысына жауапты қызметкерлердің көрсетуімен жер бетіне шығулары керек. Жұмыс жүргізуге жағдайы келмейтін қауіпті қазбаларда, тек сондағы қауіпті жоғалту жұмысынан басқа, жұмыскерлердің болуына, не болмаса жұмыс істеуіне ұлықсат берілмейді. Әр жаракат алған жұмыскер, не болмаса оның жолдасы тез арада смена бақылаушысына, шактының медпунктіне хабарлауы керек. Жұмысты бірге істейтін жолдастары жарапланғанда, бірінші көмек беріп және оны шактының медпунктісіне жеткізуге көмектесулері керек. Ауыр жарапланған жұмыскердің жеткізілуін дәрігер қызметкері шешуі керек. Ал электр тоғымен жарапланған адамға, қауіпсіздік ережесін сақтай біле, электр тоғы жүйесінен босатуға көмек жасалуы керек. Тосыннан дем алуы нашарлап, не болмаса өзгергенде, жарапланған адамға тез арада дем беру жағдайын бастау керек және оны дәрігер қызметкерлері келмей тоқтатпаулары керек.


5.7 Жұмыскерлерді қорғауға арналған құтқару аспаптары

Барлық шактыларда жұмыс істейтін адамдар, қауіптен сактайтын арнаулы киімдер, аяқкиім және керекті қорғаныш тетіктерімен қамтамасыз етіледі. Жер астындағы жұмыскерлер, жұмыс уақытында қорғаушы каска арнаулы кім, аяқкиім киіп жүрулері керек және

жарылыстан корғанған шамы болуы керек. Шактыға түсердін алдында, әрбір жұмыскерлерге түзу, езіне бекітілген жеке құтқарғыш берілу керек. Шактыда және жұмыс орнында құтқарғышсыз болуға болмайды. Шактыға түсетін жұмыскерлердін, не болмаса жер астындағы жұмысқа аудандардың құтқарғышты қолдана білуін, тұтінді жерде тексеруден өткізу керек. Кейінде, мұндай тексеруді жылына бір рет, жұмыскерлерге құтқарғыштарды кигізіп қосалқы шығыстан шығарып жүргізу керек.

Шактыда екі түсті құтқарғыштар қолданылады: - тазартпа (сүзгіш) және жекелеуши құтқарғыштар. Сүзгіш құтқарғышқа жататыны СПП - 2 (5.12, а-сурет).

Бұл құтқарғыш адамның тыныс орнын көміртегі тотығынан, шан мен тутіннен корғайды. Атмосферада оттегі 17 % ден кем болмаса және көмір тегі 1% тен аспаса, СПП - 2 құтқарғышының күші 60 минутқа дейін жетеді.




5.12 - сурет. СПП-2
тазалаушы құтқаруышы
аспабының жалпы
көрінісі

Жекелегіш құтқарғыш ретінде ШС - 7 құтқарғышы қолданылады, бұл құтқарғыш уланған, не болмаса оттегі аз ортада, ондағы газдардың болуына карамай, 20 - 40°C температурада адамның тынысын корғай алады. Құтқарғыш ШС - 7 дегі, химия жолымен сінірген оттегінің қоры, апатқа ұшыраған участкеден шығу кезінде, жұмыскерлерді 45 мин-ка дейін корғай алады. Құтқаруышы ШС - 7 схемасы 5.13-суретте көрсетілген.

ШС - 7 нің жұмыс істеуі, шығарылған дем, емізгіш арқылы, шланг бойымен тазартпа патронға жетіп көміртегімен тазартылып, оттегімен байытылып, патронның ішкі және сыртқы қорабтарының арасындағы санлаумен дем алатын қапшыққа барады (ауаның артығы арнаулы клапан арқылы шығарылады). Дем алғанда, ауа патрон мен шланг арқылы адамның өкпесіне жетеді. Құтқаруыштарды жұмыс істету үшін құлыш алынып, қорабтың какпағы ашылып, ауызға тұтік салынып, мұрын қысқышпен қысылып содан кейін барып дем ала беруге болады.

Әскери тәртіпті құтқаруыш бригадалардың тыныс мүшелерін корғау үшін жекеленген респираторлар Р - 12 және РВЛ - 1 қолданылады. Бұл респираторлардың баллондарында 400 және 200 л ден оттегі қоры болып 2 сағаттан 4,5 сағатқа дейін корғай алады. Газ, көмір және жынтардың қауырт жарылу қаупі бар көмір тақталарында жекелеуши құтқаруыш құралдар қолданылуы керек. Жұмыс үстінде жұмыскерлердің тыныс мүшелерін шаңнан корғау үшін (егерде шан басу мен өзге техникалық әректтер шаң тозанын санитарлық межеге жеткізіп баса алмаса) шаң сүзгіш респираторлардың екі түрі

қолданылады: - қысқа мерзімді, клапансыз респиратор "Лепесток"; сұзгіштерін талай рет ауыстырып колданылатын респиратор У - 2К.



5.13 - сурет. Шактылық ШС - 7 жеке дара күткаруыш аспабының жалпы көрінісі: 1 - тазалау патрон; 2 - іске косу кондырғысы; 3 - тыныс қапшығы; 4 - қысым артылғанда ашылатын клапан; 5 - кенірдекті шланг; 6 - түтік; 7 - мұрын қыскышы; 8 - футляр; 9 - футляр қақпағы; 10 - қақпакты бекітіп тұратын темір таспа.

Тізе мен шынтақ буындарының қапшықтарының ісіп қызырып кететін бурситпен ауырмая үшін алып-салмалы, қалыңдығы 8 - 12 мм резинадан жасалған тізе, шынтақ қапшықтары пайдаланылады. Жұмыскерлердің колдарын закымнан корғау үшін арнайы колғап беріледі.

Электр кондырғыларын басқаратын адамдарды, электр тоғынан корғау үшін, арнайы жасалған диэлектрикалық етік, галош, клемшік (боты), қолғап пен қамтамасыз етіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Аманбаев Д.А., Смағұлов З.М., Обухов Ю.Д. Өндірісте енбек корғау негіздері. – Қарағанды, 1995.
2. Аманбаев Д.А., Смағұлов З.М. Қоршаған ортаны корғау. – Қарағанды, 1997.
3. Әбдіраманов Ш., Жәркенов М., Нұрпейісова М., Тоқтамысов М. Тау-кен атауларының орысша-қазақша және қазақша-орысша терминологиялық сөздігі (Русско-казахский и казахско-русский терминологический словарь по горному делу). – Алматы: Республикалық баспа комитеті, 1993. – 306 б.
4. Әбдіраманов Ш. Жер астында руда қазу процестерін есептеу. // «Ана тілі» газеті. 1998.
5. Әбдіраманов Ш. Тау-кен саласындағы атаулар. // «Ана тілі» газеті. 1996.
6. Бурчаков А.С., Гринько Н.К., Ковальчук А.Б. Технология подземной разработки пластовых месторождений полезных ископаемых. – М.: Недра, 1978.
7. Бурчаков А.С., Гринько Н.К., Черняк И.Л. Процессы подземных горных работ. – М.: Недра, 1974.
8. Ермеков Т.Е. Кен машиналары мен жабдықтары және өндіріс роботтары. – Қарағанды: ҚарМТУ, 2001. – 310 б.
9. Жигалов М.Л., Ярунин С.А. Технология, механизация и организация подземных горных работ. – М.: Недра, 1990.
10. Исабек Т.К. Жерасты тау-кен жұмыстар процестері. – Қарағанды: ҚарМТУ, 1999.
11. Кильячков А.П. Технология горного производства. – М.: Недра, 1978.
12. Кильячков А.П., Брайцев А.В. Горное дело. – М.: Недра, 1990.
13. Карагандинский угольный бассейн: Справочник / Н.А. Дрижд, С.К. Баймухаметов, В.А. Тоблер и др. - М.: Недра, 1990. – 299 с.
14. Смайылов Қ. Қазақстанның қазба байлықтары: қайда, қандай, қанша? // «Егеменді Қазақстан» газеті. 30.05.2001.
15. Машины и оборудование для угольных шахт: Справочник / Под ред. В.Н. Хорина. - М.: Недра, 1987. – 424 с.
16. Некрасовский Я.Д., Колоколов О.В. Основы технологии горного производства. – М.: Недра, 1981.
17. Панюков П.Н., Перфильева З.Г. Основы геологии. – М.: Недра, 1968.
18. Правила безопасности в угольных и сланцевых шахтах. – М.: Недра, 1964.
19. Правила технической эксплуатации угольных и сланцевых шахт. – М.: Недра, 1976.

20. Сагинов А.С. Проблемы разработки угольных пластов Карагандинского бассейна. Алма-Ата: Наука, 1976. – 330 с.
21. Смағұлов З.М., Арыстантегі И.Д. Тау-кен саласындағы орысша-казакша терминологиялық сөздік. – Қарағанды: ҚарПТИ, 1996. – 97 б.

МАЗМҰНЫ

KІРІСПЕ.....	3
1 ПАЙДАЛЫ КЕН ОРЫНДАРЫ МЕН ОНЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН БӨЛІКТЕРІН АШУ ЖӘНЕ ДАЯРЛАУ.....	5
1.1 Табиғи көмір құрылымы және оның қасиеттері.....	5
1.2 Тау кен жұмыстары туралы ұғым.....	6
1.3 Кен қазбаларының маңызы мен топтасуы.....	9
1.4 Кен орнын ашу және ашу жүйелерінің топтасуы.....	11
1.5 Шакты алабын ашу әдістерін анықтап шешетін факторлар.....	13
1.6 Ашу жүйесін таңдау мен негізгі қазбалар орнын белгілеуге байланысты қойылатын экономикалық талаптар.....	13
1.7 Пайдалы қазбаларды қазып-алу алдында шакты алабын бөлу.....	14
1.8 Жерасты шакты алабының бөлімдерін даярладу алу тәртібі.....	18
1.9 Ашу жүйелері.....	20
1.9.1 Жекелеген көмір тақтасын ашу.....	20
1.9.2 Топты комір тақталарын ашу.....	22
1.9.3 Құранды ашу жүйлері.....	26
1.9.4 Штольнялар арқылы ашу жүйелері.....	26
1.9.5 Руда кеніштерін ашып даярлау ерекшеліктері.....	27
1.9.6 Оқпан албары.....	30
2 ТАУ-КЕН ҚАЗБАЛАРЫН ӨТКІЗУ.....	32
2.1 Жеке дара казбаның айналасындағы тұтас жыныстардың кернеулі-деформациялық қүйі жөнінде деректер.....	32
2.2 Қазбаларды бекіту.....	33
2.3 Тіреу материалдары.....	33
2.4 Тау-кен қазбаларындағы тіреулердің формасы, олардың конструкциялық айырмашылықтары.....	35
2.5 Тау-кен қазбаларын өткізудегі технологиялық процестер..	42
2.5.1 Жыныстарды бүрғылап-жару жұмыстары.....	42
2.5.2 Кенжар ауасын алмастыру.....	48
2.5.3 Жыныстарды тиеу.....	49
2.5.4 Қазба өткізердегі косалқы жұмыстар.....	51
2.6 Үңғылау жұмыстарының ерекшеліктері.....	52
2.7 Тік қазбаларды өткізу технологиясы.....	52
2.8 Жазық қазбаларды өткізу технологиясы.....	57
2.9 Көлбейу қазбаларды өткізу ерекшеліктері.....	64
3. ТАЗАРТПА ЖҰМЫСТАРЫ.....	69
3.1 Тазартпа жұмыстарындағы технологиялық процестер.....	69
3.2 Әртүрлі геологиялық жағдайда көмір казу машиналарының жұмыс істеу схемалары.....	70
3.3 Тазартпа қазбалардағы қысымдар туралы түсініктер.....	73

3.4 Тазартпа қазбалардың жұмыс кеңістігін бекемдеу схемалары.....	74
3.5 Тазартпа жұмысын жүргізу кезіндегі тау-кен қысымын игеру.....	77
3.6 Тазартпа қазбалардағы технологиялық процестерді ұштастыру жолдары.....	85
3.7 Кен казу жүйесіне түсінік және оларды тандағанда әсер ететін себептер.....	86
3.8 Кен казу жүйелерінің жалпы сипаттамалары.....	89
3.8.1 Қемір кеніші.....	89
3.8.2 Руда кеніштері.....	96
4 КЕН ӨНДІРІСІНДЕГІ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ТІЗБЕК ТУРАСЫНДА МӘЛІМЕТ.....	104
4.1 Кен өндіріс транспорты.....	104
4.2 Кен көтермесі мен су ағызы жолдары.....	109
4.2.1. Кен көтермесі.....	109
4.2.2. Рудник суағары.....	111
4.3 Шактының жерүстіндегі технологиялық комплексі.....	112
4.4 Пайдалы кенді байыту.....	114
4.4.1. Кен байыту әдістері мен негіздері.....	114
4.4.2. Байытудағы дайындауыш процестер.....	115
4.4.3. Кен байыту процестері.....	118
4.4.4. Кен байытуда қосалқы процестер.....	119
4.4.5. Кен байыту машиналарының қауіпсіз жұмыс істеуіне қойылатын талаптар.....	120
5. ШАҚТЫЛАРДЫ ЖЕЛДЕТУ, ЕҢБЕК ҚОРҒАУ, ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ.....	122
5.1. Тау-кен ауасының сипаттамасы.....	122
5.2. Желдетудің негізгі нышандары, желдету схемалары.....	125
5.3. Желдеткіштер және шактыдағы желдетпе қондырығылары туралы деректер.....	128
5.4. Жерасты жұмыстарындағы еңбек корғау, жұмыс қауіпсіздік ережелері туралы мәлімет.....	131
5.5. Электр жабдықтарын пайдалану ережелері.....	134
5.6. Апат кезіндегі жүріс-тұрыс шарты.....	138
5.7. Жұмыскерлерді қорғауға арналған құтқару аспаптары....	139
ӘДЕБІЕТТЕР ТІЗІМІ.....	142

Зекен Майшекеұлы Смағұлов,
Ибатолла Даңырұлы Арыстан, Тұяқ Көпейұлы Исадек

Тау-кен технологиясының негіздері

Редакторы Үйсін Қ.Ә.

Басуға 101265 кол қойылды.
Пішімі 60x90/16. Есептік баспа табагы 10,0.
Таралымы ЕСС дана. Тапсырыс 2844 Бағасы келісімді.
КарМТУ баспа-кобейту шеберханасы. Караганды, Бейбітшілік бульвары, 56